Талдаудың бірінші кезеңі еліміздің барлық өңірлері үшін көрсеткіштердің әрқайсысы бойынша статистикалық деректерді жинауды көздеді. Әрі қарай, деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін, барлығын бір өлшем бірлікке келтіру үшін әр көрсеткіш бойынша салыстырмалы коэффициент есептелді. Бұл коэффициент Қызылорда облысы бойынша көрсеткіш мәнінің барлық өңірлер арасында осы көрсеткіштің ең жоғары мәніне қатынасы ретінде айқындалды:

$$k_i = \frac{x_К}{x_{макс}}$$

ki = көрсеткіш бойынша салыстырмалы коэффициент
Хқ = Қызылорда облысы бойынша көрсеткіштің мәні
Хмакс = өңірлер арасында осы көрсеткіштің ең жоғары мәні.

Егер Қызылорда облысындағы көрсеткіштің мәні барлық өңірлер арасында ең жоғары болса, коэффициент 1-ге тең деп қабылданды. Бұл тәсіл деректерді стандарттауға және әр бағыт бойынша аймақтың салыстырмалы жағдайын ескеруге мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде потенциалдың жеті құрылымдық элементінің әрқайсысы үшін жиынтық коэффициент есептелді. Ол үшін берілген потенциалдың құрамына кіретін барлық салыстырмалы коэффициенттердің орташа арифметикалық мәні есептелді. Бұл өңірдің экономикалық әлеуетінің әрбір элементінің даму дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Осылайша, Қызылорда облысы үшін экономикалық әлеуеттің әрбір құрылымдық элементінің даму деңгейін сипаттайтын жеті жиынтық коэффициент анықталды.

Үшінші кезеңде өңірдің экономикалық әлеуетін интегралды бағалау есептелді. Жалпыланған мәнді алу үшін барлық элементтердің жалпы потенциал құрылымына қосқан үлесін есепке алуға мүмкіндік беретін геометриялық орташа әдіс қолданылды:

$$Kp = \sqrt[7]{K1 * K2 * K3 * K4 * K5 * K6 * K7}$$

Мұндағы:
К1 = табиғи әлеуетінің; К2 = еңбек әлеуетінің; К3 = өнеркәсіп әлеуетінің; К4 = қаржылық әлеуетінің; К5 = инвестициялық әлеуетінің; К6 = инновациялық әлеуетінің: К7 = инфрақұрылымдық әлеуетінің жалпы коэффициенттері.

Геометриялық орташа мәнді пайдалану оның барлық компоненттерін ескере отырып, аймақтың экономикалық әлеуетінің нақты деңгейін көрсететін теңдестірілген бағалауды қамтамасыз етеді [1].

Жүргізілген есептеу өңірдің Ұлттық экономика құрылымындағы ұстанымын жан-жақты талдауға, оның бәсекелестік артықшылықтары мен проблемалық жақтарын анықтауға, сондай-

ақ қолда бар ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, таңдалған әдістеме негізінде Қызылорда облысының экономикалық әлеуетін жеті негізгі құрылымдық элемент бойынша бағалау жүргізілді: табиғи, еңбек, өнеркәсіп, қаржылық, инвестициялық, инновациялық және инфрақұрылымдық әлеуеті. Әрбір элемент үшін коэффициент аймақ көрсеткішінің мәнін Қазақстанның барлық өңірлері арасындағы ең жоғары мәнге бөлу арқылы есептелді. Егер аймақ көрсеткіші ең жоғары болса, коэффициент 1-ге тең деп қабылданды. Бұдан әрі әрбір потенциал үшін Қызылорда облысында тиісті компоненттің даму деңгейін көрсететін орташа арифметикалық шама есептелді (Кесте-2).

Кесте-2. Қызылорда облысының экономикалық әлеуетінің түрлері бойынша коэффициенттері

Құрылымдық элемент	***Орташа коэффициент***
Табиғи әлеуеті	0,62
Еңбек әлеуеті	0,66
Өндірістік әлеуеті	0,27
Қаржылық әлеуеті	0,18
Инвестициялық әлеуеті	0,47
Инновациялық әлеуеті	0,03
Инфрақұрылымдық әлеуеті	0,40
Ескерту – Автор [2], [3] деректер негізінде бойынша құрастырды	

Есептеу нәтижелері бойынша Қызылорда облысының экономикалық әлеуетінің интегралдық көрсеткіші *Ір = 0,28* құрады. Әдістемеге сәйкес интегралдық көрсеткіштің мәні 0,3-тен төмен экономикалық даму мен аймақтың ішкі әлеуетін іске асырудың төмен деңгейі ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері аймақтың мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Қызылорда облысының мықты жақтары:

1. Табиғи әлеуеті. Қызылорда облысы жан басына шаққандағы орман жерлері мен жер үсті суларының ауданы жағынан барлық өңірлер бойынша ең жоғары көрсеткішке ие болды, сәйкесінше осы көрсеткіштердің коэффициенттері 1-ге тең. Облыста 7 млн га орман қоры мен 2 млн га су жерлері бар [4]. Аймақтың негізгі бағыттарының бірі ауыл шаруашылығы болса да, басқа облыстармен салыстырғанда бұл жерлер аз, яғни коэффициент 0,16-ға тең болды. Ал жер көлемі бойынша орташа деңгейде, яғни коэффициент 0,31 болды. Жалпы орташа коэффициент барлық аймақтармен салыстырғанда жоғары болып саналады. Яғни, Қызылорда облысының табиғи әлеуетін күшті жақтардың қатарына жатқызуға болады, өйткені ол экономикалық даму мен инвестицияларды тарту үшін негіз жасайды.

2.Еңбек әлеуеті. Қызылорда облысында қажетті еңбек ресурстары бар. 0,66-ға тең еңбек әлеуеті орташа деңгейде, себебі басқа аймақтарда бұл коэффициент 0,70-тен асады. Яғни, Қызылорда облысының халық саны көп емес, сәйкесінше экономикалық белсенді халық та аз, бұл 0,32-ге тең болды. Жұмыспен қамту деңгейі барлық аймақтарда бірдей деңгейде. Сондай-ақ, мұнда 1 адамның орташа айлық жалақысы 2023 жылы 313,493 теңгені құрады [5]. Бұл Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда орташа көрсеткіш. Сонымен қатар, еңбек өнімділігі басқа облыстарға қарағанда әр жыл сайын қарқынды өсуде.

3. Инвестициялық әлеуеті. Қызылорда облысы, ең алдымен, шикізат секторына инвестициялар тарту есебінен салыстырмалы түрде жақсы инвестициялық әлеуетті көрсетеді. Шетелдік инвестициялар өндіруші өнеркәсіпке бағытталады, бұл экономикаға оң әсер етеді. Қызылорда

облысындағы негізгі капиталға инвестициялардың жоғары деңгейі өңірдің өндірістік-инфрақұрылымдық базасының дамуын айқындайды. Мысалы, ЖӨӨ көлеміндегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі көрсеткіші 0,79-ға тең болды. Бұл көрсеткіштің жоғары мәні Қызылорда облысының инвестициялық тартымдылығының өсуін және өңірдің перспективалы дамуын білдіреді. Бірақ, ЖӨӨ-ге инвестициялардың жоғары үлесі аймақтың ЖӨӨ-нің өзі аз екендігіне де байланысты. Сонымен қатар, негізгі капиталға салынған инвестициялар әр жыл сайын қарқынды өсіп келеді, 2023 жылы бұл 120,6%-ды құрады. Бірақ, мұнда шетелдік инвестициялардың көлемі 0,05, яғни төмен көрсеткішке ие болды. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялар бойынша коэффициент те төмен көрсеткішті көрсетіп отыр (0,14). Жалпы, облыстың инвестициялық әлеуеті орташа деңгейде, оны ары қарай өсіру үшін экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту, инфрақұрылымды жақсарту, сондай-ақ білікті мамандарды тарту жөніндегі шараларды іске асыру қажет.

Қызылорда облысының әлсіз жақтары:

1. Өндірістік әлеуеті. Өңірдің өндірістік әлеуеті әлсіз күйінде қалып отыр. Бұл жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ), сыртқы сауда айналымының төмен көлемінде және негізгі қорлардың жеткіліксіз жаңаруында көрінеді. Қызылорда облысының 2023 жылы ЖӨӨ көлемі 2,589,901,8 млн теңгені құрады, бұл Қазақстан бойынша ЖӨӨ көлемі ең төмен облыстардың қатарында жатыр [5]. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің коэффициенті 0,17-ні құрады, яғни жоғарыда айтылған ЖӨӨ көлеміндегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі көрсеткіші ЖӨӨ-нің төмен болғаны есебінен көп болып тұрғанын білдік. Сыртқы сауда айналымының көлемі көрсеткіші 0,02-ге тең. Бұл Қызылорда облысының төмен экспорттық және импорттық белсенділігін көрсетеді. Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көлемі Қызылорда облысында шикізат салаларында шоғырланған, ал өңдеу өнеркәсібінің деңгейі төмен болып қалады.

2. Қаржылық әлеуеті. Қызылорда облысының бюджетінің кірістері және орташа ақшалай табыстары жан басына шаққанда төмен. Бюджет кірістерінің коэффициенті 0,14-ге тең, яғни басқа аймақтармен салыстырғанда Қызылорда облысының бюджетіне халықтан өте аз қаражат түседі. Ақшалай табыстары мұнда 136 698 теңгені ғана құрап отыр. Орташа жалақы мен ақшалай кірістер арасындағы мұндай алшақтық жұмыс істейтін халықтың салыстырмалы түрде жоғары жалақысына қарамастан, Қызылорда облысы халқының көпшілігінің өмір сүру деңгейі төмен болып қалатынын көрсетеді. Бұл экономикалық белсенді емес азаматтардың едәуір санының салдарынан деп санаймыз. Сондай-ақ Қызылорда облысының халқының кредиттік ұйымдарға салған салымдары басқа облыстармен салыстырғанда төмен, яғни мұнда халық депозитке өз қаражаттарын көптеп жинамайды деп санасақ болады. Мысалы, Атырау, БҚО, Қарағанды, Қостанай облыстарының жеке тұлғалардың жан басына шаққандағы кредиттік ұйымдардағы салымының мөлшері 600,000-800,000 теңге аралығын құрады, бұл көрсеткіш Қызылорда облысында 270,000 теңгені көрсетеді [6].

3. Инновациялық әлеуеті. Бұл Қызылорда облысының ең әлсіз жағы десек болады. Себебі, Қызылорда облысында құрылған инновациялық кластерлер жоқ, ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындар көлемі және онда жұмыс істейтін қызметкерлер саны, инновациялық кәсіпорындардың саны өте аз. Мысалы, ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындар көлемі коэффициенті 0,01-ке тең. Ғылыми жұмыскерлер бойынша 0,04, ал инновациялық кәсіпорындар бойынша 0,07-ні құрап отыр. Яғни басқа облыстармен салыстырғанда бұл әлеуеттің барлық көрсеткіштері бойынша Қызылорда облысының инновациялық әлеуеті ең төменге деңгейде қалып отыр. Яғни, бұл облыстың инновацияларды қарқынды енгізбейтінін, ғылым мен өндірістің интеграциясының болмауын көрсетеді.

4.Инфрақұрылымдық әлеуеті. Мұны орташа көрсеткіш деп санасақ та болады. Ең жоғары көрсеткіш мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілу бойынша байқалады, бұл

мектеп жасына дейінгі балаларды қамтудың және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуының жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, тіркелген телефон желілерінің саны коэффициенті тек 0,17 құрады, бұл телекоммуникация қызметтеріне, әсіресе ауылдық жерлерде қол жетімділіктің шектеулі екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, қатты жабыны бар автожолдардың ұзындығы (0,38) және аурухана төсектерімен қамтамасыз етілуі (0,38) бойынша көрсеткіштері орташа нәтижеге ие болды, бұл тұрақты көліктік қолжетімділікті және базалық медициналық инфрақұрылымның болуын көрсетеді. Бұл әлсіз жағына жатады, себебі басқа аймақтармен салыстырғанда Қызылорда облысының инфрақұрылымдық әлеуеті әлдеқайда төмен.

Қызылорда облысының экономикалық әлеуетінің интегралды көрсеткіш **0,28** құрады. Мысалы, Атырау облысында бұл көрсеткіш 0,52-ге, Астана қаласында 0,50-ге тең болды. Бұл елдің басқа облыстарымен салыстырғанда өңірдің даму деңгейінің төмендігін көрсетеді. Мұндай нәтиже экономикалық әлеуеттің көптеген құрамдас элементтерінің әлсіз көрінуіне байланысты болып келеді.

Қорытындылай келе, Қызылорда облысы бойынша алынған нәтиже өңірдің іске асырылған экономикалық әлеуетінің төмен деңгейін көрсетеді. Инновациялық және қаржылық әлеует әсіресе әлсіз элементтер болып табылады, бұл аймақтық даму саясаты аясында ерекше назар аударуды қажет етеді.

Сондай-ақ, өндірістік әлеуеті де әлсіз деп саналады. Өңірлік дамудың негізгі бағыттары – аграрлық секторды нығайту, өңдеу өнеркәсібін кеңейту және өндіруші саланың ресурстарын тиімді пайдалану. Бұл өңірдің табиғи-климаттық ресурстарын тиімді пайдалануға, өнім импортына тәуелділікті азайтуға, халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайтуға және ЖӨӨ-нің ұлғаюны мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қызылорда облысы инновациялық әлеуеттің өте төмен деңгейін көрсетіп отыр, бұл ғылыми-техникалық инфрақұрылым мен мамандардың жоқтығынан, және бизнестің инновациялық жобаларға ең аз қатысуынан көрініс табады. Инновациялық әлеуетті дамыту инновациялық кластерлер құруды, жас мамандарды тартуды және ғылымды өндіріспен біріктіруді талап етеді. ҒЗТКЖ-қызметі үшін қолайлы экожүйені қалыптастыру, цифрландыруды дамыту және экономиканың негізгі секторларында заманауи технологияларды қолдану ерекше маңызға ие.

Алынған нәтижелер өнеркәсіпті, инновацияларды жүйелі қолдауды, кадрлардың біліктілігін арттыруды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтитын өңірді дамытуға кешенді көзқарас қажет екенін көрсетеді. Экономикалық әлеуеттің барлық 7 құрылымдық элементтерінің теңгерімді дамуы жағдайында ғана Қызылорда облысы тұрақты өсуге қол жеткізеді және бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Глушак, Н. В., Глушак, О. В., Муравьева, М. А., Назарова, О. Г. Методика оценки экономического потенциала региона // Вестник Брянского государственного университета. — 2015. — № 3. — С. 264–269.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының ресми статистика сайты [Электрондық ресурс]. — URL: https://stat.gov.kz/

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсы [Электрондық ресурс]. — URL:. https://www.nationalbank.kz/kz

4. Қызылорда облысының әкімдігі. Қызылорда облысының экономикалық дамуы туралы [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda/press/article/details/1293

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Қызылорда облысы бойынша динамикалық кестелер [Электронный ресурс]. — URL: https://stat.gov.kz/region/kyzylorda/dynamic-tables/4497/
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі. Банктердегі ағымдағы шоттар (өңірлік бөлініcте) [Электронный ресурс]. — URL: https://www.nationalbank.kz/kz/news/tekushchie-scheta-v-bankah-v-regionalnom-razreze-/rubrics/2324

УДК 331.5

Немербаева К.А – ассистент ассоц профессора МТГУ (г. Алматы)
Нурсултан Мадина – студента Международных отношений 1-курс МТГУ (г. Алматы)

КОНКУРЕТНОСПОСОБНЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ

Аннотация. *В данной статье рассматривается важность и основные принципы подготовки конкурентоспособных специалистов в условиях рыночной экономики. Поскольку современный рынок труда постоянно меняется, от специалистов требуется не только профессиональное знание, но и гибкость, новаторство и глобальное мышление. В исследовании подчёркивается необходимость укрепления связи между системой образования и работодателем при подготовке кадров. Кроме того, предлагаются пути формирования модели компетентного специалиста, адаптированного к современным экономическим требованиям. В статье проводится сравнительный анализ казахстанского опыта и международных тенденций.*

Ключевые слова: *рыночная экономика, конкурентоспособность, подготовка специалистов, рынок труда, компетентность, система образования*.

В настоящее время углубление глобальных экономических отношений, технологические изменения и новые требования на рынке труда выдвинули на передний план вопрос подготовки конкурентоспособных специалистов. Эта проблема широко освещается в государственных стратегиях развития и нормативных документах Республики Казахстан. В частности, в Стратегическом плане развития Казахстана до 2025 года подчёркивается важность подготовки кадров, адаптированных к требованиям рынка труда [1]. Кроме того, Глава государства Касым-Жомарт Токаев в своих ежегодных Посланиях неоднократно акцентировал внимание на необходимости повышения глобальной конкурентоспособности профессиональных кадров [2]. В Послании 2023 года Президент отметил: «Для того чтобы наша молодёжь была востребована на рынке труда, система образования должна быть тесно связана с реальными экономическими потребностями».

Реализация этих задач усиливает ответственность образовательных организаций страны. Перед учреждениями среднего и высшего образования ставится задача подготовки инновационных, конкурентоспособных и компетентных специалистов, соответствующих требованиям рынка труда. В связи с этим в учебные программы начинают внедряться дисциплины, учитывающие изменения на рынке труда, приоритет отдаётся профориентации и практике. Также усиливается связь между образованием и работодателями через дуальную систему обучения, курсы по развитию гибких навыков (soft skills) и производственные практики.

Вопрос подготовки конкурентоспособных специалистов широко изучается как зарубежными, так и отечественными исследователями. Так, Джонатан Браун (Jonathan Brown) [11, с. 215] в своей работе «Global Competence in the Labor Market» предложил пути развития глобальных компетенций. Линда Дарлинг-Хаммонд [10, с. 640] исследовала вопросы профессионального развития и повышения качества педагогических кадров. Среди казахстанских учёных — А.Т. Калмырзаева [3, с. 232], которая рассмотрела компетентностный подход в современной системе образования; А.Е. Абдуллина [4, с. 178] изучила пути подготовки специалистов на основе профориентации; С.А. Амирбекова [5, с. 44] исследовала особенности учебного содержания, адаптированного к рынку труда; Т.Р. Кудайбергенова [6, с. 36] рассмотрела понятие конкурентоспособности на уровне личности. И.В. Роберт и В.А. Сластенин [7, с. 288] предложили теоретические положения по формированию и оценке профессиональной компетентности. А.В. Хуторской [8, с. 144] разработал структуру компетентностно-ориентированного образования, а Г.Ж. Нургазина [9,с . 57] исследовала модель подготовки кадров, адаптированных к казахстанскому рынку труда.

Тем не менее, в данной сфере остаются нерешённые актуальные проблемы. Во-первых, наблюдается недостаточная связь теоретических знаний, преподаваемых в вузах, с реальной производственной практикой, что негативно влияет на готовность выпускников к трудовой деятельности. Во-вторых, многие учебные программы не соответствуют международным стандартам и медленно адаптируются к требованиям современной экономики. В-третьих, работа по развитию гибких навыков (soft skills) у студентов, таких как коммуникация, креативность, принятие решений и т.д., проводится на недостаточном уровне. Эти противоречия рассматриваются как сдерживающие факторы при формировании модели специалиста, соответствующего современным рыночным отношениям.

Исходя из вышеизложенного, подготовка конкурентоспособных специалистов в условиях рыночной экономики является важным условием обеспечения социально-экономической стабильности современного казахстанского общества. Настоящее исследование направлено на всестороннее рассмотрение данной проблемы.

Современный рынок труда — это сложная система, характеризующаяся высокой конкуренцией, технологическими изменениями и глобальной интеграцией. В таких условиях требования к профессиональным специалистам значительно изменились. Работодатели теперь ищут не просто специалистов с узкопрофильными знаниями, но и тех, кто обладает высокой способностью к адаптации, креативностью, критическим мышлением и пониманием глобальных изменений.

Процессы цифровой трансформации, автоматизации и искусственного интеллекта уничтожают одни профессии и порождают новые. Это обязывает специалистов быть гибкими, готовыми к обучению на протяжении всей жизни и постоянно развивать себя — начиная с учебных заведений и заканчивая трудовой сферой. Адаптивность (adaptability) — это не просто умение приспосабливаться к новым условиям, но и способность принимать эффективные решения в условиях неопределённости и быстро реагировать на изменения. Инновационность (innovation) — это креативное решение повседневных задач, выдвижение новых идей и продуктов. Глобальное мышление (global mindset) — это способность работать в различных культурных и экономических контекстах, уверенно ориентироваться в международной коммуникации.

Исследования мирового рынка труда показывают, что в течение ближайших десяти лет требования к профессиональным навыкам полностью изменятся. По данным Всемирного экономического форума (World Economic Forum), к 2025 году в десятку самых важных навыков будут входить аналитическое мышление, решение сложных задач, эмоциональный интеллект и способность к самостоятельному обучению. В этом контексте сегодня высшие учебные

заведения и учреждения профессионального образования должны сосредоточиться не только на развитии профессиональных, но и универсальных навыков студентов. Поскольку именно такие навыки являются основным признаком конкурентоспособного специалиста.

Компетентный специалист, адаптированный к современным экономическим требованиям, — это не просто человек, обладающий профессиональными знаниями, но и всесторонне развитый специалист, обладающий гибкостью, креативностью, критическим мышлением, цифровой грамотностью и коммуникативными навыками. Формирование такого специалиста зависит от ряда ключевых факторов: обновление образовательных программ, практикоориентированное обучение, эффективное партнёрство с работодателями и создание условий для непрерывного образования.

Обращаясь к международному опыту, можно отметить, что в развитых странах широко применяется образовательная парадигма, основанная на компетентностном подходе. Например, дуальная система образования в Германии позволяет студентам углублять профессиональные навыки за пределами учебного заведения. В Финляндии особое внимание уделяется индивидуальной образовательной траектории и развитию soft skills. В Южной Корее профессиональные колледжи и университеты предлагают специализированные программы для подготовки кадров в высокотехнологичных отраслях производства.

В Казахстане также предпринимаются определённые шаги в этом направлении. В Послании Президента «Казахстан в новой реальности: время действий» была поставлена задача пересмотра системы технического и профессионального образования. Внедряются дуальное обучение, академическая свобода, кредитно-модульная система, практика международной аккредитации. Однако согласованность между образовательными программами и требованиями рынка труда пока остаётся недостаточной. Многие выпускники обладают теоретическими знаниями, но слабо подготовлены к практической деятельности. Это приводит к неудовлетворённости работодателей и росту безработицы среди молодых специалистов.

В связи с этим Казахстану необходимо, опираясь на международный опыт, широко внедрять такие подходы, как гибкость учебного контента, тесное сотрудничество с предприятиями и стимулирование проектной самостоятельной деятельности студентов. Именно такой путь станет ключевым механизмом подготовки нового поколения специалистов, востребованных на рынке труда и обладающих высокой конкурентоспособностью.

Список литературы

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года. – Астана, 2018. – 112 с.
2. Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2023 года // Официальный сайт Президента РК. – URL: https://www.akorda.kz
3. Қалмырзаева Ә.Т. Қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл: теория және практика. – Алматы: Раритет, 2019. – 232 б.
4. Абдуллина А.Е. Формирование профессиональной направленности будущего специалиста. – Алматы: 2020. – 178 с.
5. Әмірбекова С.А. Ориентация содержания образования на требования рынка труда // Вестник образования Казахстана. – 2022. – №4. – С. 44–48.
6. Құдайбергенова Т.Р. Бәсекеге қабілеттілік ұғымының педагогикалық аспектілері // Педагогика және психология. – 2021. – №2. – Б. 36–40.
7. Robert I.V., Сластенин В.А. Профессиональная компетентность педагога: содержание и диагностика. – Москва: Просвещение, 2020. – 288 с.
8. Хуторской А.В. Компетентностный подход в образовании: методология и практика. – Москва: ИОСО РАО, 2019. – 144 с.

9. Нургазина Г.Ж. Модель подготовки специалистов, ориентированных на рынок труда Казахстана // Современное образование. – 2023. – №3. – С. 57–62.
10. Darling-Hammond L. Preparing teachers for a changing world: What teachers should learn and be able to do. – San Francisco: Jossey-Bass, 2005. – 640 p.
11. Brown J. Global Competence in the Labor Market. – London: Routledge, 2018. – 215 p.

ӘОЖ 332.1

Умырзакова А.А. - э.ғ.м., аға оқытушы Нархоз Университеті, Алматы қ.
Базарбаева Ұлболсын - «Экономика» ББ 3-курс студенті, Нархоз Университеті, Алматы

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ

Аңдатпа: *Мақалада Алматы қаласының экономикалық әлеуеті Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі орталықтарының бірі ретінде қарастырылады. Статистикалық деректерді талдау негізінде табиғи, еңбек, өнеркәсіп, қаржы, инвестициялық, инновациялық және инфрақұрылымдық әлеуеттің жеті негізгі компоненті бойынша кешенді бағалау жүргізілді. Мұндай тәсіл қаланың экономикалық жүйесінің ағымдағы мүмкіндіктері мен шектеулерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде салааралық мамандану шектеулігі, инновацияларды интеграциялау деңгейінің төмендігі және инфрақұрылымның теңгерімсіз дамуы сияқты негізгі мәселелер анықталды. Алматы экономикасын тұрақты, теңгерімді және бәсекеге қабілетті өсуге қол жеткізу үшін стратегиялық қайта бағыттау мен терең диверсификациялау қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.*

Түйін сөздер: *экономикалық әлеуеті , статистика, аймақтық даму, Алматы қаласы , инвестициялық, инновациялық№.*

Алматы қаласы көптеген жылдар бойы Қазақстанның маңызды экономикалық, қаржылық және мәдени орталықтарының бірі болып келеді. Астана мәртебесін жоғалтқанымен, мегаполис әлі де өңірлік жалпы өнімді қалыптастыруда, инвестициялар тартуда және адами капиталды шоғырландыруда маңызды рөл атқаруда. Географиялық орналасуы, дамыған инфрақұрылымы, жоғары бизнес белсенділігі және кең тұтынушылық нарығы қаланың экономикалық дамуына қолайлы жағдайлар жасайды.

Алайда, бұл артықшылықтарға қарамастан, Алматы қаласының экономикасында бірқатар жүйелі мәселелер сақталып отыр. Жаһандық экономикалық трансформациялар, Қазақстан өңірлері арасындағы ішкі бәсекелестіктің артуы және бір бағыттағы – көбінесе қызмет көрсету саласына тәуелділік, қаланың ұзақ мерзімді даму тұрақтылығына қауіп төндіреді. Осыған байланысты зерттеу тақырыбының өзектілігі Алматы қаласының экономикасын терең әртараптандыру қажеттігімен негізделеді.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Алматы қаласының экономикалық әлеуетін кешенді бағалау арқылы оның дамуындағы күшті және әлсіз тұстарын анықтап, экономиканы әртараптандыру қажеттігін негіздеу.

Зерттеу барысында Н.В. Глушак, О.В. Глушак, М.А. Муравьева және О.Г. Назарова ұсынған «өңірдің экономикалық әлеуетін бағалау әдістемесі» қолданылды. Бұл әдістеме табиғи, еңбек, өнеркәсіп, қаржы, инвестиция, инновация және инфрақұрылымдық әлеуетті талдау арқылы өңірдің даму мүмкіндіктерін сандық көрсеткіштер негізінде бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеуде ресми статистикалық мәліметтер мен салыстырмалы коэффициенттерді есептеу арқылы Алматы қаласының экономикалық бейнесі жасалды.

Бұл мәселенің маңыздылығына ел басшылығы да назар аударуда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев *«Власть»* басылымына берген сұхбатында Алматы қаласының қазіргі даму моделін қайта қарап, оның экономикасын терең әртараптандыру қажеттігін атап өтті. Президенттің айтуынша, Алматы тек қаржы және қызмет көрсету салаларына ғана емес, сондай-ақ жоғары технологиялар мен өнеркәсіптік өндіріс бағыттарына да басымдық беруі тиіс.

Алматы қаласының экономикалық әлеуетін бағалау үшін Н.В. Глушак, О.В. Глушак, М.А. Муравьева және О.Г. Назарова ұсынған әдістеме қолданылды. Бұл әдістеменің негізінде өңірлік әлеуеттің жеті негізгі құрылымдық элементін талдауды көздейтін кешенді тәсіл жатыр:

- Табиғи әлеует: Жан басына шаққандағы жер көлемі кв.км/адам. Жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы, га/адам. Жан басына шаққандағы орман жерлерінің ауданы, га/адам. Жан басына шаққандағы жер үсті суларының ауданы, га/адам.
- Еңбек әлеуеті: Экономикалық белсенді халық, адам. Жұмыспен қамту деңгейі. Орташа айлық жалақы, тг. Еңбек өнімділігі, %
- Өнеркәсіптік әлеует: Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, тг. Жалпы Өңірлік Өнім, НКИ %. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі, тг. Жан басына шаққандағы сыртқы сауда айналымының көлемі, долл. АҚШ. Экономикадағы негізгі құралдар, тг
- Қаржылық әлеует: Жан басына шаққандағы бюджет кірістері, тг. Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табыстары, тг. Жан басына шаққандағы сальдолық пайда, тг. Жеке тұлғалардың жан басына шаққанда,ы кредиттік ұйымдардағы салымының мөлшері, тг
- Инвестициялық әлеует: ЖӨӨ көлеміндегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі. Негізгі капиталға инвестициялардың НКИ, %. Шетелдік инвестициялардың түсімі, долл. АҚШ. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялар, тг
- Инновациялық әлеует: ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар. Облыстар бойынша ҒЗТКЖ-ны орындағын қызметкерлер саны. Өңірде шағын инновациялық кәсіпорындар саны. Құрылған инновациялық кластерлер
- Инфрақұрылымдық әлеует: Қатты жабынды автожолдардың болуы. Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы, кв метр. Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы (100 орынға қанша баладан келетініне шаққанда). Аурухана төсектерінің саны. Тіркелген телефон желілерінің саны, мың бірлік

Деректерді стандарттау

Бірінші кезеңде Қазақстанның барлық өңірлері бойынша осы аталған элементтерге қатысты статистикалық көрсеткіштер жиналды. Деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін әрбір көрсеткіш бойынша салыстырмалы коэффициент (кі) есептелді.

$$k_i = \frac{X_K}{X_{\text{макс}}} \qquad 1.$$

X_K — өңір бойынша көрсеткіштің мәні (біздің жағдайда — Алматы қаласы),
X_{макс} — барлық өңірлер ішіндегі көрсеткіштің ең жоғары мәні.

Бұл коэффициент барлық деректерді 0-ден 1-ге дейінгі бірыңғай шкалаға келтіруге мүмкіндік береді, мұндағы 1 — нақты көрсеткіш бойынша ең жақсы нәтижеге ие өңірді білдіреді. Бұл тәсіл өңірлер арасындағы салыстыруды жеңілдетеді.Әрбір құрылымдық элемент (табиғи, еңбек және т.б.) бойынша оған тиесілі барлық салыстырмалы коэффициенттердің арифметикалық орташа мәні есептелді.

Мысалы, еңбек әлеуетіне төрт көрсеткіш кірді: экономикалық белсенді халық саны, жұмыспен қамту деңгейі, орташа жалақы және еңбек өнімділігі. Олардың әрқайсысына сәйкес **k_i** коэффициенті есептеліп, соңғы мән осы коэффициенттердің арифметикалық орташа шамасы ретінде алынды.Қорытынды кезеңде өңірдің, соның ішінде Алматы қаласының экономикалық әлеуетінің жиынтық интегралды индексі есептелді. Бұл үшін жеті құрылымдық элемент бойынша геометриялық орта формуласы қолданылды.

мұндағы:K_1 — табиғи әлеуеттің коэффициенті,**K_2** — еңбек әлеуетінің коэффициенті, және т.б.

Мұндай тәсіл өңір экономикасының даму деңгейіне объективті әрі салмақты баға беруге мүмкіндік береді және әрбір элементтің жалпы көрініске қаншалықты әсер ететінін анықтауға көмектеседі.

$$K_P = \sqrt[7]{K_1 \times K_2 \times K_3 \times K_4 \times K_5 \times K_6 \times K_7} \qquad 2$$

Құрылымдық элемент	***Орташа коэффициент***
Табиғи әлеуеті:	0,00009117647059
Еңбек әлеуеті:	0,9173
Өнеркәсіп әлеуеті: Қаржылық әлеуеті:	0,5728 0,7481
Инвестициялық әлеуеті:	0,5426
Инновациялық әлеуеті:	1
Инфрақұрылымдық әлеуеті:	0,8140

Алматы қаласының күшті жақтары:

Инновациялық әлеует (1.0) Қала ғылыми зерттеулер деңгейі, жаңа технологияларды енгізу және стартаптарды дамыту бойынша республикада жетекші орында тұр. Алматыда алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен технологиялық парктер орналасқан.

Қаржылық әлеует (0.7481) Алматы – Қазақстанның ірі қаржы орталығы. Мұнда банктер, инвестициялық компаниялар, қор биржасы және өзге де қаржы институттары шоғырланған. Бұл инвестиция тарту үшін тұрақты экономикалық негіз қалыптастырады.

Еңбек әлеуеті (0.9173) Жұмыспен қамтылған білікті мамандардың шоғырлануы, жоғары оқу орындарының көптігі және мамандардың белсенді қоныс аударуы еңбек әлеуетінің жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Инфрақұрылымдық әлеует (0.8140) Қалада көлік, тұрғын үй және логистикалық инфрақұрылым жақсы дамыған, бұл іскерлік белсенділікті арттырып, қолайлы қалалық ортаны қамтамасыз етеді.

Алматы қаласының әлсіз жақтары:

Табиғи әлеует (0.00009) Көрсеткіштің төмен болуы өңірде маңызды табиғи ресурстардың болмауымен түсіндіріледі. Қала өндіруші өнеркәсіпке бағытталмаған, негізінен қызмет көрсету және қаржы секторларына мамандanған.

Өнеркәсіптік әлеует (0.5728) Жеңіл, тамақ және фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындарының болуына қарамастан, қаланың өнеркәсіптік даму деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда шектеулі.

Инвестициялық әлеует (0.5426) Қалада инвесторлар мен халықаралық компаниялар қызмет ететініне қарамастан, инвестициялық әлеует орташа деңгейде қалып отыр. Бұл жалға алу құнының жоғары болуымен, бәсекелестіктің артуымен және өндірістік кеңею мүмкіндіктерінің шектеулілігімен байланысты болуы мүмкін.

Қолданылған әдістемеге сәйкес жүргізілген есептеулер нәтижесінде Алматы қаласының экономикалық әлеуетінің интегралдық көрсеткіші 0.2062 деңгейінде анықталды. Бұл нәтиже негізгі бағыттар бойынша (табиғи, еңбек, өнеркәсіп, қаржылық, инвестициялық, инновациялық және инфрақұрылымдық әлеуеттер) барлық жекелеген коэффициенттердің көбейтіндісінен кейін олардың санына тең дәрежелі түбірді алу арқылы есептелді.

Қазақстан Республикасының өзге өңірлерімен салыстырғанда аталған көрсеткіш салыстырмалы түрде төмендеңгейде. Бұл Алматы қаласының қаржы, инновация және еңбек әлеуеті бағыттарында жоғары нәтижелерге қол жеткізгенімен, жалпы алғанда экономикалық әлеуетінің шектеулі әрі теңгерімсіз екенін көрсетеді. Әсіресе табиғи және өнеркәсіп әлеуеттерінің әлсіздігі интегралдық көрсеткішке айтарлықтай кері әсерін тигізеді.

Осыған орай, есептеу нәтижелері қаланың экономикасын терең әртараптандыру, индустриялық секторды кеңейту және ресурстық базаны нығайту қажеттілігін айқындайды.
Жүргізілген талдау нәтижелері Алматы қаласының экономикалық әлеуетінің әртүрлі бағыттарда біркелкі дамымағанын көрсетеді. Қала қаржылық, инновациялық және еңбек әлеуеттері бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болғанымен, табиғи, өнеркәсіп және инвестициялық салаларда әлеуеті айтарлықтай төмен. Бұл Алматы экономикасының қазіргі құрылымының бірнеше тар салаларға ғана сүйенетінін, ал қалған бағыттарда даму қарқыны жеткіліксіз екенін білдіреді. Мұндай теңгерімсіздік қала экономикасының сыртқы және ішкі күйзелістерге осалдығын арттырады және оның тұрақты дамуына қауіп төндіреді.
Айта кетерлігі, Алматы қаласы Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) шамамен 19%-ын қамтамасыз етеді. Бұл — қаланың ел экономикасындағы орны мен рөлінің қаншалықты маңызды екенін дәлелдейтін көрсеткіш. Сонымен қатар, қала – тұтынушылық белсенділігі жоғары, шағын және орта бизнесті дамытудың ірі орталығы болып табылады. Дегенмен, бұл әлеуеттің барлығы толық көлемде пайдаланылып отырған жоқ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бұл мәселеге ерекше назар аударған. Ол «Власть» басылымына берген сұхбатында Алматы қаласының экономикалық дамуында біржақты бағыттылықтың бар екенін атап өтіп, қаланың болашағы үшін оның экономикасын терең әртараптандыру (диверсификациялау) қажет екенін айтты. Президенттің пікірінше, Алматы қазіргі таңда көбіне қызмет көрсету секторы мен тұтынуға бағытталған модельмен жұмыс істейді. Ал бұл модель ұзақ мерзімді тұрақтылық пен сапалы өсім үшін жеткіліксіз. Сондықтан өндірістік қуаттарды арттыру, инфрақұрылымды жаңарту, өңдеуші өнеркәсіп пен жоғары технологиялық секторларды дамыту – қаланың келешек даму жолында маңызды басымдықтарға айналуы тиіс.

Диверсификация экономиканың тек нақты салаларын ғана емес, сонымен қатар адами капитал, білім беру, ғылыми-зерттеу қызметі, және инновация бағыттарын да қамтуы керек. Бұл Алматыны тек қаржы және мәдени орталық қана емес, сонымен бірге өндіріс пен

технологияны дамытуда алдыңғы қатарлы урбанистік хаб ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының экономикалық әлеуетін арттыру үшін келесі бағыттар бойынша нақты шаралар қабылдау ұсынылады:

1. **Экономиканы әртараптандыру саясатын күшейту** — өндіріс, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, логистика және жоғары технологиялар салаларын дамыту арқылы экономикалық құрылымды кеңейту.
2. **Инвестициялық ортаны жақсарту** — әкімшілік кедергілерді азайту, салықтық ынталандырулар енгізу және шетелдік, сондай-ақ отандық инвесторлар үшін инфрақұрылымды жетілдіру.
3. **Өнеркәсіп әлеуетін күшейту** — жеңіл және орта өндіріс салаларын дамытып, қала маңында индустриалды аймақтарды кеңейту.
4. **Инфрақұрылымға бағытталған саясат** — көлік, коммуналдық және цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру арқылы қаланың жалпы инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Осы ұсыныстардың жүйелі түрде жүзеге асырылуы Алматы қаласының **экономикалық тепе-теңдігін қалыптастыруға**, сондай-ақ оның **ұзақ мерзімді, тұрақты даму стратегиясын** жүзеге асыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Глушак Н.В., Глушак О.В., Муравьева М.А., Назарова О.Г.Оценка экономического потенциала региона: методические подходы и практическое применение. – М.: Наука, 2018. – 144 б.

2.Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы.Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері. Қолжетімді: https://stat.gov.kz

3.Тоқаев Қ.-Ж. «Алматыға терең экономикалық әртараптандыру қажет» – Власть ақпараттық порталы, 2022. Қолжетімді: https://vlast.kz/novosti/52582-almaty-neobhodima-glubokaa-diversifikacia-ekonomiki-tokaev.html

4.Назарова О.Г., Муравьева М.А. Региональная экономика: теория, методология, практика. – СПб.: Питер, 2020. – 256 б.

5.Сәбден О. Өңірлік экономиканы басқару. – Алматы: Экономика, 2015. – 320 б.

6.Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.Өңірлерді дамыту бағдарламасы 2020–2025. – Астана, 2020.

ӘОЖ 332.1

Умырзакова А.А. - ғылыми жетекші, э.ғ.м., аға оқытушы Нархоз Университеті, (Алматы қ.)

Қайрат Дарын - «Экономика» ББ 3-курс студенті Нархоз Университеті (Алматы қ.)

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Түркістан облысының экономикалық әлеуеті жан-жақты зерттеліп, оның нақты көрсеткіштері есептелген. Зерттеу барысында ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, шағын және орта бизнестің даму деңгейі талданып, экономикалық тиімділікті*

арттыру жолдары ұсынылды. Экономикалық әлеуетті бағалау нәтижесінде өңірдің ресурстарын тиімді пайдаланбау, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, инвестициялық тартымдылықтың төмендігі сияқты негізгі мәселелер анықталды. Осы проблемаларды шешу үшін аймақтық экономиканы әртараптандыру, кәсіпкерлікті қолдау және мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар берілді. Мақаладағы әдістемелік тәсілдер мен ұсыныстар Түркістан облысының тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Түйін сөздер: *экономикалық әлеует, Түркістан облысы, еңбек күші, өңір, ауыл шаруашылығы жерлері, еңбек өнімділігі, инфрақұрылым, экспорт, инвестиция, инновация.*

Біздің еліміздің экономикалық ақуалы оң мәнде екені барлығына белгілі. Еліміздің қай саласы болмасын экономикалық потенциалдары жоғары. Алайда қай өңір қандай дәрежеде еліміздің экономикалық әлеуетіне қаншалықты үлес қосып жатқаны белгісіз. Түркістан облысы – Қазақстанның ең жылдам дамып келе жатқан өңірлерінің бірі болып табылады. Сондықтанда біз жекелей Түркістан облысына талдау жасадық. Географиялық тұрғыдан тиімді орналасуы, халық санының көптігі және тарихи-мәдени мұрасы бұл өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік береді. Дегенмен, аймақтың дамуы біртекті емес екені белгілі. Біз зерттеу жүргізу арқылы аймақтық экономикалық дамуына кемшіл тұстарын таптық. Және сол кемшіліктерді жою жолын ұсынамыз.

Өңір Қазақстан экономикасының маңызды бөлігін құрайды, себебі ауыл шаруашылығы, туризм және логистика салаларында елеулі мүмкіндіктері бар. Алайда, көптеген мәселелер аймақтың экономикалық өсіміне кедергі келтіреді. Сондықтан облыстың экономикалық әлеуетін жан-жақты зерттеу және оны тиімді пайдалану жолдарын анықтау – аймақтың болашақ дамуы үшін өзекті мәселе. Бұл зерттеу мәселені терең талдап, оны шешудің ықтимал жолдарын ұсынуға бағытталған.

Зерттеу аясында Түркістан облысының экономикалық әлеуетін анықтауда Глушак Н.В. және әріптестері ұсынған әдістеме негізінде табиғи әлеуетін, еңбек әлеуетін, қаржылық әлеуетін, инвестициялық әлеуетін, инновациялық әлеуетін, инфрақұрылымдық әлеуетін және өнеркәсіптік әлеуетін зерттеу қолданылады. Әрбір әлеуеттің кемінде төрт индикаторы қарастырылады. Және әрбір индикатордың коэффицентін табу үшін табылған көрсеткішті региондар арасындығы ең үлкен мәнге ие көрсеткішті база деп алып, өзіміздің регионның индикаторының мәніне бөліп аламыз. Солай біз сол индикатордың коэффицентін табамыз. Әрбір индикатордың мәнін тапқаннан кейін олардың арифметикалық ортасы табылады, солай әрбір әлеуеттің орташа мәні пайда болады. Аймақтың экономикалық әлеуетін кешенді бағалау үшін интегралды көрсеткішті пайдаланып, ол жеті әлеуеттің көбейтіндісінен жетінші дәрежелі түбір ретінде анықталады. Осылай біз облыстың экономикалық әлеуетінің сандық мәніне қол жеткіземіз [1].

Зерттеу барысында біз әр әлеуеттің жекелеген индикаторларының коэффиценттерінің

1– кесте. Экономикалық әлеуеттердің коэффиценттері.

Экономикалық әлеуеттер	коэффиценттері
Табиғи әлеуеті	0,09
Еңбек әлеуеті	0,79
Қаржылық әлеуеті	0,14
Инвестициялық әлеуеті	0,52
Инновациялық әлеуеті	0,03
Инфрақұрылымдық әлеуеті	0,63
Өнеркәсіптік әлеуеті	0,28

Түркістан облысының табиғи әлеуетінің 0,09 деңгейінде екені анықталды. Бұл салыстырмалы түрде басқа региондарға қарағанда төмен көрсеткіш болып саналады. Біз табиғи әлеуетін есептеу үшін негізгі төрт индикаторды аламыз. Олар жан басына шаққандағы жер көлемі 0,05 кв метрге тең, ауыл шаруашылық жерлерінің көлемі 2,09 га тең, орман қорының көлемі 1,4 га тең, су жерлерінің көлемі 0,07 га тең. Бұл әлеуеттің төмен болуының басты себебі халық санына шаққанда жер, су, орман, ауыл шаруашылық жерлерінің жеткіліксіздігінде. Бірақ бұл жайт мәселеге басқа қырымен қарауға мүмкіндіктер береді. Ауылшаруашылық жерлерін жан басына шаққанда азаюы сол жерлерді тиімді игеруге мүмкіндіктер ашады. Жерлерге сұраныс артып, адамдардың сол жерлерді тиімді қолдануына септігін тигізеді. Түркістан облысы экономикасы аграрлық секторға тәуелді болғаннан кейін су тапшылығы үлкен әсер береді. Бұл ауыл шаруашылығының дамуына кедергі келтіреді. Осындай негізгі проблемаларды табиғи әлеуетті зерттеу арқылы таптық.

Ендігіде, еңбек әлеуеті бойынша Түркістан облысы – 0,79 деңгейіне ие. Бұл өңірдің ең мықты экономикалық көрсеткіштерінің бірі. Облыстағы халық санының көп болуы және экономикалық белсенділіктің жоғары деңгейі еңбек ресурстарының жеткілікті екенін көрсетеді. Экономикалық белсенді халық 842,3 мың адам, бұл көрсеткіш бойынша облыс алдыңғы орында. Осы белсенді халықтың жұмыспен қамтылуы да өңірдің экономикалық дамуына тікелей әсерін береді. Себебі адамдар жұмыс істеп табыс көзін арттырады. Олар тұрақты табыс көзіне ие болып, өмір сүру сапасын жақсарта бастайды. Халықтың жұмыспен қамту деңгейі 95% болып отыр. Бұл еңбекке белсенді халықтың көп бөлігі жұмыс жасайтындығының көрінісі. Ендігі мәселе облыстағы жұмыспен қамтылғандардың қандай айлық алатынында болып отыр. Статистикаға сәйкес халықтың орташа айлық жалақысы 270 660 теңге. Бұл көрсеткіш Республика бойынша ең төменгілердің қатарында. Айлық табыстың аз болуының себебі адамдар арасында жұмысқа тұру бәсекелестігі жоғары. Еңбек сұранысының аз болуы адамдардың аз жалақыға жұмыс жасауына итермелейді. Және өңір ауыл шаруашылығына шоғырланғандықтан жалақы төмен болуы мүмкін. Себебі ауыл шаруашылығында жалақы басқа салаларға қарағанда аз төленеді. Еңбек өнімділігі индексі 101,3% -ды көрсетіп отыр, осы бойынша 2022 жылмен салыстырғанда 1,3 пайыз ғана өскен , және бұл өте баяу екенін көрсетіп тұр. Жалпы алғанда еңбекке белсенді халық пен жұмыспен қамтылған адамдардың көп болуы өңірдің еңбек әлеуетін жоғарылатып отыр. Бұл өңірдің болашақта осы бағыт бойынша даму мүмкіндіктерінің жоғары екенін көрсетеді.

Түркістан облысының өнеркәсіп әлеуеті – 0,28 деңгейінде, бұл экономикалық даму тұрғысынан аймақтың әлсіз жақтарының бірі болып табылады. Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) жан басына шаққанда 1 902 644,58 теңге. Өңірлер арасында ең төмен көрсеткішке ие. Ал негізінен ЖӨӨ бойынша Республикада ортаңғы деңгейде. Жан басына шаққан кезде, халық санының көп болуы есебінен көрсеткіш төмен деңгейді көрсетеді. ЖӨӨ өткен жылмен салыстырғанда 2,3% ға артқан. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 948 810 млн. теңге. Республика бойынша алдыңғы алты өңірге кіргендіктен, негізгі капиталға салынатын инвестиция жақсы деп айта аламыз. Алайды бірінші орындағы өңірге қарағанда үш есе төмен. Өңірде жан басына шаққандағы сыртқы сауда айналымының доллармен есептегендегі көлемі 883,41 долларды құрайды. Бұл көрсеткіш басқа өңірлерге қарағанда әлде қайда төмен. Бұл өз кезегінде өнеркәсіп әлеуетінің төмендеуінің басты себебі. Ал негізгі құралдарға келетін болсақ 2 675 165 млн. теңгені құрайды. Республика бойынша төменгі орынды алады. Бұл өңірде шаруашылықта, өнеркәсіпте қолданатын ұзақ мерзімді мүліктердің жеткіліксіздігін білдіреді. Негізгі құралдар өнеркәсіптің алдыға жылжытып, дамытатын негізгі индикатордың бірі болып саналады. Негізгі құралдардың артуы өндірістің дамуын, технологиялардың жаңаруын, еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз етеді. Сондықтан өңірде негізгі құралдарды арттыру қажет.

Ол өндірісті ауқымын кеңейтіп, өнімдердің сапалы шығуын қамтамасыз етеді. Осы арқылы экспорттық әлеуеті артады[2].

Түркістан облысының қаржылық әлеуеті – 0,14 деңгейінде, бұл өңірдің экономикалық дамуын шектейтін маңызды факторлардың бірі. Жан басына шаққандағы өңірдің шоғырландырылған бюджет кірістері 13626,41 теңге. Республика бойынша ең төмен деңгейде салықтық түсімдер түсетіндігін көрсетеді. Өнеркәсіп пен бизнес секторының әлсіз дамуы салықтық түсімдердің жеткіліксіздігіне әкеліп отыр. Халықтың орташа ақшалай табысы 103 735 теңге. Республикалық деңгей бойынша айтарлықтай төмен болуы өңірдегі сатып алу қабілетінің әлсіздігін көрсетеді. Халықтың қаржылық жағдайы нашар болуының әсерінен өңірдің қаржылық әлеуеті төмен деңгейде. Алайда, өңірде кәсіпорындардың шығаратын шығыны пайдасына қарағанда аз болып отыр. Облыста жан басына шаққандағы сальдолық пайдасы 140,31 мың теңге. Өңірлер бойынша ортаңғы орынды алады. Кәсіпорындардың аз пайдасы мен шағын және орта бизнестің қаржылық қиындықтарға ұшырауы кәсіпкерлік белсенділіктің төмендігіне ықпал етеді. Бұл өз кезегінде өңірдің сальдолық пайдасына тікелей әсер етеді. Жеке тұлғалардың жан басына шаққандағы кредиттік ұйымдардағы салымының мөлшері 66702,52 теңге. Халықтың банк жүйесіне салған депозиттерінің аздығы қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіздігін және табыс деңгейінің төмендігін байқатады. Басқа өңірлермен салыстырғанда Түркістан халқы депозитке ақшаларын өте аз салады. Бұл индикаторлардың барлығы қаржылық әлеуетінің әлсіздігін, халықтың орташа табысының және аймақтың дамуын тежейтін құрылымдық проблемаларды көрсетеді[4].

Түркістан облысының инвестициялық әлеуеті – 0,52 деңгейінде, бұл аймақтың дамуындағы маңызды көрсеткіштердің бірі. ЖӨӨ көлеміндегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі 20,3%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша өңір алдыңғы қатарда орналасқандықтан, өңірде негізгі капиталға инвестицияны көбірек салады деп тұжырымдаймыз. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың үлесінің жоғары болуы өңірдің ұзақ мерзімді дамуына оң әсер етуге қабілетті. Және жыл сайын негізгі капиталға инвестиция көлемін арттырып отыру қажет. Өткен жылмен салыстырғанда өңір негізгі капиталға 23,3 % -ға көп инвестиция құйған. Өңірлер бойынша алдыңғы қатарды алады. Шетелдік инвестицияларды тарту деңгейі 857,6 мың долларды құрайды. Бұл төмен деңгейде болғандықтан, өңірдің шетелдік инвесторларды өзіне тартуда мәселелері бар. Инвесторларды тарту мақсатында арнайы салықтық жеңілдіктер мен жобалар қажет. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялар 445 304,57 теңге. Республикадағы орташа деңгейден төмен. Басты себеп халық санына бөлгенде негізгі капиталға салынған инвестициялардың айтарлықтай азаюында. Басқа өңірлерге қарағанда халық саны едәуір жоғары. Инвестициялық әлеуетті жоғарылату үшін инфрақұрылымды дамытып, инвесторларға тартымдылықты тудыру қажет. Оларға салықтық жеңілдіктер мен мемлекеттік қолдау жасау керек.

Түркістан облысының инновациялық әлеуеті – 0,03 деңгейінде, бұл аймақтың экономикалық әлсіз жақтарының бірі болып табылады. ҒЗТКЖ ға жұмсалатын ішкі шығындар 1 018,3 мың теңге. Өңірлер бойынша өте аз шығындар жұмсалуда. Түркістан облысы бойынша ҒЗТКЖ мен айналысатын қызметкерлер саны 353 адамды құрайды. Бұл ғалымдар саны өте аз екенін көрсетіп отыр. Сәйкесінше инновациялық кәсіпорындарда өте аз, олардың саны 93-ті құрайды. Ал инновациялық кластерлер мүлде жоқ. Облыста ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) бөлінетін қаражаттың аздығы, зерттеу саласындағы кадрлардың жетіспеушілігі және инновациялық кәсіпорындардың төмен деңгейі өңірдің технологиялық дамуын тежеп отыр. Айтылған мәселелер мен нақты инновациялық кластерлердің болмауы аймақтың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуде. Бұл мәселелер жаңа технологиялар мен стартаптардың енгізілуін баяулатып, өңірдегі инновациялық экожүйенің қалыптасуына кедергі келтіреді. Инновацияны ынталандыру үшін ҒЗТКЖ-ға

инвестицияларды ұлғайту, мамандарды тарту, инновациялық кластерлер құру және бизнеске қолдау көрсету қажет.

Түркістан облысының инфрақұрылымдық әлеуеті – 0,63 деңгейінде, бұл аймақтың мықты жақтарының бірі болып табылады. Өңірде қатты жабынды автожолдардың ұзындығы 6 313,6 километрді құрайды. Республика бойынша жақсы көрсеткішке ие. Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы 903 мың шаршы метрді құрайды. Тұрғын үй құрылысы қарқынды дамығанымен, халық санының өсуі бұл саланы одан әрі кеңейтуді талап етуде. Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы (100 орынға қанша баладан келетініне шаққанда) 89,79 % -ды құрайды. Түркістан облысы мектепке дейінгі оқытатын ұйымдардағы орындар саны бойынша өңірлер бойынша ең алдыңғы орында. Орын саны 173 931 тең болғанымен, туу көрсеткіші бойынша жоғары нәтижеге ие. Туу көрсеткіші жоғары болуымен, балабақшалардың жеткіліксіздігі, балаларды балабақшамен қамтуда қиындықтар туғызуда. Денсаулық сақтау саласы бойынша аурухана төсектері саны 10 359 ға тең. Өңірлер бойынша ең жоғарғы көрсеткішке ие. Денсаулық сақтау саласы дамып жатқанына қарамастан, ауылдық аймақтарда сапалы медициналық қызметтердің қолжетімділігі әлі де төмен. Халықтың 1000 адамға шаққандағы жалпыға ортақ пайдаланылатын телефон желісінің телефон аппараттарының (таксофондарды қоса алғанда) саны 82 болып отыр. Қазіргі заманда бұл көрсеткіштің төмен болуы орынды, себебі таксафондар мен телефон аппараттарын көп адамдар қолданбайды. Қазіргі таңда мобильді байланыс пен интернет желісі дамып келе жатыр, бірақ облыста ауылдық жерлер көп болғандықтан әлеуметтік басты көрсеткіш болып саналады. Бұл проблемалар аймақтағы халықтың өмір сүру сапасына кері әсер етіп, әлеуметтік инфрақұрылымды нығайту қажеттілігін көрсетеді.

In recent decades, the world has experienced a dramatic transformation due to the advancement of digital technologies. These changes have touched every aspect of our lives, including communication, work, social interaction, and crucially education. The traditional educational model, which has remained relatively unchanged for centuries, is now being reimagined. This shift is more than just the introduction of laptops and internet access into classrooms. It represents a paradigm shift, a complete transformation of how teaching and learning are conceived, delivered, and experienced. This shift is embodied in the concept of digital pedagogy – a pedagogical approach that integrates technology not as a mere tool but as a dynamic component of the educational process. In the traditional classroom, the teacher was the central authority and the primary source of knowledge. Today, that role is evolving. Learners now have access to vast digital resources, and the teacher's role is becoming more facilitative, guiding students as they explore, analyze, and interact with information.

The COVID-19 pandemic further accelerated this shift, exposing the limitations of outdated educational systems and highlighting the need for more flexible, responsive, and inclusive approaches. As schools and universities moved online almost overnight, educators and learners alike faced both challenges and opportunities. Digital pedagogy emerged not only as a necessity but as a powerful framework for educational innovation. In this article, we will explore the concept of digital pedagogy in depth – what it is, how it differs from traditional approaches, the tools and methods it employs, its benefits and limitations, and what the future holds for education in a digitally connected world.

Digital pedagogy is not simply about using digital tools in the classroom. It is a philosophy of teaching and learning that reimagines the relationship between knowledge, technology, and learners. At its core, digital pedagogy emphasizes student-centered learning, active participation, and collaborative knowledge construction. Unlike traditional models, where students often passively receive information, digital pedagogy promotes inquiry, exploration, and co-creation of content. It encourages learners to become autonomous, critical, and digitally literate citizens who can navigate the complexities of the modern world. Some core principles of digital pedagogy include: Constructivism: Learners build knowledge through active engagement, using digital resources to research, create, and reflect. Connectivity Learning is social and networked.

Digital platforms allow collaboration across time zones, cultures, and institutions. Personalization: Content and pace can be adapted to each student's needs, preferences, and learning style. Accessibility Technology can make learning more inclusive for students with disabilities or those in remote areas.

Digital pedagogy also challenges us to rethink the epistemological foundations of education. In a world where information is abundant and easily accessible, the value of education lies not in memorization, but in curating, analyzing, and applying knowledge meaningfully. Digital tools, when used effectively, can support this deeper learning process. Furthermore, it recognizes the power of multimedia – video, audio, simulations, interactive apps — in enhancing comprehension and engagement. Learners today are not just readers or listeners; they are viewers, creators, coders, and participants in a global digital conversation

From Traditional to Digital – Changing the Educational Paradigm

To fully understand the revolutionary nature of digital pedagogy, we must compare it with traditional educational paradigms. For centuries, the dominant model was based on lecture-based instruction, where the teacher disseminates knowledge and the students absorb it. This model assumes a linear, hierarchical structure: the teacher knows, the student learns. Digital pedagogy disrupts this model by promoting a more dynamic, interactive, and egalitarian approach. Let's consider key differences:

Aspect	**Traditional Pedagogy**	**Digital Pedagogy**
Learning Approach	Passive reception	Active construction
Role of the Teacher	Knowledge authority	Learning facilitator
Use of Technology	Minimal or supplementary	Integral to the process
Assessment	Standardized, summative	Continuous, formative, diverse
Classroom Space	Physical, fixed	Blended, flexible, virtual or hybrid
Content Delivery	Text-heavy	Multimedia-rich, multimodal
Learning Pace	Uniform	Adaptive and personalized

In digital environments, students often work in teams on collaborative projects, engage in discussions across platforms, and use tools like wikis, blogs, and forums to contribute to shared knowledge. Peer-to-peer learning becomes as important as teacher-led instruction. Moreover, digital pedagogy aligns with the needs of modern learners – often called "digital natives" – who are comfortable navigating digital landscapes. These learners expect education to be interactive, meaningful, and relevant to their lives. Therefore, digital pedagogy responds to a broader cultural shift in how we learn, communicate, and interact with information in the 21st century Digital pedagogy is powered by an ecosystem of **technological tools**, but what makes it pedagogically effective is **how** these tools are used. Technology should support learning objectives, not overshadow them. Let's explore some of the most effective tools and strategies: Learning Management Systems

Platforms like **Moodle**, **Canvas**, and **Google Classroom** provide a virtual hub for courses, resources, assessments, and communication. LMSs allow for structured content delivery, assignment tracking, and feedback in both synchronous and asynchronous settings. Gamified elements – such as points, leaderboards, and badges – increase motivation and engagement. Tools like Kahoot, Quizzes, and Class craft turn assessment into a fun, interactive experience. Videos, podcasts, simulations, and animations cater to different learning styles and make complex concepts more accessible. Tools like Puzzle or Near pod allow teachers to embed questions directly into videos. Artificial intelligence enables platforms to adapt content to the learner's level and pace. For example, Socrative, Smart Sparrow, and Knewton personalize learning experiences in real time. Google Docs, Miro, Pad let, and Trello facilitate real-time collaboration. Students can co-create documents, brainstorm, and organize projects – essential skills for modern workplaces.AR and VR bring experiential learning to new heights. Students can dissect a virtual frog, explore the solar system, or walk through ancient Rome using apps like Google Expeditions or Co Spaces Edu. Each tool should be chosen not for novelty, but for its alignment with learning outcomes, pedagogical goals, and student needs.

Flexibility Students can learn at their own pace, on their own schedule, from anywhere in the world. This is especially valuable for adult learners, remote communities, or students with specific needs.

1. Enhanced Engagement
   Interactive media, games, and simulations make learning more enjoyable and memorable.

2. Personalization
   Adaptive systems respond to individual progress and preferences, allowing for differentiated instruction.
3. Collaboration and Communication
   Learners connect with peers and instructors in new ways – across borders and disciplines.
4. Skill Development
   Learners gain digital fluency, problem-solving skills, critical thinking, and media literacy.

Challenges and Risks

Digital Divide: Not all students have access to reliable internet or devices. This can exacerbate educational inequality. Tech Fatigue: Excessive screen time can reduce focus and well-being. Teacher Preparedness: Many educators lack training in digital tools or pedagogical strategies for online environments. Assessment Integrity: Online assessments raise concerns about cheating and academic honesty. Privacy and Ethics: Managing student data responsibly is critical but complex. The success of digital pedagogy depends on institutional support, policy frameworks, and a shared commitment to equity and inclusion.

Digital pedagogy is not simply a reaction to technological advancement – it is an intentional, forward-looking reimagining of education. In a world that is increasingly interconnected, diverse, and fast-changing, education must evolve to remain relevant and effective. Moving forward, educational institutions should prioritize: Professional development for educators in digital tools and pedagogy Infrastructure investment to ensure digital equity Student-centered design, focused on active learning and engagement Ethical use of technology, including data privacy and AI accountability The goal is not to replace traditional education but to enhance it, combining the best of human teaching with the possibilities of technology. Digital pedagogy invites us to create learning environments that are more inclusive, innovative, and aligned with the needs of today's learners.The revolution in pedagogy has already begun. The question is no longer whether we should embrace digital pedagogy – but how well we can implement it to empower the next generation of learners, and thinkers.

Conclusion. Digital pedagogy marks a pivotal transformation in education, offering new opportunities to create more engaging, personalized, and accessible learning experiences. By leveraging technology, educators can move away from traditional, one-size-fits-all approaches and adopt methods that emphasize active, collaborative, and self-directed learning. However, as we embrace this shift, it's essential to address challenges like the digital divide, teacher training, and ethical considerations to ensure that all students can benefit from these advancements. The future of digital pedagogy holds immense promise, with innovations like AI, VR, and global collaboration further enhancing how we learn and teach. As we continue to explore the possibilities of digital tools in education, the focus must remain on fostering a learner-centered environment that prepares students for success in a rapidly evolving digital world.

Literature:

1. New Digital Technology in Education./ Wang Ng – Springer, 2015.

2. Future directions in Distance learning and Communication technologies / Timothy Shin, Jason Hang – 2016.

3. Бережнова, Е.В.. Условия организации skype конференций в профессиональной подготовке переводчиков. / Е.В. Бережнова, Д.А. Петрова // Образование и общество. – 2017.

4. Голосова, С.В. Основные парадигмы со временной педагогической науки / С.В. Голосова, Л.П. Федоренко // Научно методический электронный журнал «Концепт». – 2016 – Режим доступа: http://e koncept.ru/2016/76035.htm.

5. Гриншкун, В.В. Проблемы и пути эффективного использования технологий информатизации в образовании: Сообщение для обсуждения на заседании бюро отделения

философии образования и теоретической педагогики РАО (при участии отделений профессионального образования и общего среднего образования) / В.В. Гриншкун. 27 февраля 2018.

6. Калинина, С.Д. Вебинар как форма электронного обучения в высшей школе / С.Д. Калинина // Вестник МГИМО Университета. – 2015.

ӘОЖ 378.124

Қасымбаева Г.Н. – т.ғ.к., ассистент ассоц. профессора ХКГУ (Алматы қ.)

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОО СТУДЕНТТЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа: *Мақалада жалпы білім беру пәндерін оқыту процесіне интерактивті оқыту әдістерін жүзеге асырудың артықшылықтары мен мүмкіншіліктері, мысалдары келтірілген. Мақалада көрсетілген интерактивті формалар студенттердің оқу-танымдық қызметін арттыруға мүмкіндік береді. Мақалада жоғары оқу орындарында оқытудың заманауи әдістерінің ерекшеліктері көрсетілген.*

Түйінді сөздер: *интербелсенді оқыту, интербелсенді оқыту әдістері, оқыту нәтижелері, сөйлеу дағдылары, қарым-қатынас құзіреттілігі.*

Кіріспе. Болашақ маманның кәсіби және әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастырумен қатар, оларды қоғам талабына сай дайындау – жоғары мектеп оқытушыларына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта жоғары оқу орнында жаңа білім беру парадигмасына сәйкес болашақ мамандарды дайындауда құзыреттілікке ерекше назар аударылады. Осы орайда техникалық мамандық таңдаған студенттерді әлеуметтік пәндерді оқыту барысында да кәсіби еңбек саласында пайда болған әртүрлі мәселелерді шешуге даяр болашақ маманды қалыптастыру үшін олардың өзін-өзі дамыту және жетілдіруіне оңтайлы жағдай ұйымдастыру қажет. Тұлғаның танымдық және интеллектуалды әрекеттерінің дамуында интербелсенді оқыту әдістемесін қолданудың алатын орны ерекше. Оқыту үрдісінде болашақ инженер маманның шығармашылық қабілетін, креативтілігін, оның танымдық іс-әрекетін дамытумен қатар студенттің белсенділігін арттыру әрбір ЖОО оқытушысының міндеті болып табылады. Басқаша айтқанда тұлғаға бағдарланған іс-әрекет оның тек білім алуына ғана шектелмей, сонымен қатар тұлғалық қасиеттерінің дамуына да ықпал етеді. Атап айтсақ, шығармашылық ойлау, бастамашылдық, өзіне сенімділік, адекватты өзін өзі бағалау, бірлесе әрекет ету, жетістік мотивациясы, жұмысқа қабілеттіліктің жоғары болуы, өзін жүзеге асыру және жетілдіру [1, б.3] сынды сапаларды қалыптастыру болашақ маман тұлғасының жалпыадамзаттық құндылықтарының негізі болып табылады.

Студент тұлғасының дамуы оның оқыту үрдісіндегі оның танымдық іс-әрекетке белсенді араласуына тікелей байланысты екендігі белгілі.

Даму тарихы. Заманауи инновациялық оқыту технологияларының негізі бірлесе үйрену идеялары болып табылатынына қазақстандық ғалымдардың еңбектері де арналды [2, б.36-37]. Бірлесе үйренуде әрбір студент басқалармен өзінің білгенімен бөлісіп, өз идеяларымен, ойларымен алмасады, өз позицияларын дәйекті түрде негіздей алады, яғни

таным процесі барысында және соңғы нәтижесіне өз үлесін қосып, тиімді нәтижеге қандай бірлескен оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Интербелсенді оқыту жаңа білімді меңгеру үрдісінде білім алушылардың өзара тиімді «оқытушы – студент», «студент – студент», «студент - өзімен өзі» қарым-қатынас құруына негізделеді және «әңгіме», «сұхбат», «пікір алмасу», «бірлескен іс-әрекеттер» және т.б. ұйымдастыру арқылы оқытушы да, студент те оқыту үрдісінің субъектісі болады, яғни таным процесіне белсенді араласады.

Қазақстандық ғалым А. Әлімовтың зерттеулерінде интербелсенді оқыту барысында білім игеру процесін ұйымдастырудың артықшылықтары келесідей: 1) барлық студенттерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға оңтайлы жағдай жасау; 2) әрбір студенттің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкінді жасау. Интербелсенді оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір студент танымның (оқып, меңгерудің) ортақ мағынасына және соңғы нәтижесіне өз үлесін қосып, топтағы студенттер арасында өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге, яғни білім алуға қандай бірлескен оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды [3, б.32].

Мәселенің тамыры – оқытудың интербелсенді әдістемесі. Осы мақалада мақсатымыз – техникалық жоғары оқу орнында өзіміз жиі қолданатын интербелсенді оқытудың әдістемелік ерекшеліктеріне тоқталу болды.

Халықаралық көліктік-гуманитарлық университетінде жүргізілген «Әлеуметтік – саяси білім модулінің» мақсаты – «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мән-мәтінінде (контекстінде) білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады.

«Әлеуметтік – саяси білім модулі» аясында оқытылатын «Психология» пәнін оқыту нәтижелері төмендегідей тұжырымдалды:

- жекелей және топтық қарым-қатынас барысында психологиялық білімдер мен психологиялық технологияларды қолдануға қабілетті болады;
- өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады;
- қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

«Психология» пәні бойынша «Тұлғаның денсаулық психологиясы» тақырыбын меңгеру барысында өткен дәріс және практикалық сабақтың SMART мақсаты: студенттердің өмірде және болашақ кәсіби қызметте пайдалануы үшін «Білемін, білгім келеді, білдім»; топта, жұпта пікір алмасу; үлгілеу; TED әдістерін пайдалана отырып, білімдерін жетілдіру арқылы аурулардың пайда болуы мен денсаулықты нығайтудың кем дегенде психологиялық 3 факторын анықтап, студенттердің салауатты өмір сүру салтын меңгеріп, олардың психикалық белсенді заттарды қолданудан түбегейлі бас тарту және зиянды әдеттерден арылу жолдарын талдап, кәсіби денсаулықты сақтауға дайындау.

Техникалық мамандықтарда оқитын студенттерінің ерекшеліктері бірі – логикалық ойлау қабілеті жақсы дамығанымен қатар, ауызекі сөйлеуі мен өз білімдерін ауызша баяндауын, сонымен қатар өз ойларын еркін жеткізулері де жетілдіруді қажет етеді. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, дәріс басында «Білемін, білгім келеді, білдім» әдісін қолдану барысында күнделікті өмірде денсаулық туралы ойлануға жағдай туғызып, студенттер алдымен жеке, содан кейін жұпта өздерінің білгендерін жазады. Студенттердің ойларын талқылап болған соң, тағы да қандай мәселелер туралы білу керек екендігіне көніл бөліп, болжам жасауға мүмкіндік жасалады. Дәріс барысында студенттер өз жазбаларын дәріс

мазмұнымен салыстыра отырып, «Менің дәріске дейін білгенім қандай деңгейде екен?» және «Менің білейін дегенім дәрісте қарастырылды ма?» сынды сұрақтар төңірігінде ойланады.

«Үлгілеу» әдісіне студенттерге шағын топтарда орындауға тапсырмалар берілді:

1) психика мен дененің өзара байланысы және өзара ықпалы;

2) аурулардың пайда болуы мен денсаулықты нығайтудың психологиялық факторлары;

3) психикалық белсенді заттарды қолдану мен зиянды әдеттер денсаулықты әлсіретуші фактор ретінде

Тапсырмаларды орындау барысында студенттердің барлығы белсенді түрде араласып, өз ойларын ортаға салып, бірін бірі толықтырып отырды. Студенттер берілген уақыт аралығында бірлесе отырып, топтық жоба құрастырды және аудиторияны жұмыс нәтижесімен таныстырды. Сонымен қатар, күнделікті оқу және оқыту үрдісінде туындайтын мәселелердің шешілу ерекшеліктерінен мысалдар келтірді, тұлғаның үйлесімі оның ішкі және сыртқы күйі арасындағы тепе-теңдік ретінде қарастырды. Сонымен қатар, адамның өзін және басқа адамдарды қабылдауы, өзін-өзі реттеу мәселелер» бойынша ойларын ортаға салды. Осылайша, студенттердің дайын жауаптарды пайдаланбай, тапсырмаларды орындауда өзіндік пікір құрастыруына, мәселелелерді шешу барысында өзіндік тұрғыдан жауап табуға мүмкіндік берілді.

Студенттердің сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін тапсырмалардың мазмұнын іріктеу және оның орындалу форматтарын жетілдіру мақсатында XX ғасырдың аяғында Америкада пайда болған TED форматта орындауға тапсырмалар беруді жөн көрдік. TED (ағылшын тіліндегі аббревиатурасы Technology, entertainment, design – технологиялар, ойын - сауық, дизайн) - жыл сайынғы конференцияларымен танымал американдық жеке коммерциялық емес қор болып табылады. Бірегей идеяларды тарату ("ideas worth spreading") – конференцияның миссиясы болып табылады. Қазақстанда TED конференция алғаш рет 2010 жылы өткізілді.

Ғаламторда саналуан тақырыптарда: ғылым, өнер, дизайн, саясат, мәдениет, бизнес, жаһандық мәселелер, технология және ойын-сауық туралы дәріс оқу, өз ойын ортаға салу немесе сөйлеу туралы видео-материалдарды көптеп кездестіруге болады.

Практикалық сабақ барысында «Инженердің кәсіби денсаулығын сақтау» тақырыбында тапсырма берілді. Көпшілік алдында сөйлеуге үйрету мақсатында 3-4 минут уақытта өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік беруді ұйғардық. Осы қысқа уақыт аралығында студенттер тыңдаушыларға өздерінің пікірлерін қызықты, оңтайлы, ерекше жеткізе білуі қажет болды. Осылайша болашақ мамандарды шешендік өнерге баулу, болашақ инженерлерге қажетті қарым-қатынас құзіреттілігін дамытуға алғашқы қадамдар жасауға жағдай жасалды.

Тапсырманы орындау барысында студенттер өз мамандықтары бойынша инженердің кәсіби денсаулығын сақтау мәселелерін жан-жақты талдады. Инженерлер жиі физикалық денсаулығына зиян тигізетін жұмыс ортасында болатындығын қарастырды.. Компьютер экрандарының алдында ұзақ уақыт өткізу, қайталанатын тапсырмалар және эргономикалық қиындықтар инженердің кәсіби еңбегінде жиі кездеседі. Тығыз мерзімдер, жоғары қысымды жобалар және үнемі инновацияға деген қажеттілік күйзеліске және шаршауға әкелуі мүмкіндігін де қарастыра отырып, инженердің психикалық саулығын сақтау үшін ұсыныстар мен нұсқаулар дайындады. Осы орайда өндірісте қызметкерлердің қауіпсіздік және тәуекелдерді басқару саласында автоматтандырумен қатар жасанды интеллектіні пайдалану мүмкіндіктеріне де назар аударылды.

Ұсыныстар және қорытынды. Нәтижесінде, белсенді қатысқан бірнеше студент Халықаралық көліктік-гуманитарлық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерге арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркендеген қоғам.» тақырыбында өтетін халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға және баяндама дайындауға өз тілектерін білдірді.

Инженерия саласындағы болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған жүйелі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде студенттердің бойында сын тұрғысынан ойлау қабілеті, командада жұмыс істеу қабілеті, талдау жасау және жинақтау қабілеті, проблемаларды шешу қабілеті сияқты тұлғааралық және инструментальдық іскерліктерімен қатар, үйренуге деген қабілеттілік, меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдана алу қабілеті сынды пәндік іскерліктері де дамиды.

Жоғары мектеп оқытушысы өзінің кәсіби қызметінде студенттің пікіріне құлақ асуға, пән мазмұнына байланысты оқытудың тиімді әдістерін таңдауға көңіл бөлгені дұрыс. **Болашақ маман дайындау барысында студенттердің тақырыпты меңгеру деңгейін арттыру үшін интербелсенді оқыту әдістемесін оқыту үрдісінде** тиімді таңдау мен қолдану оқытудың нәтижелігін жоғарылатады.

Әдебиеттер тізімі

1. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы национальной системы образования и пути их решения /Международная научно-практическая конференция «Психологическая наука и практика в современном обществе: проблемы, опыт, перспективы», А. 2018. – 456 с.
2. Жакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения, Алматы, «Қазақ университеті», 2002. - 117 с.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 448 б.
4.Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы.Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 бет.

ӘОЖ 342.41

Мукамеден Д. – магистр, аға оқытушысы ХКГУ (Алматы қ.)

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа: *Аталған мақалада білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге бет алуы барысында мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері қарастырылады.*

Түйінді сөздер: *кәсіпкерлік, әлеуметтік, конституция.*

Кез келген іс-әрекет сияқты, басқару да бірқатар қағидаларды ұстануға негізделе отырып жүргізіледі. Басқару қағидалары басқару заңдылықтарының нақты байқалуы мен бейнеленуі болып табылады. Басқару заңдылықтарынан шығатын қағидалар жұмысты басқарушылар үшін негізгі қағидалар ретінде қызмет етеді. Басқарудың мұндай жалпы қағидаларына жататындар: педагогикалық жүйелерді басқаруды демократизациялау мен ізгілендіру; басқарудағы жүйелілік пен тұтастық; орталықтандыру мен таратуды (децентрализация) ұштастыру; бірыңғай және алқалық баскару бірлігі; педагогикалық жүйелерді басқарудағы ақпараттар объективтілігі мен толықтығы. Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік –

экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады [1].

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, өмірге енуде. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация оқытушы - рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында оқытушылар мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере

отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс»белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз » деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы». Латын тіліндегі « компетенс»сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез- құлқын , ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені,құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты » деп көрсетеді. Қ.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды [2].

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский, т.б еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік-кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін педагогтың жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін

анықтаған. Обьективті критерийлер. Педагогтың өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді. Субьективті критерийлер.

Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Педагог еңбегіндегі субьективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады. Нәтижелі критерийлер. Педагог өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым- қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы. Шығармашылық критерийлер. Педагог өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл педагог үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр педагог ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: педагог өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі:мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең.

Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- педагогтың, жаңашыл-педагогтың, зерттеуші-педагогтың, кәсіби дәрежесіне көтерілген педагогтың жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Ең бірінші кезекте педагогтың «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай педагогты талап етеді. Педагог – білім алушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушылардың шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз [3].

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын білім алушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; білім алушының түрлі дара қабілеттерін арттыру. Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша білім алушының пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты білім алушының танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын

жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Педагог сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ білім алушының ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі баллардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, білім алушының шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір педагогтың міндеті.

Жаңа технологияны меңгеруде оқытушының жан – жақты білімі қажет. Қазіргі оқытушы:

- педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- білім алушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- білімді, іскер, шебер болу керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы білім алушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі білім алушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі білім алушы:

- дүниетаным қабілеті жоғары;
- дарынды, өнерпаз;
- іздемпаз, талапты;
- өз алдына мақсат қоя білу керек.

Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан адамның тән-дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді. Ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін, ата-анамен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын, бала тәрбиесіне әсер ететін жанұяның мақсатты адамгершілік бағыттарын, баланың жанұядағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін, ата-ананың тәрбие құралдарын, тәсілдерін, әдістерін пайдалана алу қабілеттерін, баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады. Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады [4].

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Оқытушының басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Бәрімізге белгілі, біздің қоғам аса күрделі жағдайларды бастан кешірді. Өтпелі кезеңге тән өмірдің ауыртпалықтарын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ адам қандай жағдайда да өзінің биік адамгершілік сипаттарын, кісілік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс. Тәрбиенің осы жақтарын қазақ жастарының санасына кішкентайынан терең енгізу қажет. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да білім алушының бойында адамгершілік және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, азаматтыққа тәрбиелеу және олардың ақыл – ойын айқындау басты міндет екендігі айтылған. Олай болса, қоғам болашағы- жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, сана-сезім қалыптастыратын салауатты тәрбие беру мазмұнын жаңаша құру қажет. Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына

көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты білім алушының белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Егеменді елімізді дүние жүзі елдерімен терезесі тең болатын дәрежеде өркендететін, негізгі тұтқасын ұстайтын, дүние әлемін шарлайтын біздің дарынды да қабілетті ұландарымыз екенін ұмытпайық. Олардың бойындағы дарынын қабілетін дамыту – ұстаз, ата-ана және қоғам қауымының міндеті. Жеке тұлғаны өздігінен білім алуға баулу – оны ғылым мен мәдениетке үйрету, білім, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Бұл аталған міндеттерді іске асыру үшін тілдік тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру маңызды. Жеке тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Жеке тұлғаның құндылық бағдары ұлттық сана, отан сүйгіштік қасиеттерінсіз іске аспайды. Құндылық бағдар дегеніміз - бұл қазіргі уақытта жеке тұлғаның құндылыққа бағдарланған ой-санасы, пікірі, көзқарасы, сенімі, іскерлігі, ішкі мүмкіндігі. Құндылық бағдар тіл үйренушінің оқу-танымдық әрекетіне түрткі болып, тіл үйренуіне ықпал етеді, ол оқу әрекетінің құрамдас бөліктеріне тікелей байланысты, мақсаттың орындалуын анықтайды. Құндылық бағдар – жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік құндылықтарды мақсат етіп ұстауы, адамның қоршаған ортаға, құндылықтар тобына деген карым–қатынасы. Жеке тұлғаның таңдаулары құндылық бағдарлар жүйесіне бірігеді.

Адамның даму үдерісі бүкіл өмір бойы тоқталмайды. Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі «адамның өмірлік әлемі», «әлемнің бейнесі», әлеуметтік ортаның ішкі нұсқаулары, нормалары, уәждемелік қажеттілік өрісі, адам белсенділігінің негізгі реттеушісі болып табылады. Құндылық бағдар сананың негізін құрайды, дүниетанымдық көзқарастарына әсер етеді, өзгермелі саяси-экономикалық жағдайларда тұлғаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, уәждемені реттейді, тұлғаның іс-әрекетін бағыттап, адам өмірінің мінез-құлықтық құрамдас бөлігін анықтайды. Осылайша, құндылық бағдар негіз құраушы, тұрақтандырушы, реттеуші, бағыттаушы қызметтер атқарады. Құндылықтар қоғамдық қатынастарды реттейді, оның дәстүрлері мен нормаларының қызмет етуін қамтамасыз етеді, қоғам үшін аса үлкен маңызға ие. Құндылықтар құрамына күнделікті қалыптасқан нормалармен бірге, ерекше жоғары мәнге ие болған талаптар да енеді және олар әрбір мемлекет үшін маңызды. Олардың негізінде жеке тұлғаның әлеуметтену үдерісі жүреді, оның тәлім-тәрбиесі, өмірдегі орны, мақсаттары мен міндеттері қалыптасады. Себебі, құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлық өлшемін білдіріп, оның адамгершілік санасын, басымдылықтарын анықтайды. Құндылықтар адам болмысының әр түрлі формаларына деген қатынасын білдіретін адамзат мәдениеті болуымен ерекшеленеді.

Қазіргі Қазақстан қоғамында әлеуметтік-лингвистикалық жүйені реттеу мен жетілдіру жүріп жатыр. Адам өз бейімділігіне лайықты жұмыс істегенде, барын сала кіріскенде ғана еңбегінің жемісін көреді. Ғалым Қ.Жарықбаевтың айтуынша: “Адам үшін іс-әрекетінің қашан да қоғамдық әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы мен жүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған істен белгілі бір нәтиже шығару – оның екінші бір басты белгісі болып табылады”. Сондықтан ересектердің мемлекеттік қазақ тілін үйренуге бейімділіктері мен белсенділіктерін айқындау мәселесінің зор әлеуметтік мәні бар. Өйткені қоғамымыздың болашақ даму деңгейі осы

мәселенің қай дәрежеде шешілуіне тікелей байланысты. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және жүріп жатқан күрделі жаңғыру үдерісі жағдайында бүгінгі таңдағы түбегейлі мәселе – адамды іс жүзінде қоғамдық дамудың басты тұлғасы ету заңды құбылыс. Ересек тіл үйренушінің әлеуметтену үдерісі де заман талабына сай болып отыр. Адамдардың тұлғалық қарым-қатынасы негізінде ой-пікірлердің тоғысуы жүзеге асады. Адамды тұтастықта тұлға деп тану қоғамды жаңаша құруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі үздіксіз дамытып, өз әрекетін өзі дұрыс бағалай алатын тұлғалар ғана бәсекелестікке қабілетті қоғамда өз тиесілі орнын таба алады. «Тұлға - өз-өзіне тұтас дүниемен өзара қатынастарын үнемі баяндайтын және ойдағы әңгімелесушімен ішкі полемика барысында өзін-өзі анықтайтын, кіналайтын, қорғайтын, өзін-өзі жетілдіріп, өзгертетін адам. Тұлға – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны.

Тұлға әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады». Бұған қатысты Д.В.Ольшанский: “Тұлға дегеніміз – қарым-қатынастың, сонымен бірге адамдармен байланысудың толып жатқан басқа да түрлерінің нәтижесі”, - деген пікір білдірген. Б.Г.Ананьев тұлғаның дамуының әлеуметтік мәселелеріне тоқтала келіп: “Тұлға – тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде, белгілі бір қоғамдық-экономиялық формацияда, белгілі бір ұлттық құрамы бар елде қоғамның жеке адамға көптеген экономикалық, саяси, құқықтық, адамгершілік және т.б. әсерлерінің нысанасы”, - деген анықтама береді.

Демек, XXI ғасырдың бастапқы кезеңін басынан кешіріп отырған 120 ұлттан құралған тәуелсіз Қазақстан қоғамы да тіл үйренуші мемлекеттік қызметшілерге жан-жақты әсер етеді. Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту үдерісіне тіл үйренушінің тұлғалық дербестігіне баса көңіл бөлу, оқыту мен тәрбиелеуде оның өзіндік дамуын жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл арқылы жүзеге асыру тән. Осыған байланысты қазіргі білім мен біліктілікті арттырудың дамуында жаңа тенденциялар байқалады. Негізгі күш тіл үйренушінің тілдік тұлғасын дамытуға, оның қалыптасуы мен жетілуіне жұмсалады. Қазақ тілін жеделдете оқытудың мақсаты – тілдік тұлғаның өзін дамытуы мен өзін жетілдіруіне мүмкіндік жасау. Оқытудағы бағдар материалдың құрылымы мен нақты жағдайларды логикалық тұрғыдан түсініп, талдау және өнімді қатысымдық әрекет нәтижесінде жаңа білім алудың тәсілдерін ашу, қоғам алдындағы нақты мәселелерді шеше білуге бағытталады. Қазіргі уақытта біліктілікті арттыру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуда жеке тұлғаның өмірі, құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып саналатын Қазақстан Республикасының Конституциясы басшылыққа алынады, білім беруді ізгілендіру мен демократияландыру ұстанымдары анықтайды. Ол «білгір адам» парадигмасын ауыстыратын «білікті тұлға», «қатысымдық тұлға», «құзыретті тұлға» парадигмасы болып табылады.

Әлемдік практикада өткен ғасырдың 40-жылдарында қолданысқа ене бастаған «үздіксіз білім беру» термині ересек адамдарға білім беру жүйесі ретінде қарастырылады. Дәстүрлі өмірлік білім беру идеясының орнына өмір бойы білім алу идеясын басшылыққа алудың дұрыстығы заман талабынан туындап отыр. Жеделдете оқыту жүйесі педагогикалық жүйелердің бөлігі бола отырып, адамның белгілі бір деңгейдегі еркіндік дәрежесін жүзеге асырады, яғни оны сол мезетте қажет болатын белгілі бір іс-әрекетке бағыттайды. Өз кезегінде жеке тұлға өз қатысымдық құзыреттілігін дамытуға ұмтыла отырып, тілдік тұлға деңгейіне көтеріледі. Өз бетімен білімін жетілдіру жеке тұлғаның барлық ішкі жүйелерін біртұтастыққа жұмылдыруға мәжбүр етіп, оған жаңа қырынан танылуға, құндылықтары мен қызығушылықтарын жаңадан бағыттауға және өзін жетілдіріп, қайта құрылуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі дамыту кезінде тілдік тұлға ұйымдастырудың жаңа деңгейіне көтеріледі де, ол одан сайын дамып, күрделілене түседі. Талап, ынта, жаңашыл бастамалар, шығармашылық

белсенділік, ізденушілік - тілдік тұлғаның даму үдерісінің көрсеткіштері болып табылады. Үздіксіз білім беру жүйесінің ұстанымдары жеке тұлғаның жан-жақты жалпы мәдени дамуы, тұлғаның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, әлеуметтік тұрақтылық және әлеуметтік даму және т.б. функцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты [5].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б.
2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана. 2004. 28-б.
4. Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования// «Государство и образование», 2002. 88-б.
5. Хуторской В.А. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования. //«Народные образования», №2, 2003. 58-94-б.

ОӘЖ 343.8

Рустемова Г.Р. – з.ғ.д., профессор ХКГУ (Алматы қ.)
Бишкеев Е.К. – магистрант ХКГУ (Алматы қ.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада, Қазақстан Республикасының пенитенциарлық мекемелерінде терроризмнің таралауының алдын алудың қазіргі жағдайына сипаттама және құқықтық талдау жасалған. Сондай-ақ, қазіргі терроризм адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы мен қол сұғылмаушылығына қауіп төндіретінін ескере отырып, Конституция (2-бап) Қазақстан Республикасы өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмаушылығын және бөлінбейтіндігін қамтамасыз етеді деп белгілейді. Аумақтың тұтастығы мен тұтастығы мемлекеттің негізгі элементтерінің бірі болып табылады, ал оларды қорғау және қамтамасыз ету оның маңызды функцияларының бірі болып табылады.*

Түйінді сөздер: *Пенитенциарлық мекеме, жаза, бас бостандығын шектеу, терроризм, қылмыстық әрекет, Конституция, қылмыс, құқықбұзушылық.*

Террористік қылмыстардың ықтимал көріністерінің алдын алудың, анықтаудың және жолын кесудің табысын айқындайтын аса маңызды мән-жай терроризмге қарсы тиімді ұлттық заңнаманың болуы болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы күрестің құқықтық негізі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ратификацияланған халықаралық шарттар;
- Қазақстан Республикасының қылмыстық, әкімшілік, қылмыстық-атқару кодекстері;
- «Терроризмге қарсы күрес туралы» ҚР Заңы [1] ;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы [2] ;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы [3] ;

- «Ұлттық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңы [4] ;

- «Жедел-іздестіру қызметі туралы» ҚР Заңы [5] ;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы [6] ;

- ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер (бұйрықтар, нұсқаулықтар, нұсқаулар).

Тұжырымдамасы тұжырымдамалық өзгерістерге ұшыраған соңғы заңның қабылдануы (бұрын заң «терроризмге қарсы күрес» тіркесімен жұмыс істеген, ал соңғы өзгерістер аясында «терроризмге қарсы іс-қимыл» тіркесі айналымға енгізілген) іргелі заңнамалық актілерге түзетулер енгізгені сөзсіз. Атап айтқанда, «терроризмге қарсы күрес туралы» Заңның кіріспесінде «осы Заң Қазақстан Республикасындағы терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметінің тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асыруға байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайды»делінген. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының кіріспесіне сәйкес, « осы Заң терроризмге қарсы іс-қимылдың, терроризмнің алдын алудың, терроризм салдарын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың негізгі қағидаттарын, мақсаттарын, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін,сондай-ақ адам мен азаматтың міндеттері мен құқықтарын, терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты олардың сақталу кепілдіктері». Осы зерттеуге қатысты соңғы Заң бізге анағұрлым жетілдірілген болып көрінеді, өйткені ол айналымға неғұрлым қолайлы тұжырымдамалық аппаратты енгізеді, әсіресе бұл «терроризмнің алдын алу» анықтамасына қатысты.

Сондай-ақ, «террористік акция» тіркесін (терроризм актісін не Террористік мақсаттарды көздейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген өзге де қылмыстарды тікелей жасау) «терроризм актісі» (жарылыс жасау, өртеу немесе адамдардың қаза болу, елеулі мүліктік залал келтіру не өзге де қоғамдық қауіпті зардаптардың туындау қаупін туғызатын өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасау қаупі. егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу мақсатында жасалса, халықты қорқыту не Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына ықпал ету, сондай-ақ сол мақсаттарда жасалған адамның өміріне қол сұғу, сол сияқты мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату мақсатында не осындай қызметі үшін кек алу үшін жасалған мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қол сұғу).

Сондай-ақ, 1-бапқа «кепілге алынған», «терроризмді қаржыландыру», «терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі», «терроризмге қарсы іс-қимыл», «терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган», «терроризмнің алдын алу», «террористік топ», «объектілер» деген қосымша ұғымдарды енгізу түрінде толықтырулар енгізілді, террористік тұрғыдан осал. Осылайша, «терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңды қабылдау аясында заң шығарушы терроризмнің алдын алу бойынша кешенді нормативтік-құқықтық актіні әзірлеуге әрекет жасады, бұл ҚР-дағы терроризмге қарсы іс-қимыл проблемасындағы өте оң үрдіс болып табылады.

Терроризмге қарсы күресті құқықтық қамтамасыз ету жүйесі, ең алдымен, Қазақстан Конституциясының тиісті ережелеріне негізделеді.

Мәселен, ҚР Конституциясының 1-бабы адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары құндылық екенін және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау - мемлекеттің міндеті екенін айқындай отырып, ҚР конституциялық құрылысының іргелі негіздерінің бірін тұжырымдайды. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жариялау сонымен қатар мемлекеттің оларды қорғау үшін арнайы мекемелер (соттар, құқық қорғау органдары және т.б.) құру міндетін білдіреді. Мемлекеттің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау міндеті Конституцияның барлық мазмұнына енеді.

Қазіргі терроризм адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы мен қол сұғылмаушылығына қауіп төндіретінін ескере отырып, Конституция (2-бап) Қазақстан Республикасы өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмаушылығын және бөлінбейтіндігін қамтамасыз етеді деп белгілейді. Аумақтың тұтастығы мен тұтастығы мемлекеттің негізгі элементтерінің бірі болып табылады, ал оларды қорғау және қамтамасыз ету оның маңызды функцияларының бірі болып табылады.

Мақсаттары немесе әрекеттері Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін күштеп өзгертуге және тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, қарулы құралымдар құруға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салатын Конституцияның ережелері (5-бап) маңызды болып табылады.

Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың негізгі құқықтарының бірі (15-бап) - өмір сүру құқығы. Конституцияда өмір сүру құқығын бекіту мемлекеттен терроризмге және басқа да қылмыстық қол сұғушылықтарға қарсы шешуші күресті талап етеді, нәтижесінде адамдар өледі [7].

Жоғарыда аталған нормативтік құжаттарды қабылдау, сондай-ақ халықаралық шарттарды ратификациялау теория мен практиканың алдына заңнамалық ережелерді дұрыс түсіну мен біржақты түсіндіруді қамтамасыз ету, тұжырымдамалық аппаратты одан әрі дамыту бойынша жаңа міндеттер қояды. Мәселен, мысалы, «терроризм» ұғымының анықтамасы әлі де әзірленбеген. Мұндай жағдайлар құқық қолдану практикасында заң нормаларын әр түрлі түсіндіруді тудырады және осы негізде терроризмге қарсы күрестің барлық аспектілерін, оның алдын алуды, жолын кесуді және қылмыстық жауаптылықты іске асыруды қамтитын тиісті заңнамалық актілерді әзірлеуге және қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асыруға байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын террористік қылмыстарға қарсы күрес саласындағы ҚАЖ қызметінің құқықтық негізі: ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заң [8], ҚР Қылмыстық кодексі [9], «Терроризмге қарсы күрес туралы» ҚР Заңы [1], «Терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [2], «Терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы және «Терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы [3].

Терроризмге қарсы күрес мәселелеріне ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» [7], «Жедел-іздестіру қызметі туралы» [5], «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» [10] және т. б. заңдары да тікелей қатысы бар.

Егер бұрын қолданыста болған қылмыстық заңда тек мемлекет немесе қоғам қайраткерлеріне қарсы терроризм көріністері үшін жауапкершілік көзделсе,онда қазіргі

қылмыстық заң кез келген адамға қатысты терроризм көріністері үшін де жауапкершілікті көздейді [11, 98].

Сонымен қатар,осы бұйрықтың мәтінімен «биотерроризм» термині алғаш рет ресми құжаттарда пайда болды [12, 98].

Терроризмнің негізгі элементтері-қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту, зорлық-зомбылық немесе материалдық объектілерді жоюмен және адам өлімінің нақты қаупін тудырумен байланысты зорлық-зомбылықпен қорқыту арқылы тиісті органдардың шешім қабылдауына әсер ету. Бұл құрамдас бөліктерге мемлекет немесе қоғам қайраткеріне олардың қызметтік және қоғамдық функцияларын орындауына байланысты қол сұғушылықтар, сондай-ақ халықаралық қатынастарды бұзу мақсатында халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдар жатады [13, 301].

Террористік қылмыстардың алдын алу мәселесін зерттеу кезінде, ең алдымен, олардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қарастыру қажет, өйткені қылмыстық құқық нормалары заңмен қудаланатын әрекеттерді анықтайды және дәл осы әрекеттерге байланысты криминологиялық профилактика объектілері анықталады.

Осы зерттеудің мақсаттарына қол жеткізу үшін терроризмнің қылмыстық-құқықтық құрамдас бөлігін сипаттау қажет.

Сонымен, терроризмнің нысаны – қоғамдық қауіпсіздік. Қосымша объект азаматтардың өмірі мен денсаулығы, меншік, басқарудың қолданыстағы тәртібі және т.б. болуы мүмкін, сондықтан терроризм көп объектілі қылмыстардың қатарына жатады.

Бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі субъектінің айналасындағыларға қорқыныш, үрей туғызуға, азаматтардың әлеуметтік пайдалы қызметін, билік пен басқару органдарының қалыпты жұмысын тоқтатуға және сол арқылы өзінің қоғамға қарсы мақсаттарына жетуге деген ұмтылысы болып табылады. Бұл қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қауіпсіздік-бұл қоғамның өміріне қауіпсіз жағдай жасау, оның әртүрлі институттарын дамыту туралы туындайтын қатынастар жүйесі. Зерттеушілер қоғамдық қауіпсіздіктің объективті және субъективті критерийлерін ажыратады. Объективті критерий-бұл заңнамалық реттеу жүйесінің нақты қорғалу деңгейі, материалдық құралдарды пайдаланудың ұйымдастырушылық шаралары, құқық қорғау органдары мен басқа органдардың осы шараларды жүзеге асыруы. Субъективті критерий әлеуметтік психологияның бір бөлігін көрсетеді. Онда өз қауіпсіздігі мен басқалардың қауіпсіздігі сезімі, тыныштық жағдайы, мемлекеттік және қоғамдық билік және басқару институттарының қалыпты жұмысына деген сенімділік көрінеді.

Терроризм субъектісі – 14 жасқа толған жеке есі дұрыс адам, ал 1,2,3 сағаты бойынша-16 жасқа толған адам [9]. Іс жүзінде террористік әрекетті жасаған адам «террорист»деп аталады. Алайда, бұл жерде «терроризмге қарсы іс - қимыл туралы» Заңға сәйкес «террорист» ұғымы кеңірек түсіндірілетінін атап өткен жөн-террористік әрекетті жүзеге асыруға қатысатын адам оның кез-келген түрінде. Осы Заңның ережелерін талдау бұл жерде біз террористік әрекеттерді жасаған адам туралы жалпы түсінікпен айналысамыз деп сенуге негіз береді. Бұл анықтаманың орбитасына тек орындаушының өзі ғана емес, сонымен бірге қылмыс жасауға себеп-салдарлық және кінәлі адамдардың бүкіл тобы кіреді. Терроризм үшін қылмыстық жауапкершіліктің өте төмен жасы өзіне назар аударады. Бұл жағдай терроризмнің ерекше қасиетін - оның қоғамдық қауіптілігін тағы бір рет растайды.

Осылайша, заң шығарушы терроризмнің объективті жағының моделін жасады, бұл қылмыс адам өлімі, мүліктік залал немесе басқа да салдарлар түрінде зардаптардың туындау қаупін тудырған осындай әрекеттерді жасау фактісі бойынша аяқталған деп танылды. Заң шығарушы мұндай құрылымға келесі жағдайларда жүгінеді: не жасалған әрекеттің салдарын анықтау мүмкін емес, өйткені олар әртүрлі зиян көріністерінің қалыңдығында (моральдық,

мүліктік, ұйымдық-басқарушылық және т.б.) немесе іс-әрекеттің өзі соншалықты қауіпті, сондықтан заң шығарушы қылмыстың аяқталу сәтін нақты келтірілген зиянның болуымен байланыстыру мүмкін емес деп санайды. Оның объективті жағын қалыптастырудағы Терроризм жоғарыда аталған екі жағдайға да жатады. Заңда көзделген салдарларды келтірудің қауіптілігі, осылайша, осы қылмыстың нақты салдары болып табылады. Осыған сәйкес, терроризмнің объективті жағын сипаттайтын белгілерді саралау кезінде іс-әрекеттер мен салдардың туындауының себеп-салдарлық қауіптілігі арасында себеп-салдарлық байланыс орнату қажет.

Субъективті жағынан терроризм кінәнің қасақана түрімен сипатталады, сонымен қатар бұл қылмыс тек тікелей ниетпен жасалуы мүмкін. Бұл жағдайды келесі белгілер көрсетеді: біріншіден, терроризм кезінде арнайы мақсаттың болуы, екіншіден, объективті белгілердің дизайны. Тікелей ниет дегеніміз, адам осы қылмысты жасаған кезде оның жарылыстар, өрттер, басқа да әрекеттер жасайтынын біледі немесе мұндай әрекеттерге қауіп төндіреді, адамдардың қаза болу қаупін туғызудың, мүліктік елеулі залал келтірудің және басқа да зардаптардың туындауын болжайды және арнайы мақсаттарды - қоғамдық қауіпсіздікті бұзуды көздей отырып, осындай әрекет түрін жасағысы келеді, халықты қорқыту, билік органдарының шешім қабылдауына әсер ету.

Біздің қоғам дамуының қазіргі кезеңінде егемен Қазақстанның ішкі саясатының құралдарының бірі оның халыққа, оның ішінде әрбір нақты адамға және азаматқа қатысты террористік сипаттағы әрекеттерге ден қою қабілеті болып табылады. Қазақстан Республикасы бұл бағытта үлкен жұмыс атқаруда. ҚР Конституциясынан басқа, бұған терроризмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық және басқа да шарттар дәлел болып табылады. Мысалы, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы 1999 жылғы 4 маусымда Минскіде қол қойылған Шарт, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Терроризмге, литикалық және діни экстремизмге, трансұлттық экстремизмге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимылдар туралы шарт-2000 жылғы 21 сәуірде Ташкент қаласында қол қойылған Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қатысты қылмыспен және өзге де қауіп-қатерлермен.

Терроризмге қарсы іс-қимыл практикасындағы жалпы заңдармен қатар пенитенциарлық жүйеде Террористік қылмыстардың алдын алу проблемасына қатысты ҚАЖ қызметкерлері терроризм үшін сотталғандармен жұмыста мынадай құжаттарды қолданады:

- Сотталғандар арасында тәрбие жұмысын ақпараттандыру, насихаттау және жүргізу, діни экстремизм мен терроризм идеологиясын ұстанатын адамдарды анықтау, сондай-ақ республиканың түзеу мекемелерінің персоналын дін негіздеріне және терроризм мен экстремизм көріністеріне қарсы іс-қимыл әдістеріне оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2008-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары [14];

- ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасарының қатысуымен өткен кеңес хаттамасының 4-тармағының 15-тармақшасына сәйкес ҚАЖ комитетінің аумақтық басқармаларына әзірленген және жіберілген деструктивті культтерді, Діни экстремизмнің көріну фактілерін қамтитын дәстүрлі емес діни ағымдардың түзеу мекемелерінде таралуының жолын кесу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар [15].

Сонымен қатар, біз бұрын айтқанымыздай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде террористік қылмыстары үшін сотталғандарға қатысты жазаны орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін нормалар жоқ [16]. Осы себепті белгілі бір қиындықтар туындайды. Мысалы, түзеу мекемелерінде терроризм үшін сотталғандар көп жағдайда тәрбие іс-шараларына, оқу процесіне тартылмайды, жұмысқа орналаспайды және т.б. Бұл негізінен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігімен, сондай-ақ сотталғандардың өздері осы іс-шараларға қатысқысы келмеуімен түсіндіріледі. Алайда, заңнамалық тәртіпте жалпы

ережеден мұндай ерекшеліктер қарастырылмаған. Нәтижесінде сотталғандардың құқықтарының бұзылуы да, ҚР қолданыстағы заңнамасының бұзылуы да орын алуда. Эмпирикалық деректерге негізделген бұл тұжырымдар терроризмнің пенитенциарлық профилактикасы мәселелері бойынша заңнамалық базаға тиісті өзгерістер енгізуге мүмкіндік берді.

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты-терроризмнің пенитенциарлық алдын-алу мәселелерін жалпылау, осы жағымсыз құбылыспен күресу үшін нақты шаралар кешенін қабылдау қажеттілігін негіздеу, оның маңызды белгілерін, жұмыс істеу ерекшеліктерін ашу және оған сенімді қарсы тұрудың құқықтық механизмін одан әрі дамыту. Қазіргі уақытта орын алып отырған заң шығару процесін талдай отырып, оның тиімділігінің жеткіліксіздігін айту керек. Бұл жағдай, өз кезегінде, мемлекеттің құқықтық іс-шараларының тиімділігін және заң шығарушы биліктің беделін төмендетеді. Заңнамалық жобалар, әсіресе терроризмге қарсы іс-қимыл сияқты өмірлік маңызды мәселелер бойынша әлемде, өңірде, елде, ахуалда қалыптасқан болжамды ескере отырып, алдын ала әзірленуі тиіс.

Қазіргі әлемде терроризм кең таралған және тұрақты құбылысқа айналды. Қоғам мен азаматтардың террористік актілерден, саяси қайраткерлерден немесе қарапайым азаматтардан қорғалуының нақты кепілдіктері жоқ. Терроризм жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік мүдделеріне күнделікті және сағат сайын нақты қауіп төндірді [17, 14].

Терроризмге қарсы күрестің проблемаларын қайта қарастыру, террористік іс-әрекеттің стимуляторы болып табылатын қоғамдағы күрделі әлеуметтік құбылыстар мен процестерді талдау қажеттілігі осы бағыттағы практикалық іс-шараларды үнемі қайта қарауды, теориялық әзірлеуді және жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі заманғы нормаларға сәйкес сотталғандардың басқа санаттарынан терроризм үшін сотталғандарды бөлек ұстауға жол берілмейтіндіктен, террористік идеологияның Басқа санаттарға таралуын болдырмау үшін профилактиканың нақты әдістері мен әдістерін қолдану қажет. Террористік және экстремистік қылмыстары үшін сотталғандар бас бостандығынан айыру орындарында мешіттерде, намаз оқитын бөлмелерде имамдардың орындарын иеленуге ұмтылатын жағдайлар бар, бұл да экстремистік және террористік идеологияның таралуына қауіп төндіреді. Аталған жағдайлар пенитенциарлық жүйе қызметкерлерін діни бағыттарды, теологиялық ілімдерді, жеке тұлға психологиясын зерттеу арқылы тиісті профилактикалық жұмыстарға арнайы дайындаудың нақты қажеттілігі бар екенін көрсетеді. Қазіргі қылмыстық-атқару жүйесі жағдайында террористік қылмыстары үшін сотталғандарға қатысты арнайы-криминологиялық шаралар кешенін қолдану қажеттілігі, біздің ойымызша, даусыз болып табылады [18,14].

Сотталғандардың осы санатымен жүргізілетін жұмыстың мазмұнын егжей-тегжейлі қарау кезінде оны келесідей сипаттауға болады. Террористік қылмыстары үшін сотталғандармен тікелей жұмысты жүзеге асыратын қызметкерлер негізінен жедел қызмет мамандары мен пенитенциарлық психологтар болып табылады. Осы қызметтердің міндеттеріне құқыққа қайшы мінез-құлықты болдырмау және одан әрі қайта әлеуметтенуге ықпал ету мақсатында сотталғандардың осы санатына қатысты профилактикалық қызмет жатады. Террористік қылмыс жасағаны үшін сотталғандардың барлығын жедел қызмет қызметкерлері мен психологтар профилактикалық есепке қояды. Сотталған адам ТМ-де болған кезде басқа сотталғандармен байланыста болған кезде үгіт-насихат тәсілдерін болдырмау мақсатында оларға үнемі жасырын бақылау жүргізіледі. Сотталғандардың осы санатымен жұмыс істеудің негізгі әдістерінің бірі-әңгіме. Жедел қызметкер сотталған террористі әңгімеге шақыра отырып, сотталушының діни догмаларға деген көзқарасын зерттеуге, олардың дұрыс түсіндірілуін жеткізуге, сұхбаттасушыны діни нанымдарға дұрыс емес көзқараспен сендіруге тырысады. Осыған ұқсас жұмысты, бірақ психологиялық тест

аккумуляторын қолдана отырып, сотталушының жеке ерекшеліктерін зерттеу кезінде пенитенциарлық психологтар жүргізеді.

Осылайша, ҚР-да терроризмнің таралуының пенитенциарлық профилактикасының қазіргі жай-күйін сипаттай отырып, осы бағыттағы негізгі проблемалардың бірі қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің теология және психология мәселелерінде даярланбауы болып табылады, бұл террористік қылмыстар үшін сотталғандарға қатысты сапалы алдын алу іс-шараларын жүргізуге айтарлықтай кедергі болып табылады деген қорытынды жасау қажет. Біздің ойымызша, ҚАЖ органдарының профилактикалық қызметіндегі психологиялық аспектінің маңыздылығын бағаламауға болмайды. Террористік қылмыс жасағаны үшін сотталғандардың жеке ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері негізінде сауатты, жақсы дайындалған пенитенциарлық психолог арнайы таңдалған әдістеме бойынша террористің жеке басын түзету және оны одан әрі қайта әлеуметтендіру үшін психотерапия әдістерін, тренингтерді, түрлі психотехникаларды белсенді қолдана алады. Сотталғандардың осы санатымен жұмыс істеудің арнайы шаралары мен әдістерінің кешенін қолдану ерекшеліктері келесі бөлімде зерттелетін болады.

Терроризмге қарсы іс-қимылды нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді талдау қолданыстағы заңнаманың, тұтастай алғанда, осы бағытта тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретіндігін айғақтайды. Алайда, осы зерттеу барысында біз қазіргі уақытта қылмыстық-атқару заңнамасында көзделмеген террористік қылмыстар үшін сотталғандарға қатысты арнайы шаралар мен әдістерді енгізу және кешенді қолдану қажеттілігі туралы қорытындыға келдік. Терроризмнің жекелеген заманауи көріністерін және оның пенитенциарлық профилактикасының қажеттілігін көрсететін белгілі бір түзетулер көптеген нормативтік құқықтық актілерді талап етеді.

Осылайша, қазіргі уақытта терроризмнің таралуының арнайы және жеке алдын алу шаралары ерекше маңызға ие деп санаймыз. Оларды сапалы қалыптастыру мақсатында сотталған террористтің жеке басының сипаттамасын толығырақ зерделеу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 13 шілдедегі № 416 –I заңы// http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000416

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы.- 2002. -№ 295-IIhttp://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000416

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы.- 2010. №266-//http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000416

4. «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасыныі Заңы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы. - № 233. http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000316

5. «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23сәуір 2014 жылы қабылданған // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000199

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 03 шілде 2014 жылы қабылданған// http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226

7. «Діни қызмет ж»не діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2011 жылы 11 қазанда қабылданған//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483

8. Абдрахманов С.Т. Уголовная ответственность за терроризм по законодательству РК: автореф. дисс. канд. юрид. наук. - Бишкек, 2005. - 28 с.

9. Даиров А.М. Теоретические аспекты исследования терроризма и соотношение понятий «профилактика терроризма», «пенитенциарная профилактика», «пенитенциарная

профилактика терроризма» // Аубакировские чтения: мат. межд. науч.-практ. конф. (19 февраля 2024 года) - Алматы: ҚР ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗжРБЖҰБ, 2019. - С.300-305
10. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексі 5 шілде 2014 қабылданған// http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000234
11. Сундиев И.Ю. Террористическое вторжение: криминологические и социально-политические аспекты проблемы// Монография. - М., 2008. - 149 с.
12. Даиров А.М. Пути совершенствования правовой регламентации пенитенциарной профилактики терроризма // Актуальные проблемы применения уголовного законодательства на современном этапе; Материалы международной научно – практической конференции посвященная памяти профессора Е.И. Каиржанова. 17 сентября 2019 г. - Алматы, ООНИиРИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2019. - С. 146-151
13. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңы 2012 жылғы 6 қаңтарда қабылданған // adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527
14. Лунев А.А. Терроризм как объект криминологического изучения. Дисс.канд. юрид. наук. - Ростов-на-Дону, 2004. - 181 с.
15. Ольшанский Д.В. Психология терроризма. – СПб., 2002.- 223 с.
16. Назаркин М.В. Криминологическая характеристика и предупреждение терроризма; дисс. ...кан.юрид.наук. - М., 1998. - 175 с.
17. Современные тенденции развития социалистического уголовного права. - М.: Наука, 1983. - 574 с.
18. Алауханов Е.О. Криминология. - Учебник. - Алматы, 2008. - 429 с.

ОӘЖ 342.7

Куандыков Б.Ж. – з.ғ.к., доцент ХКГУ (Алматы қ.)
Мажбек Б.Г. – магистрант ХКГУ (Алматы қ.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ АЯСЫНДА

Аңдатпа. *Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы бала құқықтарының қорғалуының құқықтық негіздері қарастырылған. Сондай-ақ, бала құқықтарының халықаралық стандарттарда, шарттарда, конвенцияларда қорғалуының құқықтық тетіктері зерттелген.*

Түйінді сөздер: *Бала, бала құқығы, Конституция, мемлекет, құқық, Женева Конвенциясы, халықаралық стандарт, үкіметтік емес ұйым.*

Халықаралық балалардың құқықтарын қорғау – тарихи тұрғыдан алғанда, салыстырмалы түрде жас құбылыс. Бала құқықтарының конституциясы деп аталатын Бала құқықтары туралы конвенция 1989 жылы қабылданған. Сонымен бірге заң әдебиетінде жиі еске алынатын, бала құқықтарын қорғау жөніндегі қозғалыстың басталуы туралы классикалық мысал – шешесі жиі ұрып-соққан және Жануарларға қатігездікпен қарауға қарсы күрес жөніндегі қоғамның жергілікті бөлімшесінің мүшелері қорғауға келген Балтимордағы сегіз жасар Мари Элен Уильсонның жағдайы жануарларды қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің балаларды қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдардан бұрын пайда болғанын айғақтайды [1, 16].

Әлемдегі бірінші Балалар құқықтарын қорғау ұйымы 1919 жылы пайда болды, 1924 жылы Ұлттар Лигасының бала құқықтары жөніндегі Женева декларациясы, 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының бала құқықтары декларациясы қабылданып, 1979 жыл халықаралық балалар жылы болып жарияланды, осыдан 10 жыл өткен соң Бала құқықтары туралы Конвенция қабылданды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 17 жыл толып отыр, қалыптасқан нарықтық экономика қоғам мен мемлекетіміздің алған бағыттарына көтермелеуші ықпал жасауға, адамдардың өмір сүрудегі іс-әрекеттерінің барлық саласына қатысты жауапкершілікті қалыптастыруға қабілетті екендігін көрсетті. Экономика еркіндігі тұлғааралық қатынастардың да өз деңгейінде жауапты және еркін дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Жеке адамдардың құқығы мен еркіндігі қажеттілікке айналды. Өзіне жауапкершілік жүктеген мемлекетіміз де, адамдар да қазіргі кезде ең алдымен әлеуметтік қауқарсыз адамдардың, әсіресе балалардың қадір-қасиетіне қамқорлық жасауға, олардың құқықтарын жүйелі және тиімді түрде қорғауға дайын.

Балалардың ең басты мүдделерін қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы мақсаты бала құқықтарын қорғау болып табылатын маңызды конвенцияларға қосылды: Бала құқықтары туралы Конвенция 1994 жылы, Шет елден алимент өндіріп алу туралы Конвенция 1999 жылы, Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы Конвенция 2000 жылы, Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы және Балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына байланысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы 2001 жылы, ХЕҰ-ның балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы № 182 Конвенциясы 2002 жылы бекітілді, ал 2004 жылдың қараша айында Қазақстан БҰҰ-ның адамдарды саудалауға және жезөкшелікті үшінші адамның пайдалануына қарсы күрес туралы конвенциясы мен оның қорытынды хаттамасына қол қойды [1, 36].

Нормалары Қазақстан аумағында қолдануға келетін Балалар құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттардың ішіндегі едәуір маңыздысы Бала құқықтары туралы Конвенция болып табылады. Оның бекітілуі мемлекеттің бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге қоғам алдында кепілді екендігін білдіреді. Қазақстан тарапынан аталған Конвенцияның орындалуы жөніндегі алғашқы баяндама 2003 жылғы маусымда Женева қаласында өткен БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі Комитетінің 33 сессиясында тыңдалды, оның нәтижесі бойынша Комитет баяндамаға қатысты біраз ескертулер мен ұсыныстар пакетін дайындады. Сессия кезінде БҰҰ бала құқықтарын қорғау жөніндегі Комитетінің сарапшылары бала құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолға алған шараларына оң баға берді. Осындай оңды жетістіктердің бірі ретінде жаңа заңнамалық базаның жетілуі мен дамуы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың халықаралық ұйымдар және БҰҰ-ның түрлі ұйымдарымен балалық шақ мәселелері бойынша әріптестігі аталды.

Қазақстанға берілген ұсыныстардың ішінен негізгі деп айтуға тұратын мәселелердің бірі ретінде елдегі балалар жағдайын жақсартуға арналған іс-қимылдардың Ұлттық жоспарын әзірлеу және балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін шешуде ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін уәкілетті арнайы орган құру қажет екендігін айтуға болады. БҰҰ бала құқықтарын қорғау жөніндегі Комитетінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2006 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау Комитетін құрды. Еліміздің бірінші Ханымы С.Назарбаеваның бастамасы және қолдауымен 1998 жылдан бері Республиканың барлық өңірлерінде осы кезеңге дейін әлеуметтік мекемелерден және тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсетумен айналысқан Қоғамдық балалар қорлары өз жұмысын жүргізіп келді [2, 9].

Бірақ, уақыт ағымы өзгерістерді талап етеді. С.Назарбаеваның ұсыныс енгізуімен өңірлердегі балалар қорларын жауып, оның қызметін кең көлемде жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар қамқорлығына беру ұйғарылды. Сонымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 ж. 28 тамыздағы №744 Қаулысымен барлық облыстарда және Астана мен Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің аймақтық бөлімшелері – Балалардың құқықтарын қорғау департаменттері құрылды.

Алайда, Қазақстан бекітпеген, бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге жәрдемдесетін қағидаларды қамтыған бірқатар маңызды Конвенциялар бар. Осындай халықаралық құқықтық құжаттардың ішінде – Барлық көшіп-қонушы еңбекшілердің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы конвенция (1990 жылғы 18 желтоқсан) және Балаларды қорғау және мемлекетаралық бала асырап алу саласындағы ынтымақтастық туралы конвенция (Гаага, 1993 жылғы 29 мамыр).

Барлық көшіп-қонушы еңбекшілердің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы конвенция негізгі құқық қорғау шарттарының санатына жатады, олар бойынша конвенциялық бақылау органдары құрылған. Конвенция көшіп-қонушы еңбекшілер балаларының мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты нормаларды қамтыған, атап айтқанда көшіп-қонушы еңбекшілер отбасын қауыштыру, көшіп-қонушы еңбекшілердің балаларын жергілікті білім беру жүйесіне, әсіресе оларға жергілікті тілді үйрету тұрғысында тарту, көшіп-қонушы еңбекшілердің балаларына олардың ана тілін үйрету мәселелерін реттейді, сондай-ақ көшіп-қонушы еңбекші бас бостандығынан айрылған жағдайда, балаларының құқықтарын қорғау тетіктерін көздейді.

Балаларды қорғау мемлекетаралық бала асырап алу саласындағы ынтымақтастық туралы Гаага Конвенциясы шетелдіктердің баланың абзал мүдделеріне орай оның құқықтарын сақтай отырып, бала асырап алуды жүзеге асыруына кепілдіктерді көздейді, сондай-ақ мемлекеттердің уәкілетті ұйымдарының арасындағы ынтымақтастық тетігін көздейді. 2004 жылғы 2 желтоқсанда өткен, Халықаралық гуманитарлық құқық және адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында Қазақстан Республикасының Гаага конвенциясына қосылуының орындылығы және осы Конвенцияға қосылу жөніндегі жұмысты бастау қажеттігі туралы шешім қабылданды.

Нормалары Қазақстан аумағында қолданылатын, балалар құқықтарын қорғау саласындағы неғұрлым маңызды халықаралық құжат **Бала құқықтары туралы конвенция** болып табылады. Бала құқықтары туралы конвенцияны Қазақстан Республикасының қандай да бір ескертулерсіз бекітуі шеңберінде мемлекеттің балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету кепілдіктерін қоғамға беруге тиіс шекараларын белгіледі.

Конвенция нормалары баяндаманы шартқа қосылғаннан кейінгі екі жылдан соң ұсынуды көздейтін уақытта, Қазақстан РеспубликасыКонвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманы 2001 жылғы наурызда дайындады. Баяндама екі бөлімнен тұрды, Қазақстан Республикасының 1994 және 2000 жыл аралығындағы кезеңде Конвенцияны жүзеге асыру жөнінде қабылдаған шаралары туралы ақпаратты қамтыды. Баяндамамен танысқаннан кейін Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары дереу шара қабылдады, олар 2002 жылы Қазақстанның Конвенцияны орындауы туралы, үкіметтік баяндамаға түсініктемені қамтыған балама баяндама дайындады.

Бірінші үкіметтік есеп 2003 жылғы маусымда Женева қаласында БҰҰ Балалар құқықтары жөніндегі комитетінің 33-сессиясында тыңдалды, оның нәтижелері бойынша Комитет баяндамаға ескертулер мен ұсынымдардың топтамасын дайындады. Осы сессияда БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің сарапшылары Қазақстан Республикасы

Үкіметінің балалар құқықтарын қорғау саласында қабылдаған шараларына оң баға берген. Оң жетістіктердің бірі ретінде жаңа заңнама базасының дамуы мен жетілдірілуін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың балалық мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдармен және БҰҰ-ның әр түрлі органдарымен ынтымақтастығын мойындады [3, 21].

Қазақстанға бірқатар ұсынымдар берілді, олардың ішінде негізгілері ретінде еліміздегі балалардың жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарын әзірлеу қажеттігін және балалықты қорғау мәселелерін шешуде ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету үшін арнайы уәкілетті орган құру қажеттігін атауға болады.

Балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары, Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспары сияқты Қазақстан Республикасында әлі әзірленген жоқ. «Баланың құқықтары туралы» Заңда балалардың мүдделеріне орай мемлекеттік саясат мақсаттары айқындалған, бірақ оны іске асыру тетіктері жоқ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қазақстан – балалықты қорғау тұрғысында» атты 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірледі, алайда қазіргі сәтте бағдарлама бекітілмеген. Осы бағдарлама балаларды қорғау және олардың құқықтарын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялық бағыттарын және бала жасындағы халықтың барлық санаттарының әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз етудің жүйелі жүйесін жасауды көздейді.

Кәмелетке толмаған балалардың құқыққа қарсы қызметін ескерту мақсатында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заң кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыздықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жорамалдайды, бұл балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтауға қатысты мемлекеттік саясат элементі болып табылады және кәмелетке толмаған балалар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерді жасауды, кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыздықтың алдын алу жүйесін құрайтын органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуді қамтиды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы ақпандағы қаулысымен 2003-2004 жылдарға арналған Жастар саясаты бағдарламасы бекітілді. Алайда жекелеген проблемаларды шешуге бағытталған, мұндай салалық бағдарламалар Балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарының орнын алмастыра алмайды және балалардың құқықтарын қамтамасыз етудің белгілі бір қырларымен айналысатын мемлекеттік органдардың жұмысындағы келісушіліктің жоқтығын ашық көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасында осы уақытқа дейін **бала құқықтарының сақталуын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган** құрылған жоқ. Осындай органды құруға 2004 жылғы наурызда талпыныс жасалған болатын: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылы 11 наурыздағы қаулысымен Балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылған болатын. Комиссия балаларды және олардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған болатын және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын. Комиссияның жұмысшы органының функциялары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелді. Комиссия құрамына білім және ғылым, әділет, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, ішкі істер министрлері мен вице-министрлері, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия өкілі, саяси және қоғам қайраткерлері кірді. 2005 жылғы наурызда Комиссия таратылды.

«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңда бала құқықтарының сақталуын бақылау жөніндегі мемлекеттік органды құру қажеттігі туралы сұраққа біржақты жауап бермей отыр. Заңның «Мемлекеттік органдар және бала құқықтарын қорғау» деген 44-бабы уәкілетті мемлекеттік органға сілтеме жасамағанымен, 46-бап балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы мемлекеттік баяндаманы дайындап, ұсынуын көздейді.

БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитеті Ұсынымдарының бірі Конвенция нормаларын іске асыруға бөлінетін қаражатты ұлғайту ұсынымы болып табылады. Балалардың абзал мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет балалардың құқықтарына қатысты жекелеген бағдарламаларды іске асыруға жеткілікті ақша қаражатын бөліп отыр. Алайда, тұтастай алғанда, Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруға қаражат бөлуді көздейтін жекелеген бап республикалық бюджетте көзделмеген.

Жұртшылық пен балалар арасындағы Конвенция туралы хабардарлық деңгейі бұрынғысынша төмен күйінде қалып отыр. Білім беру саласында балаларды олардың құқықтарымен таныстыру факультатив сабақтар деңгейінде жүргізіледі, алайда мұндай сабақтарды міндетті түрде оқу бағдарламаларында нормативтік деңгейде бекіту тиімді болар еді.

Сонымен бірге Бала құқықтары туралы конвенцияда көзделген міндеттемелердің орындалуы туралы елдік есептерді дайындау және мақұлдау рәсімінің жоқтығы проблема болып отыр, атап айтқанда мәліметтерді жинау және Конвенция нормаларының орындалуын мониторингілеу тетігі әзірленбеген. Алайда, мұндай жағдай есептілік жүйесін көздейтін барлық құқық қорғау шарттарына қатысты қалыптасып отыр. Қазақстандағы елдік есептерді дайындау практикасында осы күнге дейін жүйелілік жоқ: есептердің бір бөлігін алқа органдары мақұлдап, қалған бөлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен мақұлданады, мәтінін ұлттық заң базасынан табу тіпті мүмкін емес есептер де кездеседі.

Тұтастай алғанда, баланың оның көзқарасын құрметтеуге, туылғанын тіркеуге, тиісті ақпаратқа қол жеткізуге, отбасының болуына, денсаулығы мен медициналық қызмет көрсетуге, білім алуға, бос уақыты мен мәдени қызметіне, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің іске асырылуына, азаптаудан және қатігездікпен қараудан қорғалуға, сондай-ақ панасыз балалар мен мүгедек балалардың ерекше қорғалуына құқықтарымен байланысты қалған мәселелер бойынша Қазақстан Комитеттің Ұсынымдарын орындау үшін ауқымды шараларды қабылдады.

Қазақстанның Бала құқықтары туралы конвенцияны орындауы туралы келесі есебін Комитет 2006 жылғы 10 қыркүйекке, яғни 3-ші кезеңді баяндаманы ұсыну мерзіміне тапсыруды сұрады.

Бала құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы халықаралық нормаларды енгізу процесі Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын дамытуда және жетілдіруде өз көрінісін тапты [4, 2]. Бала құқықтары туралы конвенцияның жалпы принциптері мен нормалары (2, 3, 6 және 12-баптары) Қазақстан Республикасының Коснтитуциясына, Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне енгізілді. Негізгі қолданылу аясы балалардың құқықтары мен мүдделері болған заңдардың толық кешені қабылданды («Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалар қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» және басқа да Заңдар). Ұлттық және халықаралық нормалардың неғұрлым егжей-тегжейлі және толық сәйкестендіру мақсатында қолданыстағы заңнама актілеріне түзетулер, толықтырулар мен өзгерістер енгізілді.

Алайда, Конвенцияның ұлттық заңнамаға енгізілмеген бірқатар нормалары бар. Атап айтқанда, босқын балаларға ерекше қорғау жасау мәселесі шешілген жоқ. 1954 жылғы Азаматтығы жоқ адамдардың мәртебесі туралы Конвенцияға және 1961 жылғы Азаматтығы жоқ адамдарды азайту жөніндегі Конвенцияға Қазақстан қазіргі сәтте қосылмаған. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңның 47-бабы босқын балалар мен мәжбүр қоныс аударушылардың өз мүдделерін қорғауға құқығы бар екенін көздейді. Бала орналасқан жердегі Қорғаншылық және қамқоршылық органдары, аумақтық көші-қон қызметтері ата-аналарының не өзге де заңды өкілдердің бар екені және тұратын жері туралы мәліметтерді алуына жәрдемдеседі, қажет болған кезде баланы емдеу-алдын алу немесе бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын өзге ұйымдарға орналастырады. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе уақытша келген шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, босқындарға медициналық-санитарлық көмек көрсету ережесіне сай босқындардың тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне құқығы бар. Дегенмен, босқын балаларға мемлекеттік көмек беру және оларды әлеуметтік қорғау жүйеленбеген.

Өкінішке орай, білім беру саласын реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерде Конвенцияның нормаларын бұзатын бірқатар нормалар орын алған. «Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы» Үкімет қаулысымен мынадай тәртіп айқындалған, оған сәйкес мемлекет білім алу кезеңінде азаматтардың мынадай санаттарын: жетім-балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды; кемтар балаларды, мүгедек және туғанынан мүгедек балаларды интернаттық ұйымдарда тұратын мүгедек балаларды қамтуға арналған шығыстарды көтереді. Осы қаулымен «Білім туралы» Заңның көп балалы отбасыларындағы балалармен қоса, барлық мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетуді көздейтін нормасының аясы тарылған, бұл олардың білім алу кезіндегі мемлекет көмегіне құқығын бұзып отыр.

Дегенмен, халықаралық стандарттармен кепілдік берілген, мемлекет тарапынан неғұрлым ауқымды көмекті және қолдауды қамтамасыз ететін бірқатар ұлттық заңнама нормалары бар. Атап айтқанда, Конвенцияның 28-бабы мемлекеттің тегін және міндетті бастауыш білім берумен қамтамасыз ету және тегін орта білім беру жөніндегі міндеттемесін көздейді, ал ҚР Конституциясының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім алу міндетті. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Осылайша, заңнама Конвенция нормаларын кеңейте отырып, азаматтардың тек тегін бастауыш білім ғана емес, сонымен бірге тегін орта білім алуына да кепілдік береді.

Балалардың құқықтарын іске асыруға балалардың әскери қақтығыстарға қатысуына, балаларды сатуға, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына қатысты Қазақстан бекіткен Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттамалары да жәрдемдеседі [5, 19].

Өткен жылғы мамырда Қазақстанның балаларды сатуға, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына қатысты **Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттамасын** іске асыру жөніндегі есебі дайындалып, БҰҰ-ға жіберілді. 2004 жылғы қарашада Қазақстан БҰҰ-ның Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікке пайдалануына қарсы күрес туралы Конвенциясына қол қойды, бұл адамдарды сатудың басты құрбандары балалар болып табылатындықтан, балалар құқықтарының қорғалуын жақсартуға тиіс. Осыған байланысты Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның қатысуымен «Қазақстаннан, Қазақстанға, Қазақстан арқылы және Қазақстанның ішінде адамдарды сатуға (трафигіне) қарсы күрес» шарасын іске асыру жалғасын табуда. Ол құқық қорғау органдары мен прокуратура органдарының қызметкерлерін әлемдік тәжірибені ескере отырып, трафиктің алдын алу әдістемесіне үйретуді, трафик мәселелері жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіруді,

сондай-ақ трафик құрбандарына көмек көрсетуді көздейді. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» Үкіметтің 2004 жылғы 24 ақпандағы № 219 қаулысын іске асыру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Үкіметтің ағымдағы жылғы 3 маусымдағы қаулысымен Парламентке «Қазақстан Республикасының адамдарды сатуға қарсы әрекет жасау мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жіберілді. Алайда, БҰҰ-ның Ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы Конвенциясы бекітілмеген күйде қалып отыр.

Қазақстан Республикасы бекіткен, **балалардың әскери қақтығыстарға қатысуына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультатив хаттама** 18 жасқа толмаған балалардың әскери қақтығыстарға тікелей қатысуына және әскери күштер қатарына міндетті түрде шақырылуына жол берілмеуін жариялаған. Осы хаттаманың нормалары «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары туралы» Заңның баланы әскери іс-қимылдарға, әскери қақтығыстарға қатысуға тартуға, балалардың әскери құрылымдарын құруға тыйым салатын 41-бабына енгізілген [6, 18]. Өзге тәсілдермен немесе жолдармен шабуылға қарсы тұру мүмкіндігі болмаған кезде, әскери қызметшінің өміріне қауіп төндіретін қарулы шабуыл жасау, қарулы қарсылық білдіру немесе топтық шабуыл жасау жағдайларын қоспағанда, кәмелетке толмағандарға қатысты қару-жарақ қолдануға тыйым салу «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғау туралы» (20-бап) және «Әскери полиция органдары туралы» (12-бап) Заңдарында бекітілген, онда сонымен бірге адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл жасау, топтық шабуыл жасау не қарулы қарсылық білдіру жағдайларын қоспағанда, жас балаларға қатысты арнаулы құралдар мен дене күшін қолдануға тыйым салынған. Кәмелетке толмағандарды әскери қақтығыстар уақытында қорғауға қатысты «Әскери жағдай туралы», «Қазақстан Республикасының Қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңдарында әскери жағдай кезінде халыққа қатысты қолданылуы мүмкін жалпы шаралар ғана айтылған, ал балаларға қатысты қандай да бір арнайы шаралар бекітілмеген.

Халықаралық құқық қорғау стандарттарын енгізу саласындағы негізгі проблема олардың бар екендігі туралы хабардарлықтың төмендігі болып қалуда. Бөлімнің басында айтылғандай, БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі Комитеті өзінің Қазақстанға берген Ұсынымдарында осы жайлы Бала құқықтары туралы конвенция нормаларына қатысты атаған болатын. Алайда проблема Конвенция туралы нашар хабардарлықпен ғана шектелмейді. Кәсіби топтар, жұртшылық, балалардың өздері де, әдетте, БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі Комитетінің Қазақстанға берген Ұсынымдары, БҰҰ-ның кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін атқаруға байланысты Минимал стандартты ережелері (Пекин ережелері), БҰҰ-ның бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарды қорғауға байланысты ережелері, БҰҰ-ның кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықты ескертуге бағытталған Басшылық принциптері (Эр-Рияд Басшылық принциптері) туралы ақпаратты білмейді.

Ұлттық заңнама Бала құқықтары туралы конвенция нормаларын енгізу процесінде барлық басқа құқық қорғау шарттарымен салыстырғанда алға жылжып, Конвенция нормаларын тұтастай енгізген «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң қабылданғанымен, халықаралық стандарттар бұрынғысынша ұлттық құқық жүйесінен алшақ күйде. Мүмкін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңды іске асыру тәжірибесі халықаралық құжаттар нормаларын ұлттық құқыққа енгізудің жаңа үлгісін әзірлеуге жәрдемдесетін болар, ал әзірге заңның көптеген нормалары іс жүзінде қолданылмай отыр.

Ювеналдық мәдениет: кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау туралы мәселені қарастырады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен еліміздің Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылатын болады. Олардың құзыретіне кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер және олардың мүдделерін қозғайтын азаматтық істер жатқызылған.

Осылайша, халықаралық құқықтық стандарттар талаптарын ескере отырып, сот өндірісін жетілдірудің маңызды құралы ретінде соттардың мамандануы бойынша сот реформасының тағы бір басым бағыты нақты өмірге енді [7, 17].

Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып бала құқықтарын қорғау жөніндегі дәйекті мемлекеттік саясаттың қисынды жалғасы болатын қадам жасады. Осы бағытта аз жұмыс атқарылған жоқ. Ең алдымен, кәмелетке толмағандардың мүдделері қозғалатын құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық база құрылды. Кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғауға ел Конституциясында кепілдік беріледі. Негізгі Заңға сәйкес "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Заң қабылданды. 1994 жылы Қазақстан БҰҰ-ның "Бала құқықтары туралы" конвенциясын ратификациялады.

Халықаралық қағидаларды іске асыру мақсатында республикада жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылатын кәмелетке толмағандарға арналған сот төрелігі институты кезең-кезеңімен енгізіле бастады. Эксперимент тәртібімен уақытша құрылған мамандандырылған соттар мен басқа мемлекеттік және өзге де құрылымдар "Қазақстандағы ювеналдық әділет" жобасы шеңберінде Алматы қаласында және Алматы облысында төрт жыл бойы жұмыс істеді. Кәмелетке толмағандарға арналған мамандандырылған сот төрелігі жүйесін қалыптастыру қажеттігі бала құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы істердің қазіргі жай-күйіне, қылмыстық сот төрелігі жүйесінде жасөспірімдермен жұмыс жүргізу әдістерін өзгерту, практикада қылмыстық және азаматтық процеске тартылатын кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау қажеттігіне байланысты болып отыр. Ювеналдық әділет жобасына барлық қатысушыларды – судьяларды, полицейлерді, прокурорларды, қорғаушыларды, жасөспірімдермен жұмыс істейтін әлеуметтік және оқыту-тәрбиелеу қызметтерінің өкілдерін біріктірген басты міндет – күнделікті практикалық қызметте бала құқықтарын мүлтіксіз сақтау.

Культурные контексты играют ключевую роль в формировании и понимании концептов родства, что подтверждается через анализ паремий в разных языках. В русском и казахском языках родственные отношения часто воспринимаются через призму культурных и моральных норм, которые в свою очередь влияют на восприятие социальной роли каждого члена семьи.

В русском языке концепт родства часто ассоциируется с определенной независимостью и личной ответственностью. Русские пословицы и поговорки, как правило, акцентируют внимание на важности самостоятельности каждого члена семьи и указывают на необходимость личных усилий для достижения успеха. Например, пословица «Дети не всегда благословляют своих родителей, но всегда имеют их наследство» подчеркивает идею, что дети получают от родителей не только моральные ценности, но и материальные блага, что формирует у них определенную зависимость от своих родителей.

В казахской культуре родственные отношения рассматриваются с акцентом на коллективизм и взаимную поддержку внутри семьи. Важным аспектом является традиция взаимопомощи и уважения к старшим членам семьи. Например, казахская поговорка «Әке – баласына ақылшы, шешен – баласына тәрбиеші» (Отец – советчик, мать – воспитатель) подчеркивает важность роли каждого родителя в формировании жизненных принципов ребенка, указывая на взаимозависимость всех членов семьи в их общественном и личном развитии.

Таким образом, культурные значения, связанные с концептами родства в этих двух языках, отражают не только социальные, но и моральные установки каждой культуры. В русском языке понятие родства связано с личной ответственностью и независимостью, тогда как в казахской культуре акцент на коллективизм и поддержание гармонии в семейных отношениях имеет первостепенное значение. Это различие в подходах помогает глубже понять не только язык, но и культурные особенности, стоящие за этими концептами.

В исследованиях И. А. Бердниковой отмечается, что «культурно-освещенные значения в паремиях влияют на восприятие родственных отношений, определяя как языковые, так и социальные формы поведения» (табл. 1) [1, с.46].

Таблица 1 –.Сравнение лексических единиц, выражающих концепты родства в русском и казахском языках

Русский язык	Казахский язык	Примечание
Отец, мать, брат, сестра	Әке, ана, бауыр, апа	Прямое значение, акцент на биологических связях
Старший, младший	Үлкен, кіші	Социальные роли в семье, восприятие поколений
Родственник	Туыстық	Более широкий термин, включающий дальние родственные связи

Таким образом, таблица 1 наглядно демонстрирует основные различия в лексическом выражении концептов родства в русском и казахском языках.

Важно отметить, что в русском языке терминология, связанная с родственными отношениями, зачастую более конкретна и ограничена определенными членами семьи, в то время как в казахском языке присутствует более широкое использование слов, отражающих не только близкие, но и дальние родственные связи. Это также свидетельствует о более тесной связи казахской культуры с традиционными коллективистскими ценностями, где родственные отношения включают большую сеть взаимных обязанностей и взаимопомощи. В то время как в русском языке акцент на ближайших членах семьи часто более выражен, в казахской культуре большое значение придается как прямым, так и косвенным родственным связям, что также влияет на восприятие и репрезентацию этих понятий в языке.

Анализ русских и казахских паремий позволяет не только выявить общие культурные ценности, связанные с семьей и родством, но и подчеркнуть особенности этих ценностей в разных социальных и культурных контекстах.

Список литературы

1. Бердникова И.А. Концепты родства в русской языковой картине мира // Вопросы языкознания. – 2012. – № 4. – С. 45–58.
2. Стернин В. И. Когнитивная лингвистика: учебное пособие / В.И. Стернин. – Воронеж: ВГУ, 2007. – 198 с.
3. Суперанская А. В. Теория антропонимики: учебное пособие / А.В. Суперанская. – М.: Наука, 2007. – 280 с.
4. Казкенова К.К. Казахские пословицы как отражение традиционной культуры / К.К. Казкенова. – Алматы: Казахский университет, 2014. – 235 с.
5. Арутюнова Н.Д. Языковая картина мира и категории мышления/Н.Д. Арутюнова. – М.: Наука, 1999. – 412 с.
6. Соловьёва А. Лексико-семантические особенности пословиц и поговорок в русской и казахской культурах / А. Соловьёва. – СПб.: Издательство СПбГУ, 2013. – 290 с.

ӘӨЖ 373.5.014.3

Косумова Г.С. - 7М01505-«Биология педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, (Тараз қ.)

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа *Бұл мақалада биологияны оқыту барысында оқушылардың зерттеу құзыреттілігін танымдық оқу әрекеттері арқылы қалыптастыру жолдары қарастырылады. Құзыреттілік тәсіл негізінде оқу-зерттеу қызметін ұйымдастырудың маңыздылығы мен оның білім алушылардың жеке тұлғалық дамуына әсері жан-жақты сипатталады. Зерттеу әдістерін тиімді пайдалану оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастыратыны дәлелденеді. Сонымен қатар, мақалада зерттеу қызметін жүргізуге арналған әдістемелік тәсілдер, тапсырмалар мен эксперименттік жұмыстар үлгілері ұсынылады.*

Түйінді сөздер: *зерттеу құзыреттілігі, танымдық оқу әрекеті, оқу-зерттеу қызметі, оқыту технологиялары, эксперименттік тапсырмалар.*

Қазақстандық білім беруді жаңартудың бір бағыты-түлектердің кәсібилігін көтеру, мектеп пен университет арасындағы сабақтастықты жандандырып, бейіндік оқытуға көшу. Осыған байланысты қазіргі білім беру мекемелерінің мақсаты жоспарлы білімінен тыс маңызды, тәуелсіз іс-әрекеттің білімі мен тәжірибесін қалыптастыру болып табылады.

Осы тұрғыда елімізде жалпы білім беруді жаңғырту мақсатында қазіргі саясат пен қоғамның талабы - адами капиталды дамыту. Бұл істе мектеп пен мұғалімнің ролі үлкен. Яғни, мектепте пайданылатын оқу технологиялары мен әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болуы үлкен мәнге ие.

Қазіргі білім берудің маңызды міндеттері жүйелі білімді, оқу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар оқу-танымдық іс-әрекетті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудың коммуникативті дағдылары мен дағдыларын дамыту болып табылады. Жеке тұлғаның әлеуетін жандандыру, қазіргі заманғы жағдайларға бейімделген мобильді тұлғаны қалыптастыру мектептегі биологиялық білім беру мазмұнын әзірлеудің жаңа тәсілдерін талап етуді қажет етеді. Осындай тәсілдердің бірі-құзыреттілік. Экономика мен қазіргі қоғамның сұраныстарына сүйене отырып, құзыреттілік тәсіл білім беру векторын танымдық, экологиялық, практикалық, әлеуметтік этикалық мәселелерді шешудің жеке тәжірибесін жинақтау, ұжымда және қоғамда белсенді қосылу және бейімделу жағына ауыстырады.

Жаңа білім беру міндеттерін шешу үшін мазмұнды іріктеуге жаңаша қарау, тәжірибеге бағдарланған, әлеуметтік тұлғалық маңызды оқу ақпаратына назар аудару қажет. Алайда, мектептегі биологиялық білім мазмұнындағы құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру енді ғана басталуда. Мемлекеттік білім беру стандартында құзыреттерді қалыптастыру кәсіптік оқытудың нормативтік және бағдарламалық құжаттарын; авторлық тұжырымдаманы, әдістемелік құралдарды жобалау көзделген.

А.Г.Бермус, И.А.Зимняя, В.В. Краевский, О.Е.Лебедев, Б.И.Хасан, А.В.Хуторская сияқты ғалымдар құзыреттілік моделін зерттеп, тұлғаның бойында білім бере отырып құзыреттіліктердің қалыптасуын қарастырды [1-3].

Зерттеу әдісін қолдану оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың келесі кезеңдерін қамтиды: зерттеудің жалпы тақырыбын, зерттеу тақырыбы мен объектісін анықтау; жалпы мәселені анықтау және тұжырымдау; гипотезаларды тұжырымдау; ұсынылған гипотезаларды растау

үшін деректерді жинау және өңдеу әдістерін анықтау; деректерді жинау; алынған деректерді талқылау; гипотезаны тексеру; тұжырымдамаларды, жалпыламаларды, тұжырымдарды тұжырымдау; қорытындыларды синтездеу қолдану, қорытындылар.

1.зерттеудің жалпы тақырыбын, зерттеу тақырыбы мен объектісін анықтаңыз. Тақырыптарды таңдауда әлеуметтік, мәдени, экологиялық, экономикалық және т.б. үлкен маңызға ие.

2.жалпы проблеманы анықтаңыз және тұжырымдаңыз. Студенттердің алдында бірқатар мәселелер тұр, оларды талқылау келесі кезеңге - жеке мәселелерге негізделген жалпы мәселені тұжырымдауға әкелетін сұрақтар туындайды. Зерттеудің өзектілігі мен жаңалығын талқылау тұжырымдалған мәселелерді шешуге көмектеседі.

3.гипотезаларды тұжырымдау. Студенттер мұғалімнің көмегімен болашақта қажетті ақпаратты іздеуде олар үшін нұсқаулық болатын зерттеу гипотезасын тұжырымдайды. Мысалы, гипотеза жоғарыда талқыланған бір немесе бірнеше проблемалық сұрақтарға сәйкес келуі мүмкін. Әдетте гипотезалар екі немесе одан да көп оқиғалар, құбылыстар арасындағы белгілі бір қатынастар түрінде тұжырымдалады [4].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыса отырып, студенттер қоғамдық өмірдің дайындалған формаларын меңгереді, өзіндік әлеуметтік тәжірибе жинақтайды, өмірде өзін-өзі позитивті жүзеге асыруға ықпал ететін белсенді позицияны ұстанады. Шығармашылық іс-әрекет барысында алынған дағдылар мен дағдылар студенттерге мәдениет пен ғылымға қатысуға, еңбек нарығында өзін белсенді көрсетуге және білім беру капиталын еркін басқаруға мүмкіндік береді.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың зерттеу әдісінің артықшылығы студенттердің ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Зерттеу жұмысына қатысушылар тек жеке мүдделерімен шектелмейді, олар серіктестерінің проблемалары мен мүдделерін көруді үйренеді және олардың зерттеу нәтижелері нәтижелерді талдау және қорытынды жасау үшін пайдаланылатынын түсінеді. Ғылыми негізделген оқыту әдісін қолдана отырып, студенттер ғалымдардың еңбектеріне еліктейді; егер жұмыстың тақырыбы, тақырыбы мен міндеттері дұрыс анықталса, олар ғылыми зерттеулер жүргізеді деп айту дұрыс болмас еді. Мұндай зерттеулер ғылымға үлес қосу немесе белгілі бір тақырыпқа қоғамның назарын аудару тұрғысынан маңызды болуы мүмкін. Сондықтан оқу процесінде оқушының тұтас, үйлесімді және белсенді тұлғасын қалыптастыру үшін зерттеу әдісін мүмкіндігінше жиі қолдану қажет [5].

Қазіргі кезеңде білім беру мазмұнын жаңғырту білім беру процесінің ойлау қабілетін дамыту мен практикалық дағдыларды дамытуға бағытталуын күшейтуді көздейді. Қазіргі оқушы ересектер әлеміне дайын және жан-жақты дамыған, көптеген мәселелерді өз бетінше шеше алатын, жағдайларды дамытудың оңтайлы нұсқаларын таба алатын, идеялар қалыптастыратын, жобалар ұсына алатын болуы керек. Мұның бәрін мектеп оқушысына сабақ және сабақтан тыс уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы қалыптастыра алады.

Мұғалім балада әмбебап білімнің, дағдылар мен дағдылардың тұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік қызметі мен жеке жауапкершілігін, яғни зерттеу құзыреттілігінің негізін қалыптастыруы керек. Биология курсының барлық кезеңінде мұғалімдер оқушылармен әртүрлі қарапайым зерттеулер жүргізеді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың оқу-зерттеу қызметін мақсатты ұйымдастырусыз тиісті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту өте баяу жүреді.

Биология сабақтарында оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы оқушылардың зерттеу бейінін қалыптастыру бірнеше міндеттерді шешуді қажет етеді:

1. Биология сабақтарына арналған зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды әзірлеу және сынақтан өткізу.

2. Оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту әдістері мен әдістерін таңдау және қолдану, сабақтарды модельдеу, оларды қолдану.

3. Сабақта және сабақтан тыс жұмыста оқу-зерттеу жұмысының тиісті, тиімді орнын анықтау.

Сабақтарда зерттеу қызметін ұйымдастыру қазіргі білім берудің басымдықтарының бірі болып табылады. Оқушылардың зерттеу іс-әрекетіне негізделген әдістер мен әдістерді практикаға енгізу олардың оқудағы белсенді және тәуелсіз ұстанымын, өзін-өзі дамытуға, әлеуметтенуге дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді [6].

Оқу-зерттеу қызметі-бұл ғылым мен практиканың белгілі бір саласында танымдық қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында жеке табиғи бейімділіктер мен қабілеттерді дамыту негізінде білімді, дағдыларды (сабақ шеңберінде алынған) пайдаланудың практикалық тәжірибесін игеру процесі. Дәл осы қызмет түрі оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бір-бірімен байланысты екі ұғымд «зерттеу құзыреттілігі» және «зерттеу құзырлығы» дегенді ажырата білу қажет.

Зерттеу құзыреттілігі- бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру шарты ретінде сананың барлық салаларының дамуын көрсететін жеке ісіктердің жиынтығы, ал зерттеу құзыреттіліктері - бұл тұлғаның аталған жиынтықты зерттеу қызметінде қолдану қабілеті. Зерттеу құзыреттілігі оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты төрт компонентті қамтиды (кесте-1).

Кесте 1 – Оқушылардың зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері

Деңгей	**Қабілет**
Сыни	Дайындық ретінде. Оқушылар білімнің бірлік элементтерін қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен зерттеудің бірлік операцияларын әрең орындайды.
Негізгі	Оқушылар мұғалім ұсынған іс-әрекеттің дайын мақсатын пайдаланады, іс-әрекетті жоспарлау мұғаліммен бірге жүреді, гипотеза жасауды білмейді, ұсынылған жоспар бойынша зерттеулер жүргізеді, жұмыс нәтижелерін есеп түрінде ұсынады.
Жоғары	Оқушылар мақсатты тұжырымдай алады, өз іс-әрекеттерін жоспарлайды, гипотеза жасай алады және негіздей алады, әзірленген жоспарға сәйкес зерттеулер жүргізеді, рефлексия жасай алады.
Шығармашылық	Оқушылар мақсаттарды дербес тұжырымдайды, зерттеу қызметін жоспарлайды және гипотеза жасайды, экспериментті өз бетінше жоспарлайды, зерттеу нәтижелерін ұсынады және рефлексияны жүзеге асырады.

Оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқушылардың оқу-зерттеу қызметін қарапайымнан күрделіге дейін жоспарлау, оқушылардың дербес іздеу іс-әрекетінің өсуін, іс-әрекеттен шығармашылыққа бағыттайтын тапсырмаларды беру.

Сабақта оқушылардың оқу барысында зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін биология сабағында зерттеу сипатындағы тапсырмалардың орны ерекше.

Оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудағы ең үлкен тиімділік-бұл оқыту әдістері сөздің, көрнекіліктің және практикалық жұмыстың күрделі өзара әрекеттесуі.

Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру тұрғысынан мен сабақтарда келесі әдістерді қолданған жөн деп санаймын: табиғи объектілерді бақылау, тану және анықтау, сипаттау, эксперимент, гипотеза (кесте 2).

Кесте 2 – Оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістер

№	Әдіс	Осы әдісті қолдануға арналған тақырып мысалы	Тапсырмалар мысалы	Қалыптасқан дағдылар
1	Бақылаулар : қысқа мерзімді	«Тыныс алу қозғалысы». 9 сынып	Денеңіздің тыныс алу жиілігін бақылау	Көру, байқау, себеп-салдарлық байланыстар орнату, салыстыру, жалпылау
	Ұзақ мерзімді	«Жапырақтың құлауы» - 7 сынып	Қыркүйек айында қоршаған ортаның температурасы өзгерген кезде ағаштардағы жапырақтардың түсінің өзгеруін байқаңыз	
2	Табиғи объектілерді тану және анықтау	«Жемістердің жіктелуі» 7 сынып	Коллекциядан құрғақ ашылмаған жемістерді таңдаңыз	Объектінің белгілерін дәл анықтаңыз, салыстырыңыз, талдаңыз
3	Сипаттама	«Мүктер. Папоротниктер» 7 сынып	Мүктер мен папоротниктердің сыртқы құрылымын салыстыру	Объект туралы мәліметтерді бірге жинау, материалды жүйелеу, салыстыру
4	Эксперимент	«Бүйрек құрылымы» 7 сынып	Картоп түйнектеріне бүршіктердің өнуі	Гипотеза жасай білу, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қоя білу, талдау және эксперимент нәтижелеріне сипаттама беру
5	Гипотезалар	«Жасушаның бөлінуі және өсуі» 6 сынып	Әр түрлі температурада жасушалардың өсу қарқынын бақылай отырып, студенттер температура жасушалардың өсу қарқынына әсер етеді деп болжайды.	Фактілер, құбылыстар, процестер арасындағы байланысты таба білу.

Салыстыру әдісін объектілерді, құбылыстарды зерттеу кезінде оқушылардан бақыланатын объектілер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдау, анықтау мүмкіндігі қажет болған кезде қолданамын. Мысалы, құстардың әртүрлі түрлерінің қозғалысын анықтау кезінде пайдалануға болады (пингвин, түйе құс, үйректер).Салыстыру арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады.

Сабақ барысында зерттеу бейінін қалыптастыру үшін «Біз бірге зерттейміз және үйренеміз» әдісін топтық зерттеу жұмыстарында қолданамыз. Мысалы, «Сабақтың ішкі құрылымы» тақырыбында (7 сынып) сабақтың ішкі құрылымының микропрепаратын зерттейміз.

Сабақта зерттеу бейінін қалыптастыру үшін екі мақсат қоямыз: пәнді оқыту (дидактикалық мақсат) және зерттеу жүргізуге үйрету (педагогикалық мақсат). Мысалы,тақырыпты немесе зерттеу әдісін таңдау сабақтары, зерттеу мақсатын тұжырымдау қабілетін дамыту бойынша сабақтар, эксперимент жүргізумен сабақтар, ақпарат көздерімен жұмыс, хабарламаларды тыңдау, эсселерді қорғау.

Зерттеу сабақтарында мен оқушыларды оқытудың әртүрлі формаларын қолданамын: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. Зерттеу бейінін қалыптастыру үшін сабақты келесі кезеңдер бойынша өткізуді ұсынамыз:білімді өзектендіру; белсендіру;проблемалық жағдай жасау;зерттеу мәселесін қою;зерттеу тақырыбын анықтау;зерттеу мақсатын тұжырымдау;гипотезаны ұсыну;гипотезаны тексеру (эксперимент жүргізу, зертханалық жұмыс, әдебиеттерді талдау, рефлексия, оқу фильмдерінің үзінділерін көру және т.б.); алынған деректерді түсіндіру;зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша қорытынды;оқу іс-әрекетінде жаңа білімді қолдану;сабақты қорытындылау;үй тапсырмасы.Осылайша, сабақта оқушылардың оқу-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, биологияны зерттеу мақсатын-оқушылардың табиғатта болып жатқан құбылыстар мен процестерді, өз ағзасының тіршілігін түсіну үшін қажетті заманауи ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік туындайды.

Нәтижелерді сараптау деректері барлық көрсеткіштердің эксперименттік сынып оқушыларында айтарлықтай өзгерістерді көрсетеді, бұл тиісінше оқушылардың зерттеу құзыреттілігінің жалпы даму деңгейіне әсер етеді. Мақсатты оқытудан кейін зерттеу құзыреттілігін дамытудың озық және шығармашылық деңгейі бар оқушылар саны артты. Оқуға деген ынтасы төмен екі оқушы ғана сыни деңгейге ие болды.

Биология сабағында оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша дәйекті және мақсатты жұмыс қалыптастыру сабақ сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде зерттеу бейінін қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқушылардың оқу-зерттеу қызметі табиғатта болып жатқан биологиялық процестердің мәнін түсінуге көмектеседі. Оқытудың бұл әдістері мен әдістемелерін оқушыларды олимпиадаларға дайындауда, оқушылардың зерттеушілік сипаттағы жұмыстарын орындауда қолдануға болады, бұл білімнің беріктігіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Білім беру процесінде құзыреттілік таныс және жаңа жағдайларда тиімді қолданылатын білім, Дағдылар, қарым-қатынас дағдылары мен тәжірибелер жиынтығы ретінде түсініледі.Талқыланатын тақырып шеңберіндегі құзыреттілік білім деңгейіне жатады. Құзыреттілік тәсілінің мәселелеріне арналған педагогикалық пікірталастардың бірінде келесі анықтама ұсынылды: құзыреттілік-бұл белгісіздік жағдайында әрекет ету қабілеті.

Құзыреттілік белгілері: ситуациялық (нақты жағдайларда көрінеді, сондықтан көрінбейтін құзыреттілік жасырын мүмкіндік болып табылады); белсенділік сипаты (қызметте көрінеді); жеке тұлғаға бағытталған сипат (адамның жеке ерекшеліктерінің объективі арқылы ашылады);көп деңгейлі (құзыреттілік деңгейлері-жеке тұлғаның жағдайға сәйкес әрекет ету қабілеті мен дайындығының даму өлшемімен сипатталатын сапалы жағдайлар).

Құзыреттілік түрлері:

1. Негізгі құзыреттер-білім берудің жалпы (Мета-пәндік) мазмұнына жатады.

2. Жалпы пәндік құзыреттіліктер- оқу пәндері мен білім беру салаларының белгілі бір шеңберіне жатады.

3. Пәндік құзыреттіліктер – алдыңғы екі құзыреттілік деңгейіне қатысты жеке, нақты сипаттамасы және оқу пәндері шеңберінде қалыптастыру мүмкіндігі бар.

Зерттеу құзыреттілігіне бағытталған тапсырмалар. Сұрақ. Біз картоптың қандай мүшесін жейміз? Ұрық –деген жауабын аламыз. Бұл жауап сізді шатастырды, өйткені сіз

картоптың жемістері улы екенін және түйнектерді – өзгертілген өркенді жеуге болатындығын білесіз.

Тапсырма. Сурет 1-де картоп түйнегі көрсетілген, ол модификацияланған өркен және 2 бүршігі бар ағаш өркен. Суретті мұқият қарастырыңыз. Суретте көрсетілген биологиялық объектілерді не біріктіреді және олардың айырмашылығы неде? Неліктен түйнекті жеміс деп атауға болмайды?

Сурет 1 – Картоп түйнегі және ағаш өркені.

Кесте 3 – Картоп түйнегі және ағаш өркенінің салыстырмалы сипаттама.

Нысан	**Ұқсастық**	**Айырмашылық**

Қажетті конструктор элементтерін (кеңестерді) пайдаланып аралас орман үлгісін жасаңыз. Ұсынылған тірі организмдерді деңгейлерге орналастырыңыз:



Кесте 4- Биологиялық ағзалар тобының даралар саның толтыру

Ағзалар тобы	**Даралар саны**
Өсімдіктер	
Жәндіктер	
Сүтқоректілер	

Саңырауқұлақтар	
Ұлулар	

Білім алушылар үшін ең қиын міндет гипотезаларды талдау және оларды тексеру үшін зерттеуді жоспарлау болды. Олар ұсынылған жағдайдың гипотезасын жоққа шығара алмады немесе растайтын дәлелдер келтіре алмады.

Оқушылар эксперимент жағдайларын талдауға арналған тапсырмаларды қалыпты түрде орындады. Біз тапсырманың мысалын келтіреміз. 18 ғасырдың екінші жартысында, оттегі мен көмірқышқыл газы әлі ашылмаған кезде, химик Пристли келесі тәжірибелерді жүргізеді: шыны қақпақтың астында шам жанып, тез сөнеді. Егер Пристли қақпақтың астына жасыл өсімдіктерді қойса, шам жанып тұрды. Тәжірибенің тағы бір нұсқасы: қақпақтың астына тек тышқан қойылды-ол қайтыс болды. Егер қақпақтың астында жасыл өсімдіктер болса-тышқан тірі қалды. Зерттеу нәтижелерін түсіндіріңіз.

Оқушыларды зерттелетін құбылыс туралы білімді практикалық іс-әрекетте қолдануды көрсететін тәжірибелермен таныстырған жөн (мысалы, өсімдік шаруашылығында өсу корреляциясы құбылысын қолдану).

Қоғамдағы үлкен өзгерістер білім берудегі өзгерістерге әсер етпей қоймады. Қазіргі өмірдегі өзгерістер жеке тұлғаның жеке дамуына, шығармашылық бастамашылығына, жеке қозғалыс дағдыларына, қалыптасу дағдыларына, өмірде туындайтын мәселелерді шешу үшін міндеттерді қою мен шешудің әмбебап қабілетіне байланысты жаңа білім беру тәсілдері мен педагогикалық технологияларды дамытуды талап етеді.. Бұл аталған дағдыларды қалыптастыруға көмектесетін зерттеу әдістері.

Зерттеу қызметі, оқушының танымдық қажеттіліктері мен зерттеу ұстанымын дамытады, әлем туралы жаңа білім алуға және осы білімнің ақиқатын дәлелдеуге бағытталған, ғылым үшін дәстүрлі кезеңдер мен шындықты білу тәсілдеріне сәйкес ұйымдастырылған. Мектептегі жұмыс нәтижелерін апробациялау зерттеу іс-әрекетінің формалары мен әдістерінің жоғары тиімділігін көрсетті. Зерттеудің бастапқы гипотезасы Тараз қаласындағы мектеп оқушыларының флорасын зерттеу сапасын жақсарту тұрғысынан расталды.

Зерттеу қызметінің формалары мен әдістерінің әртүрлілігі реализм мен қол жетімділікті, сондай-ақ оны жүзеге асырудың әртүрлі нұсқаларын көрсетеді. Сабақта немесе сыныптан тыс жұмыста зерттеу-бұл танымдық белсенділікті ынталандыратын, құбылыстарды бақылау кезінде назар аударатын, әдеби көздерден қажетті материалды іздеу, оны талдау және өз қорытындыларын жасау қабілетін дамытатын негізгі әдіс. Зерттеу қызметін дұрыс ұйымдастыру, оқушыларды табысқа жетелеу және мүмкіндігінше өз мүдделеріне сүйене отырып жұмыс істеу маңызды. Оның қазіргі мектептегі рөлі өте зор, өйткені зерттеу қызметі ақыл-ойды жаттықтырады және ойлауды дамытады.

Әдебиеттер тізімі

1. Букреева, И. А. Оқушылардың оқу-зерттеу қызметі негізгі құзыреттерді қалыптастыру әдістерінің бірі ретінде. / И. А. Букреева, Н. А. Евченко //Жас ғалым. — 2012. — № 8. — 309-312 ББ.

2. Алексеев, Н.Г. Концепция развития исследовательской деятельности учащихся /Н.Г. Алексеев, А.В. Леонтович, А.В. Обухов, А.В. Фомина //Исследовательская работа школьников. – 2001. - № 1. –С. 24-33.

3. Богоявленская, Д.Б. Исследовательская деятельность как путь развития творческих способностей /Д.Б. Богоявленская //Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: Сб. статей под общей редакцией А.С. Обухова. – М.: НИИ школьных технологий, 2006. – С. 44-50.

4. Леонтович А.В. Исследовательская деятельность учащихся (сборник статей). – М., МГДД(Ю)Т. – 2003. – Режим доступа: http://researcher.ru/methodics/teor/f_1abucy/a_1abujp.html (дата обращения: 28.11.2023).
5. Кадырова Р.Г., Смирнова Е.В., Зиятдинова Д.И. Исследовательская деятельность учащихся как инструмент повышения качества обучения [Электронный ресурс] / Современные проблемы науки и образования. URL:https://www.science- education.ru/ru/article/view?id=10592 (дата обращения: 23.02.2025).
6. Панина Т. С. Современные способы активизации обучения: учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений / Т. С. Панина, Л. Н. Вавилова; под ред. Т. С. Паниной. – 4-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 176 с.

ӘӨЖ.60.5

Тлегенова Айман Сулейменовна-аға оқытушы, магистр. Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті (Алматы қ.)
Егізбай Бекнұр Ерманұлы- халықаралық қатынастар мамандығының, 1 курс студенті. Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті (Алматы қ.)

ҚАШҚАРИЯДАН ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІНЕ ДЕЙІН: Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ ҰЛЫ САПАРЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ халқының көрнекті ұлы, ғалым, этнограф, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың 190 жылдық мерейтойына арналған. Еңбекте Шоқан Уәлихановтың Қашқария сапары мен ғылыми-экспедициялық жұмыстарының маңызы, қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрін зерттеудегі рөлі, ағартушылық идеялары мен географиялық жаңалықтары талданады. Сонымен қатар, 2025 жылы жүзеге асқан қоғамдық және ғылыми іс-шаралар, жастардың тарихи санаға бет бұрысы, Шоқан мұрасын қайта жаңғыртудағы заманауи бастамалар қарастырылған.*

Түйінді сөздер: *Шоқан Уәлиханов, Қашқария сапары, ғылыми мұра, этнография, ағартушылық, география, тарихи сана, ұлттық құндылықтар, Шоқантану, мәдени жаңғыру.*

Ғылым жолы – батылдық пен ізденісте қажет ететін ұзақ сапар. Бұл жолға жүрекпен ұмтылғандардың бірі — қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы, дарынды ғалым, этнограф әрі саяхатшы Шоқан Уәлиханов болды. Ол XIX ғасырда Еуразия кеңістігін зерттеп, ғылымның шынайы көкжиегіне бет алған тұңғыш қазақ ғалымы ретінде тарихқа енді. Оның Қашқарияға жасаған сапары – тек географиялық зерттеу емес, мәдениет пен өркениеттің тоғысқан рухани экспедициясы еді.

Шоқан Уәлихановтың 1858–1859 жылдары жасаған Қашқария сапары — Орталық Азияны зерттеудегі ең ірі ғылыми оқиғалардың бірі. Қауіп-қатерге толы бұл экспедиция кезінде ол Алтышаһар елін зерттеп, «Қытай империясының батыс провинцияларындағы алты қала туралы» еңбегін жазды. Бұл еңбек Париж, Лондон, Петербур сияқты қалаларда жарияланып, Шоқанды бүкіл Еуропа таныды. Ол қазақтан шыққан алғашқы ғалым ретінде әлемдік география мен этнография ғылымына үлкен үлес қосты.

Шоқан Уәлиханов – қазақтың рухани жаңғыруының символы.

Ол өз дәуірінде қазақ халқының озық ойлы өкілі болды. Қазақтың салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін, тарихын зерттеп, Еуропа ғылымына ұсынды. Шоқанның тұлғасы – дәстүр мен жаңғыруды ұштастыра білген мәдени ағартушының үлгісі.

Шоқанның қазақ мәдениеті мен салт-дәстүріне қосқан үлесі:

Ол «Қазақтағы шамандық қалдықтары», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу жыры» сынды еңбектерінде қазақ пен қырғыз халықтарының рухани дүниесін сипаттады. Рулық құрылым, би соты, әдет-ғұрып құқығы сынды жүйелерді ғылыми тұрғыда талдады.Аңыздар мен фольклорды жинақтау арқылы қазақ халқының ішкі рухани дүниесін ашты.

Оның ғылыми мұрасы мен ағартушылық идеялары:

Петербургтағы білімін ел игілігіне жұмсады, ғылыми еңбектер жазды. Қазақ халқының еркіндікке, білімге, өркениетке ұмтылуына сенді. Ағартушылық идеялары кейінгі Абай, Ыбырай, Алаш қозғалысы сияқты тарихи толқындарға ықпал етті.

Ресми деңгейдегі іс-шаралар: конференциялар, көрмелер, ғылыми байқаулар.

2025 жылы Ақмола облысында «Шоқантану ғылыми орталығы» ашылды. Қостанай мен Жамбылда ғылыми-практикалық конференциялар өтті. Облыстық деңгейде мектеп оқушылары арасында ғылыми жобалар байқауы ұйымдастырылды.

Мектептер мен жоғары оқу орындарындағы арнайы бағдарламалар:

«Шоқан жолы» атты факультатив курстар, әдеби кештер өткізілуде. Университеттерде Шоқан еңбектері негізінде ғылыми мақалалар мен дипломдық жобалар қорғалып жатыр.

БАҚ-тағы (теледидар, интернет) танымдық жобалармен деректі фильмдер

Qazaqstan және Хабар арналарында Шоқан туралы деректі фильмдер жарық көрді. Мысалы: «Аққан жұлдыз» фильмін айтсақ болады. YouTube пен әлеуметтік желілерде «Шоқан ізімен» атты жобалар жастар арасында кең танымалдыққа ие болды.

Жастар арасында тарихи сана мен отан сүйгіштіктің артуы:

Шоқан мұрасын тану арқылы жастар арасында ұлттық тарихқа, мәдениетке қызығушылық артты. Жас зерттеушілер мен мектеп оқушылары тарихи тұлғалардан үлгі алуда.

Географиялық зерттеулері мен картографияға қосқан үлесі:

Шоқан Уәлихановтың география және картография саласына қосқан үлесі зор. Ол Қазақстан мен Орта Азияның географиясын зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазды. Мысалы: Балқаш пен Алакөл көлдерінің бұрын біртұтас су айдыны болғандығы және Жоңғар қақпасынан соғатын «Ебі желі» туралы ғылыми деректерді алғаш келтірген ғалым болды.

Экспедициялық сапарлары:

1856 жылы Шоқан Уәлиханов екі маңызды экспедицияға қатысты: біреуі Орталық Тянь-Шань арқылы Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі, екіншісі дипломатиялық тапсырма бойынша Құлжаға сапар болды. 1857 жылы ол Алатау қырғыздарына тағы да сапар шегіп, қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны «Манасты» көшіріп алды. Уәлиханов мұрасын тану арқылы қазақ салты мен ұлттық құндылықтарға бетбұрыс.

Жиналған фольклорлық мұралар мен зерттеулер қазақ болмысына қайта үңілуге мүмкіндік беруде. Ұлттық киім, музыка, сөз өнері сияқты құндылықтар қайтадан дәріптеліп келеді.

Болашаққа бағыт: Шоқан жолымен іліммен парасатқа ұмтылу. Шоқан – білім арқылы дамуға бастайтын жолдың символы. Оның ғылыми батылдығы, ерлігі мен ізденісі қазіргі заман жастары үшін шабыт көзі.

Қорытындылай келе 2025 жылы бұрын белгісіз болған Шоқанның жазбалары мен хаттары табылып, ғылыми айналымға енгізілуде. Ақмола облысында ашылған «Шоқантану орталығы» ғалым еңбектерін қайта қарап, жаңаша түсіндірумен айналысуда. Қостанайда өткен

ғылыми жоба байқауында оқушылар Шоқан еңбектерін заманауи көзқараспен зерттеп, QR-кодты интерактивті кітапшалар жасады. Бұл мәліметтер Шоқан мұрасының әлі де зерттелмеген тұстары бар екенін және оның қазіргі заманға бейімделіп отырғанын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы және оның заманауи мәні // ҚР Ұлттық Ғылым академиясының конференция материалдары. – Астана, 2025.
2. ҚР БҒМ. Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары. – www.edu.gov.kz, 2025.
3. Qazaqstan Ұлттық арнасы. «Аққан жұлдыз» деректі фильмі, 2025.
4. YouTube жобасы: «Шоқан ізімен» тарихи-танымдық жобасы. – www.youtube.com, 2025.
5. Ақмола облысы әкімдігінің ресми сайты. «Шоқантану орталығының» ашылуы туралы жаңалық, 2025.
6. Қостанай облысы Білім басқармасы. Ғылыми жобалар байқауы туралы ақпарат. – 2025.

ӘӨЖ 34(574)(063)

Рустемова Г.Р. – з.ғ.д., профессор ХКГУ (Алматы қ.)
Катенов А.М. – магистрант ХКГУ (Алматы қ.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ ЖАНЫНАН ЮВЕНАЛДЫҚ ӘДІЛЕТ КОМИТЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы ювеналды әділеттің қызметі мен мәні қарастырылған. Сондай-ақ, ювеналды әділеттің қазіргі таңдағы мемлекеттік биліктегі алатын орны мен мазмұнын ашып қарастырған.*

Түйінді сөздер**:** *Ювеналды әділет, кәмелетке толмаған жасөспірім, зылмыс, қылмыс құрамы, құқық, құқықбұзушылық, әділет.*

Қазіргі кезеңде Қазақстан ғалымдары Қазақстан Республкаисының Үкіметі жанынына ювеналды әділет органын құру туралы ұсыныс беріп жүр. Себебі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің жанындағы «Бала құқықтарын қорғау Комитетінің» құзыретінің тиімсіщдігі туралы сөз болады. Егер тәжірибеге жүгінетін болсақ, күнделікті өмірден бұл жағдайдың байқалып тұрғандығын көре аламыз. Осы жерде біз Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан арнайы ювеналды әділет Комитетін құрудың мүмкіндіктерін қарастырмас бұрын, Үкіметтің жалпы табиғатын және құзыретіне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің төменде көрсетілген қызметтерін белгілейді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғану қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуін ең негізгі бағыттарын жасайды және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді [1].

Осы ережеге сәйкес Үкімет қазіргі уақытта мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өмірінінің барлық салаларында басты-басты бағдарламалар жасады. Бағдарламалардың негізгі бағыттарын Президент бекітеді, өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының 40 бабына сәйкес Президент мемлекеттің ішкі саясатын айқындайтын тұлға болып табылады және Конституцияның 44 бабының 8 тармағына сәйкес ол республиканың мемлекеттік бағдарламасын бекітеді [1].

Бірақ Үкімет бұл бағдарламаларды дайындап қана қоймайды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сүйене отырып, оның іске асырылуын да қамтамасыз етеді. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңның 1 тармағында оның жүзеге асырылуы бойынша Үкімет стратегиялық және тактикалық шаралар дайындайды деп атап көрсетілген.

Сонымен осы биліктің ең бірінші және негізгі қызметі – қоғамдық тәртіпті сақтау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету осы билік тармағының ең негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қоғамдық тәртіп барлық азаматтардың қоғамдық өміріндегі және барлық мемлекеттік, қоғамдық және жеке мекемелердің дұрыс жұмыс істеуінің негізгі екені белгілі.

Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің төмендеуі әкімшілік тәртіпсіздіктің және қылмыстың өсуімен, санитарлық және экологиялық ережелерді бұзу мен дәлелденеді; мемлекет қызметінің басқа да қырларына теріс әсер етеді, әсіресе экономиканы, қаржыны, білім беруді, әлеуметтік қамсыздандыруды басқаруға теріс әсер етеді және т.б. Қоғамдық тәртіпті сақтауды атқарушы биліктің органдарының азаматтардың тәртібіне және ұйымдардың тәртібіне және ұйымдардың қызметіне байқау, бақылау жасау және қадағалау әдістері арқылы жүзеге асырылады. Қаралып отырған қызметтің тағы бір қыры ұлттық қауіпсіздік болып табылады, ол тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін ішкі және сыртқы қатерлерден қорғау жағдайы ретінде белгіленеді. Бұған бірінші кезекте мемлекеттік және қорғаныс қауіпсіздігі, сондай-ақ оның мына түрлері: экономикалық, ақпараттық, медициналық, экологиялық және т.б. жатады. Сонымен осы тармақта Үкіметтің жалпы түрдегі барлық өкілеттігі, оның жұмыс бағыттарының барлық бағыттары жинақталған.

2. Парламентке республикалық бюджетті тапсырады және оның орындалғаны туралы есеп береді [2]. Жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі келесі жылға арналған республикалық бюджет жасайды. Осы басты қаржы құжаты арқылы мемлекеттің негізгі кірісі айқындалады, ол оны түрлі көздерден алады.(салықтан, алымнан, басқа түсімдерден), сондай ақ мемлекеттің халық шаруашылығының түрлі салаларына жұмсаған шығыстары да айқындалады.

Алда тұрған қаржы жылына қаржы жобасын дайындаудың және мемлекеттік бюджеттік болжалды көрсеткішьерін ұзақ мерзімге жоспарлауға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары негіз болып табылады.

Орталық мемлекеттік органдарды және олардың аумақтық құрылымдарын қаржыландыру Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен бекітілген штат саны лимитімен және мемлекеттік органдардың топтары бойынша әр қызметкерге шаққандағы ағымдағы шығымдар нормативтерімен белгіленеді, нормативтер Қазақстан Республикасының Үкіметінің актілерімен бекітіледі.

Шикізат секторының ұымдарынан жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің жылдық мөлшері тиесілі қаржы жылына облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша белгіленеді. Көрсетілген түсімдердің тоқсандық мөлшерін жылдық санының республикалық бюджет туралы заң белгілеген шегінде облыстарға Астана және Алматы қалалары бойынша бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді [3].

Бұл жерде Қазақстан Республикасыны Үкіметінің облыстық бюджеттерді, Астана, Алматы Қалаларының және аудандық (қалалық) бюджеттердің дайындалу және орындалу процестеріне Қазақстан Республикасының Үкіметінің араласуына рұқсат етілмейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервіндегі қаржыны пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Қазақстан Республикасы Үкіметі резервті тиісті бюджеттің түсімдерінің мөлшерінің екі пайызынан аспауы тиіс. Тиесілі жылға бөлінген шығын бюджеттің құрамында бекітілген мөлшерде болады және қаржыландыруды ашу бюджеттің деңгейіне

байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жүргізіледі, ол өз күшін ағымдағы қаржы жылының алғында жояды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві республикалық және жергілікті бюджетті жасағанда жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында қаржыландыруды талап ететін шығынды қаржыландыру үшін республикалық және жергілікті бюджет құрамында жасалады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінің құрамында мыналар қарастырылады:

● Республика Үкіметінің шешімімен белгіленетін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және басқа да ойланбағаншығындырғаарналған қаражат;

● сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық құрылымдарының тиесілі міндеттемелерін өтеуге арналған қаражат;

● касса үзілісін жабу үшін төменде тұрған бюджетті кредиттеуге арналған арнайы резерв.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві құрамындағы қаражатты Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық құрылымдары мен жергілікті атқарушы органдарының сот шешімдері бойынша тиесілі міндеттемелерін өтеулері үшін сол шешімдері бойынша өтелмеген міндеттер болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Парламентіне немесе тиісті жергілікті үкімші органға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінің мөлшерін республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер енгізу арқылы арттыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобаларын Мәжіліске енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамашылығы, яғни заң жобаларын қабылдау үшін Парламентке ұсыну құқығы бар. Ол өзінің құзыреті шегінде заң жобаларын әзірлеп, оларды Мәжілістің қарауына енгізе алады. Үкімет тек заңдар негізінде жұмыс істейтін салаларға өкілеттігі жүретін мемлекеттік биліктің тармағы ретінде, әрине, тиісті заңдардың бірінші кезекте қабылданғанына мүдделі.

Өзінің заң шығарушылық құқығын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалары жұмысының жоспарын әзірлейді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобаларымен айналысуға тек құқылы ғана емес, әрі міндетті де. Оның заң жобаларын әзірлеу жұмысында сүйенері министрліктер мен ведомстволар болып табылады.

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың заң жобалары жөніндегі ұсыныстары Әділет министрлігі арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсынылып, ұсынылған заң жобалары қаралып, қорытылған соң заң жобалары жұмысының тізіміне енгізу үшін Парламент Мәжілісіне жолданады.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарын Қазақстан Республикасы Президентімен келісудің тәртібі осындай. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 17 мамырдағы № 873 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу ережесінің» 1-5 тармақтарында былай бекітілген:

«Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының жоспарлары Қазақстан Республикасының Президентімен келісу үшін ұсынылады.

Үкіметтің заң жобалары жұмыстары жоспарының жобасы Мемлекет басшысына Премьер-Министрдің қолы қойылып беріледі. Бұл ретте Жоспар жобасы заң жобаларының тізбесінен өзге, заң жобаларының негіздемесі мен Парламент Мәжілісіне енгізу мерзімі көрсетілген тиісті түсіндірме жазбаны қамтуға тиіс.

Қабылданып қойылған заң жобалары жұмыстарының жоспарларына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар Мемлекет басшысымен не оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен міндетті түрде келісуге жатады.

Қабылданып қойылған заң жобалары жұмыстарының жоспарларына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар Мемлекет басшысымен не оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен міндетті түрде келісуге жатады. Ұсынылған Жоспар жобасы Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігінің заң қызметіне, Президент Әкімшілігінің өзге де мүдделі құрылымдық бөлімшілеріне пысықтау үшін беріледі.

Жоспар жобасы пысықталғаннан және Президент Әкімшілігінің Басшысымен келісілген тиісті қорытынды дайындалғаннан кейін Мемлекет басшысына ұсынылады. Жоспар жобасына сараптама жасау және ол бойынша Президент Әкімшілігіне қорытынды дайындау мерзімі ол Президент Әкімшілігіне келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Жоспар жобасын Республика Президентімен келісу Мемлекет басшысының тиісті бұрыштама қоюы арқылы жүзеге асырылады. Келісілген Жоспар жобасы ұсыныстармен және ескертулермен (бұлар болған жағдайда) Президент Әкімшілігінің Басшысы немесе оның уәкілеттік беруімен Әкімшілік Басшысының тиісті орынбасары қол қойған қорытынды түрінде Мемлекет басшысының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, оны одан әрі қарап, бекіту үшін Үкіметке қайтарылады.

Премьер-Министр Кеңсесі Президент Әкімшілігінің Үкіметтің заң жобалары жұмысының жан-күйі туралы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 жұлдызынан кешіктірмей хабардар етеді.

Республиканың Азаматтық кодексінде аталмыш мәселе былай белгіленеді: «1. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік түрінде көрінеді. 2. Республикалық меншік республикалық қазынадан және заң құжаттарына сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады» [4, 10 б.].

Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының үшінші тармағына сәйкес «Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізеді». Конституциялық бұл норма азаматтық-құқықтық қатынастарға лайықталып еліміздің Азаматтық кодексінің 111-бабының екінші тармағында былай деп жазылды: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет билігі мен басқару органдары өздерінің осы органдардың мәртебесін айқындайтын заң құжаттарында, ережелерде және өзге де құжаттарда белгіленетін құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының атынан өз әрекеттері арқылы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алып, оларды жүзеге асырады...» [4, 10 б.].

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заң өзінің 9-бабының сегізінші тармағында «Үкімет Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны қолдану жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығының қорғалуын қамтамасыз етеді» [2, 3 б.] деп көрсетеді. Осы жердегі Үкіметтің құзыретіне жататын «мемлекеттік меншікті басқаруды» деген ұғымды белгіленген заң шеңберінде Қазақстан Республикасының атынан жасалатын мемлекеттік мүліктік құқықтар мен міндеттерге де қатысы бар деп түсінгеніміз жөн. Мұндай құқық Үкіметке «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заң қабылданған сәттен бастап берілді.

Сонымен, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заңның 9-бабының сегізінші тармағында айтылған мемлекеттік меншікті пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға республиканың заң актілері белгілеген шекте мемлекеттік меншікті иемдену, пайдалану және билеу жатады. Яғни, мемлекеттік мүліктің меншік иесі Қазақстан Республикасының өзі болып табылады да, заң актілері арқылы өкілеттіктерін белгілей отырып, Үкіметке мемлекеттік мүліктерді пайдалану, иемдену және билеу құқықтарын береді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Үкіметтің аталмыш міндетіне орай «мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады» деген норма республика Үкіметінің заң актілерінде көзделген шекте мемлекеттік мүлікті иемдену, пайдалану және билеу өкілеттігінің бар екендігін көрсетеді [5].

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді. Осы міндетіне сәйкес, Үкімет келісімдер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Қазақстан Республикасының шет ел мемлекеттерімен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру жөнінде іс-шаралар әзірлейді; сыртқы сауданы дамыту жөнінде іс-шаралар қабылдайды; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық пен әрекеттестік орнатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппараты Қазақстан Республикасының мүдделі органдарының қатысуымен келісілген және тиісінше ресімделген осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын ұсынады. Уағдаласқан келісім мен қол қойылған шарттардан туындайтын іс-шаралардың маңыздылығына қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппараты мәселені қарау туралы өз ұсынысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілісіне немесе президиумына енгізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының органдары олардың белгіленген уақытында орындалуы үшін қажетті шараларды қолданып, тоқсанына бір рет Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ақпарат беріп отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 жылы қабылданған //https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
2. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 «Қазақстан Республикасының Үкіметі» туралы конституциялық Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
4. Конституционное (государственное) право зарубежных стран / под ред. Страшуна Б.А. - М.: Изд-во Бек, 1995. - Т. 2. - 278 с.
5. Арановский К.В. Государственное право зарубежных стран. - М., 1998. - 414 с.

ОӘЖ 34(574)(063)

Рустемова Г.Р. – з.ғ.д., профессор ХҚГУ (Алматы қ.)
Катенов А.М. – магистрант ХҚГУ (Алматы қ.)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЮВЕНАЛДЫҚ СОТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. *Мақалада өркениетті Қазақстаннның сот жүйесіндегі ювеналды соттың қызметіне құқықтық талдау жасалған. Сондай-ақ, ювеналды соттың құқықтық мәртебесін анықтап, жан-жақты кәмелетке толмағандардың қылмысына қарсы іс-қимыл жастар ортасындағы құқықтық нигилизмге жол бермеу, қоғам дамуының объективті заңдылықтарына қарсы болмайтын заңдар мен қосымша заңнамалық актілерді қабылдауды көздейді.*

Түйінді **сөздер:** *Ювеналды сот, сот, сот жүйесі, сот инстанциясы, сот төрелігі, судья, жаза.*

Тәуелсіздіктің 20 жылдан асқан уақытына көз жүгіртсек, елімізде дербес сот билігі бар деп санауға болады. Соттарды мамандандыру шаралары қабылданды. Атап айтқанда, қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстанның тарихында мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, қылмыстық, ювеналдық және қаржы соттары ашылып, сот әділдігін өз дәрежесінде жүзеге асыруда. Соттарды мамандандыру – реформаның ең тиімді тұсы екенін байқатты. 2008 жыл 18 тамызда Н.Ә.Назарбаев өзінің жарлығымен БҰҰ ұйымының Қазақстан Республикасының 2009-2011 жылдарға арналған ювеналды әділет жүйесінің даму тұжырымдамасын бекітті. Ювеналды әділет кәмелетке толмағандардың әр түрлі мәселелер бойынша түрлі іс жүргізулерді дамытты: құқық бұзушылық, үйінен қашып кету, ескірткіге тәуелділік т.б. [1].

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық тұжырымдамасы туралы Президенттің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген «ювеналдық соттар елімізде құрылатын ювеналдық әділет жүйесінің орталық буынына айналуы тиіс» деп көрсеткен. Жоғарғы Соттың шешімі бойынша 2012 жылдан бастап барлық облыс орталықтарында жалпы саны 16 ювеналды сот жұмыс істейтін болады. Бұл бастама 2007 жылғы ҚР Президентінің «кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарын құру туралы» Жарлығына сәйкес, аталған санаттағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында қолға алынып отырғаны белгілі.Әлеуметтік әділдік идеясына сай келетін және жалпыға ортақ танылған құқықтық қағидалар мен нормаларға негізделген қазіргі заманғы құқықтық жүйені құру Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті қалыптастыруға міндетті құрамдас ретінде кіреді. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2004 жылғы 7 – шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1 – бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 14 тен 29 жасқа дейінгі азаматтары жастар болып есептеледі. Алайда, жастар ортасындағы құқыққа қарсы мінез-құлықты қарау кезінде біз кәмелетке толмағандар, яғни 18 жасқа дейінгі топтағыларды қарастырамыз.

Жалпы, тиімді қылмыстық саясат кәмелетке толмағандардың қылмысына қарсы іс-қимыл жастар ортасындағы құқықтық нигилизмге жол бермеу, қоғам дамуының объективті заңдылықтарына қарсы болмайтын заңдар мен қосымша заңнамалық актілерді қабылдауды көздейді.

Мамандандырылған соттардың бірі – 2007 жылы құрылып, 2008 жылдың тамыз айынан бастап Астана және Алматы қалаларындағы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі ауданаралық соттар (ювеналды соттар) құрылған болатын. Осы уақыт аралығында ювеналды соттар өз өміршеңдігін дәлелдеп, өздерін мемлекет қорғауында тұрған отбасы, ана мен бала, әке құқықтарын қорғау үшін таптырмас құрал ретінде көрсетуде. Іс жүргізу заңнамасына сәйкес, ювеналды соттардың қарауына азаматтық істер бойынша бала асырап алу, ата-аналық құқығынан айыру, баланың мекен-жайын белгілеу, девиантты мінез-құлықты балаларды арнайы оқу орындарына жіберу жөніндегі арыздар жатады. Қылмыстық істер бойынша кәмелетке толмағандардың қылмыстары, кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған

1. Руководство по основным направлениям предупреждения преступлений (Для предоставления Восьмому Конгрессу Организации Объединенных Наций по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями) // Советская юстиция. – 1993. – №5. – С. 26.
2. Насырова Э.М. Особенности профилактики преступных проявлений с участием несовершеннолетних // Государственная политика по поддержке семьи и защите детей: матер. конф., организованной Управлением внутренней политики г. Алматы. – Алматы, 2013. – С.54-62.
3. Идрисова С.Ф., Дусяцкая Л.М. Уголовно-правовые и криминологические аспекты предупреждения преступности несовершеннолетних: учебное пособие. – Ижевск: ИФНА МВД России, 2003. – 77 с.
4. Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность. – М.: Изд-во МГУ, 1969. – 232 с.
5. Криминология: учебник / под ред. В.Н. Кудрявцева и В.Е. Эминова. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 2006. – 775 с.
6. Карпец И.И. Проблема преступности. – М.: Наука, 1969. – 167 с.
7. Курс советской криминологии. Предупреждение преступности / под ред. И.И. Карпеца, Б.В. Коробейникова. – М.: Юридическая литература, 1986. – 352 с.
8. Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. – Алматы: Гылым, 1999. – 210 с.
9. Nasyrova E. The causes and conditions of juvenile delinquency // Materialy VIII mezinarodni konference. – Praha: Publishing House “Education and Science”, 2012. – P.49-52.
10. Криминология / ред. кол. И.И. Карпец, В.Н. Кудрявцев, Н.Ф. Кузнецова, А.Б. Сахаров. – М.: Юридическая литература, 1976. – 440 с.
11. Исаева К.А. Криминологическая характеристика личности вымогателя // Вестник Кыргызской государственной юридической академии. – 2004. – №3. – С. 10.
12. Криминология: учебник: / под общ. ред. А.И. Долговой. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Норма: Инфа-М, 2010. – 1008 с.

13. Жетписбаев Б.А., Айтбаева А.К. Концептуально-теоретические проблемы девиантного поведения и правовой социализации несовершеннолетних в Республике Казахстан. – Алматы: Юрист, 2002. – 266 с.
14. Абызов Р.М. Система преступности, связанной с несовершеннолетними // Преступность, организованная преступность и проблемы безопасности: сборник научных статей. – М.: Российская криминологическая ассоциация, 2010. – 248 с.
15. Ермаков В.Д., Крюкова Н.И. Несовершеннолетние преступники в России. – М.: ИМПЭ, 1999. – 255 с.

УДК 93/94

Абжанов К.С. - Доцент, кандидат исторических наук МТГУ(г.Алматы)
Усенов Бакжан Басымбекович - студент 1 курса МО о/р-24 МТГУ(г.Алматы)

КАЗАХСТАН В ПЕРИОД ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Аннотация: *Статья посвящена героическому вкладу казахстанского народа в Победу в Великой Отечественной войне. Освещается участие казахстанцев как на фронте, так и в тылу: более 1,2 миллиона человек были призваны в армию, свыше 750 тысяч мобилизованы в трудовую армию. Цель статьи – раскрыть примеры мужества и самоотверженности казахстанцев в годы войны на основе исторических фактов. Особое внимание уделяется подвигам таких личностей, как Бауржан Момышулы, Алия Молдагулова, Маншук Маметова, Талгат Бегельдинов и других. Подчеркивается вклад 316-й стрелковой дивизии под командованием генерала Панфилова в обороне Москвы. Также рассматриваются примеры патриотизма, проявленного в тылу, где народ оказывал всестороннюю поддержку фронту. Отмечается значимость сохранения исторической памяти и формирования у молодежи чувства гордости за подвиги предков*

Ключевые слова: *Великая Отечественная война; казахстанцы; героизм; фронт и тыл; Панфиловская дивизия; Бауржан Момышулы; Алия Молдагулова; Талгат Бегельдинов; трудовая армия; патриотизм; историческая память.*

.В мае 2025 года исполняется 80- лет победе народов СССР в Отечественной войне против гитлеровской Германии и его сателлитов .В ряды Советской армии были призваны 1 200 000 казахстанцев. Правительство Сталина, используя опыт царских колонизаторов 1916 г., мобилизовали в трудовую армию более 750 000 казахстанцев.В первые дни войны Брестскую крепость, в Беларусии защищали воины казахстанцы К. Абдурахманов,В. Лобанов, В. Фурсов, Г. Жуматов. 26 июня 1941-й г. два лётных экипажа Николая Гастелло и А. Маслова, в составе лётчика-стрелка Бахтораза Бейсекбаева наносили бомбовые удары колонне фашистской бронетехники. Зенитчики фашистов подбили советские самолёты. лётчики Н. Гастелло и А. Маслов направили пылающие самолёты на колонны танков врага. В 1951-м году. колхозники села Радковичи нашли останки советских лётчиков, по солдатским медальонам поисковики установили их имена.В 1990-м году. Правительство советского Казахстана, воспитаннику советского дома, Бахтуоразу Бейсекбаеву,потерявшего родителей во время голодамора 1928 – 1933 годов, организованного правительством Шаи и Голощекинсг, посмертно присвоили звание –Халык кахарманы Бейсекбаеву .

Казахский писатель, полковник, Герой Советского Союза Бауржан Момышұлы (1910 – 1982 годы жизни). До службы в рядах советской армии Момышулы работал учителем в Джамбулской области . Старший лейтенант Бауржан Момышұлы, в битве под Москвой, рота Бауржана умело удерживала оборону на стратегически отважном Волоколамском шоссе. Генерал немецкой армии Эрих Гепнер в своих мемуарах описывал боевые столкновения с бойцами Панфиловской дивизии, и как битву с монголоидными дикарями, которые ведут действия без использования военных тактик и не сдаются в плен.

Выдающиеся деятель кубинской революции Фидель Кастро (1926-2010г.ж.) прочитав повесть советского писателя Александра Бека”Волоколамское шоссе “на испанском языке, считал полковника Бауржана Момышулы своим кумиром, за его героизм и талант полководца. В ожесточённых боях за столицу СССР, 30-летний Бауржан Момышулы был едва не единственным в Советской армии командиром полка в звании старшего лейтенанта.

Из числа призывников и добровольцев Алма-атинской, Джамбульской и Южно-Казахстанской областей была сформулирована 316 – я стрелковая дивизия под командованием генерала-майора Ивана Васильевича Панфилова. 18-я ноября 1941 г. бесстрашный генерал Панфилов , бывший в годы Гражданской войны 1918 – 1920гг. Рядовым солдатом Чапаевской дивизии, пал смертью храбрых. За легендарные боевые подвиги в битве за Москву, 316 – я дивизия была преобразована в 8–ю гвардейскую.

Защищая подступы к Сталинградскому тракторному заводу, бессмертный подвиг совершили 43 зенитчика под командованием казахстанца Михаила Баскакова. В неравным бою 1942 г. советские солдаты подбили 11 фашистских танков, 36 героев погибли но не пропустили врага.

Среди воинов, совершивших выдающиеся подвиги при освобождении от фашистов Ленинградской области, есть и имя отважной дочери казахского народа, снайпера Алии Молдагуловой. Алия добровольно добилась зачисления в школу снайперов, летом 1943 она прибыла в действующую армию. За короткое время, отважная, восемнадцатилетняя Алия – снайпер уничтожила 80 гитлеровцев. Посмертно Алия Молдагулова удостоена звания Героя Советского Союза.

Пулемётчица Маншук Маметова в 1944-м году, за храбрость при освобождении древнего русского Невель была удостоена звания Героя Советского Союза, посмертно. Смертельно раненные, истекая кровью, воины – казахстанцы закрыли своим телом фашистские пулемёты– Буран Нысынбаев, Георгий Постольников , Т. Рустемов А. Панкратов, Агадил Сухамбаев. В январе 1943-го года прибыл в действующую армию лётчик Талгат Бегельдинов. Начав боевые действия в районе Старой Руссы на Калининградском фронте , Талгат Бегельдинов с боями дошел до Берлина. Он совершил 305 боевых вылетов. Лётчики – асы, казахстанцы Сергей Луганский, Л. Беда, И. Павлов и Т. Бегельдинов удостоены звания Героя Советского Союза – и дважды.Высоко оценивая труд казахского народа Отечественной войне газета,, Правда ”, орган коммунистической партии СССР, 8 февраля 1943 г. писала: хорошо бьются казахи на фронте, хорошо работают для фронта и отцы, матери, жены в тылу.Казахстан могуче подпирает фронт всеми богатствами своей земли , всеми сокровищами своих гор

Список литературы:

1. Бек А. *Волоколамское шоссе*. – М.: Воениздат, 1960.
2. Момышулы Б. *Психология войны*. – Алматы: Жазушы, 1990.
3. Журавлёв В. В. *Подвиг Панфиловцев: правда и мифы*. – М.: Молодая гвардия, 2015.
4. Абильдаев К. С. *Казахстан в годы Великой Отечественной войны*. – Алматы: Қазақстан, 2005.
5. Справочник «Герои Советского Союза – казахстанцы». – Астана: Ел-шежіре, 2010.
6. Архивные материалы Министерства обороны Республики Казахстан. – Астана, 2020.
7. Газета «Правда». Выпуск от 8 февраля 1943 года.

ӘОЖ – 81 - 10

Баданова С.Ж. п.ғ.магистры, аға оқытушы ХКГУ (Алматы қ.)
Тілекбаева Ж.Б -УиА-24р тобының 1 курс студенті ХКГУ (Алматы қ.)

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Шоқан Уәлиханов өзінің қысқа ғана өмірінде ол ғылыми, саяси, әдеби салаларда үлкен еңбек сіңірген, Орта Азия мен Азия халықтарының тарихы мен географиясына арнап жазған ғылыми еңбектердің алғашқы іргетасын қаласқан географ, қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ағартушысы, этнографы, тарихшысы екендігі, қызметі қарастырылған.

Түйінді сөздер: қазақ халқы, ғылыми, саяси, этнограф, әдебиет, мәдениет, білім.

Шоқан (Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов – XIX ғасырдағы қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ағартушысы, этнографы, тарихшысы және географы. Ол қазақ халқының рухани мәдениетінде терең із қалдырған тұлға. Өзінің қысқа ғана өмірінде ол ғылыми, саяси, әдеби салаларда үлкен еңбек сіңіріп, замандастарының арасында зор беделге ие болды.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы мен Солтүстік Қазақстан облысы шекарасындағы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Ол атақты Абылай ханның тікелей ұрпағы – Шыңғыс Уәлихановтың ұлы. Жасынан білімге құштар болған Шоқан алғашында ауыл молдасынан сауатын ашып, кейін Омбыдағы кадет корпусында білім алады. Ол жердегі оқуы оның көзқарасының қалыптасуына және орыс мәдениетіне жақындасуына үлкен әсер етті.

Бала күнінен-ақ Шығыс шайырларының атақты шығармаларын оқып, жазып алып, алтын қазына әдебиетіміздің қорына қосқан әдебиетші, публицист, Сарыарқаның саңлақтары Орынбай, Арыстанбай, Жанақ ақындардың өлең-жырларын, Ақан Сері, Біржан сал секілді ән мен күй майталмандарының әсем әндерін тыңдап, санасына құйып өскен Шоқан қазақтың бағына біткен жарық жұлдызы.Шоқан Уәлиханов – Еуропа мәдениетін мол игеріп, неміс, француз, орыс тілдерін, әдебиетін терең таныған жан. Ол тек өз халқы ғана емес, көрші қырғыздың, Қашқардың, Қытайдың, Жоңғарияның мәдениеті, әдебиеті, тарихы, философиясы, жағрафиясы жайлы құнды еңбектер жазып қалдырған ғылым иесі. Қоғамдық құрылысты, патшаның отаршылдық саясатын, халқының басындағы теңсіздікті көріп, сол ауыртпашылықты жою жолында күрескен қоғам қайраткері.

Шоқан аз өмірінде халқының елдік қасиетін көтеріп, мәдениеті жоғары елдермен терезесі тең дәрежеге жетуін армандаған. Сонда жалғыз қазақ халқы емес, тарихы бір тамырлас, тілі де, діні де, ділі де бір Орта Азия халықтарын тұтас ойлайды, бірге өсіп, бірге дамуын ойлайды. Шоқанның Орта Азия мен Азия халықтарының тарихы мен географиясына арнап жазған ғылыми еңбектердің алғашқы іргетасын қаласқан географ, қазақтан шыққан тұңғыш суретші екені де әлем өнерпаздарына әйгілі.

Туған еліне деген сүйіспеншілігі, қазақ халқының қарапайымдылығын, халқының ән мен жырға әуес екендігін, тек қана әуестеніп қоймай, бұл өнерді ерекше меңгергендігін аса білгірлікпен көркем сөзбен де жазып қалдырған.

«Қазақтар өздерінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген,... әсіресе өлең-жырлары еш өзгеріссіз ауызша тарағанына адам айтса нанғысыз қасиет, бұл күмән келтіруге болмайтын шындық», - деп, халқымыздың ертеден сақталып келе

жатқан бай ауыз әдебиетін, заман ағымын, халқымыздың тұрмыс-тіршілігін мақтан ете жазған. Ш. Уәлихановтың ғылымда ең үлкен еңбектерінің қатарына алғаш рет қырғыздың «Манас», «Сәметей» жырларын жазып алып, даланың «Илиадасы» мен «Одиссеясы» деуі де бұл шығармаларға берілген баға. Ол аталған шығармаларды қырғыз еліне саяхаты кезінде жазып алған.

Шоқан өмірі туралы талай шығарма жазылды. Әлкей Марғұлан, С.Бақбергенов, С. Мұқановтың Шоқан туралы жазған еңбектерін болашақ ұрпақ ғалым Шоқан туралы өшпес мұра деп біледі. «Шоқан – гуманист адам. Бүкіл адам қоғамының теңдікке жетуін арман етті. Бұл – оның арғы арманы. Бергі арманы – туған елі қазақтың елдігін, шаруасын, мәдениетін Еуропаның, орыстың дәрежесіне көшіру. Ой саласының қалыптасу жағынан келгенде, мартен пешінде балқып тұрған болатқа ұқсайды. Ал, жалпы біліміне келгенде, не деген – зор эрудит! Әсіресе тарихтан, философиядан, эстетикадан, этнографиядан, гуманитарлық білімдерден, әдебиеттен, табиғатты танудан да білетіндігі толып жатыр», - дейді Сәбит Мұқанов «Жарқын жұлдыз» романында. Ғалым еңбектері, пікірлері орыс зерттеушілерін қазақ, түрік халықтары тарихын, әдебиетін, дүниетанымын зерттеуге жол салған құнды туындылар.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулері қазақ халқының тарихы мен мәдениетін терең түсінуге жол ашты. Ол қазақ, қырғыз, ұйғыр, сібір халықтарының тұрмысы мен әдет-ғұрпын, салт-санасын зерттеп, олар туралы ғылыми еңбек жазды. 1856–1857 жылдары Шоқан әйгілі Құлжа және Қашғар сапарына барып, бұрын Еуропа ғылымына беймәлім болған деректерді жинақтады. Оның “Қытай империясының батыс өлкесі және Қашғария жайлы” еңбегі сол замандағы аса құнды зерттеу болып саналады. Ол қырғыз халқының “Манас” жырын алғаш ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалым. Бұл эпос туралы жазған еңбегі арқылы ол қырғыз әдебиетінің алтын қазынасын әлемге танытты. Сонымен қатар, Шоқан қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды зерттеуге үлкен үлес қосты.

Шоқан Уәлиханов – демократиялық бағыттағы ой-пікірді ұстанған ағартушы. Ол қазақ халқының болашағы білім мен ғылымда деп білді. Патша үкіметінің отаршылдық саясатына сын көзбен қарап, қазақ даласындағы әділетсіздіктерді батыл әшкереледі. Оның жазбаларында ұлттың оянуына себеп боларлық идеялар молынан кездеседі. Шоқан орыс зиялыларымен тығыз байланыста болды. Ол Ф.М. Достоевский, Н.М. Ядринцев, Н.И. Веселовский сияқты көрнекті тұлғалармен пікірлес, дос болды. Атап айтқанда, Достоевский Шоқанды өте жоғары бағалап, оның болашағынан үлкен үміт күткен.

Шоқан Уәлихановтың еңбектері бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның ғылыми зерттеулері мен ағартушылық идеялары қазақ халқының рухани мәдениетін байытты. Ол – қазақ даласынан шыққан тұңғыш еуропалық білім алған ғалымдардың бірі. Шоқанның шығармалары қазақ ғылымының негізін қалады деуге толық негіз бар. Қазақ халқы оны әрдайым мақтан тұтып, оның есімімен мектептер, университеттер, көшелер, ғылыми мекемелер аталады. Алматы қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты – соның айғағы. Шоқан Уәлиханов 1865 жылы небәрі 29 жасында дүние салды. Оның қысқа ғұмырына қарамастан, қалдырған мұрасы – мәңгілік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1984. Есмағанбетова Х.
2. Шоқан Уәлиханов – ағартушы, ғалым, саяхатшы. – Алматы: Білім, 2002.
3. Қасымжанов А. Шоқан және замандастары. – Алматы: Санат, 1995.

4. Абдрахманов К. Шоқан Уәлихановтың тарихи мұрасы. – Астана: Елорда, 2006.
5. Нұрпейісов К. Шоқан Уәлиханов және оның заманы. – Алматы: Рауан, 1990.
6. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – Т. 9.
7. Достоевский Ф.М. Письма к друзьям. – Москва: Художественная литература, 1976.
8. Исакаев Ж. Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз- Алматы 2015 18 тамыз..

ӘОЖ – 81 - 10

Баданова С.Ж. п.ғ.магистры, аға оқытушы ХКГУ (Алматы қ.)
Абдуллаев К.А. – ХҚ -24р тобының 1 курс студенті ХКГУ (Алматы қ.)

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – ҰЛЫ ОЙШЫЛ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада жас ұрпақ ғылымның қажеттігін бүгінгі күннің даму процестерінен ғана емес, ұлы ойшыл бабамыздың ғылымның қадірі мен қасиеті туралы тұжырымдарынан да табылатындығы қарастырылған. Абай Құнанбаевтың ғылыми даналық сөздері өзектілігімен, ғылыммен жасай беретіндігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: ғылым, білім, тазалық, қоғамдық болмыс, өркениет жолы, инновация.

Ғылым – адам өміріндегі ең қажетті нәрсе. Ғылым нағыз сиқырға, әлемді ғажайып түрлендіруге қажетті. Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың Абай ұлылығын, кемеңгерлігін, даналығын, кемелділігін тану үшін Абай мұрасына ғылыми тұрғыда қарау керектігі жөніндегі сындарлы ойы ерекше.

Президент Қ.К.Тоқаев: «Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді» деп жазады.

Абай Құнанбаев ұлт болу үшін ең әуелі ғылым дамуы керек деп біледі. Сондықтан да жаңа, жас ұрпақ ғылымының қажеттігін бүгінгі күннің даму процестерінен ғана емес, ұлы ойшыл бабамыздың ғылымның қадірі мен қасиеті туралы тұжырымдарынан табады.

Абай Құнанбаев ғылымның міндеттерін жіктейді, саралайды, атап көрсетеді:

– Әуелі білмек керек;
– Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену керек;
– Әрбір хақиқатқа тырысып ыждаһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!
– Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу (ойласу, пікір алмасу), екіншісі – берік мұхафаза қылу (сақтау, қорғау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатында болу керек. ... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.
– ... уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (абайлау – **Б.Ж.**) жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.
– Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады.

Иә, Абай Құнанбаев отыз екінші қара сөзінде жазылған ғылыми ғибраты ешқашан ескірмейді, тозбайды. Ғылымға барған адамның ар кодексі десе де болады. Өйткені осы ойларға тереңдеп қарасаң ғылыми адам үшін, ол – ақиқат жолы, білімге ұмтылу, білгеніңді қажетке жарату жолы. Салғырттық құдай жолынан, халық жолынан, ар жолынан тайдырады.

Бұл даналық сөз бүгінгі күнде де өз өзектілігін жойған жоқ. Заманмен бірге жасай беретін ілім екенін көрсетеді.

Адамдық, адалдық, қиянатқа жол бермеу, надандықтан арылу – имандылық кілті. Ғылым сол үшін керек. «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен көрінеді». Міне, Абай айтқан өлшем осы. Сол талап, сол ғибрат қазір де қажет.

Абай ғылымды адам қасиетінің ең биігіне көтереді. «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық, һәм адамдық дүр» дейді ақын Отыз сегізінші қара сөзінде.

Абай атамыз «машина, фабрик адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса» деп ғылымның күнделікті орнын биік қояды. Ал тереңірек үңілсек, қоғамның қозғаушы күші – ғылымда. Ғалымның қоғамдағы, өмірдегі орнына Абай хакім жоғары баға береді. Мына сөздерге назар аударып көрелікші. Бұл Абайдың атақты Отыз сегізінші сөзі. «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым». Абай қоғамдық болмыстың кілтін дәл табады. Ғалым – ғылымның адамы, ол өз ой толғамын жаңалыққа, ізденіске жұмсауы керек. Ал хакім ұйым-дастырушы, ол ғылымды дамытатын жолды табады. Бүгінгі тілмен айтсақ қаржыландыру және тиімділігін арттыру мәселесін шешуі керек.

Абай ғылымның тазалығы үшін күреседі. Сол феодалдық-патриархалдық қоғамда өмір сүрсе де, ол өз ұлтының болашағына сенеді. Ғылым мал табу құралы емес, мал ғылымды дамыту үшін қажет. Бұдан тағы да өмір диалектикасын көреміз. Ғылым жолымен, иман жолымен жүрген адамдар ғана, «толық мұсылман, толық адам» бола алады. Бұдан Абай ілімінің ішкі бірлігі мен рухани-мәдени күш-қуатын көреміз. Ақын ғылым, білім, тазалық, имандылық, шыншылдық, ақиқатшыл адамдар ғана «толық адам» болса, қоғамның, заманның қозғаушы күші болатынын айтады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы», деп ақынның тарихтағы, ұлт руханиятындағы орнына жоғары баға береді.

Ұлы Абай атамыз армандаған ғылым егемен ел, тәуелсіз мемлекет болған тұста түбегейлі орнықты. «Ғылым туралы» заң қабылданып, ғылыми ой-жүйе жаңа серпін алды. Біріншіден, ғалымдардың шығармашылық ізденістері күрт өсті, ғылыми жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру мәселесі оңтайлы шешіліп жатыр. Екіншіден, ғалымдардың әкімшілік, бюрократтық құрылымдарға тәуелділігі жойылды. Бұл ғылымды дамытудағы жаңа бағыт болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз», деді. Енді Абай туралы мақаласында Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет» деп ғылым алдындағы жауапкершілік пен мақсатты Абай Құнанбаев ілімінен таратып, жаңа міндеттер қойып отыр.

Ғылымы дамыған ел болуды армандаған хакім Абай мұраттары ойдағыдай жүзеге асуда. Қазір Қазақстанда ғылым мен инновацияны, ғылым мен өндірісті жақындату, оны коммерцияландыру тұрғысында дамыту да қолға алынды. Бұл – Абай ілімінің уақыт сынынан өтіп, мемлекеттік саясаттың тірегіне айналып отырғанының белгісі.

Ғылым адамды танытады, адам ғылымды дамытады. Осылар өз биігіне жетіп, үндестік тапса, қоғам дамиды, ой-өріс кеңейеді. Міне, осыдан Абай ғылымның үздіксіз даму процесінде болатынын, оның диалектикасының бірлесе дамитынын көрсетеді. Сондықтан да Абайды тану

– қоғамды тану, болашақты бағдарлау. Ол – өмір заңы, адамзаттың өркениет жолы. «Ғылым-құдірет» деп бағалайды ұлы Абай.

Әдебиеттер тізімі:

1. Б.Жұмағұлов: Абайдың ғылыми ойлары, Алматы
2. Әуезов М. Абай жолы (4 томдық роман-эпопея). — Алматы: Жазушы баспасы, түрлі жылдар.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер (Ғақлия сөздер). — Алматы: Ана тілі, 1993.
4. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Мектеп, 2002.

ӘОЖ 60.5

Тлегенова А. С.- аға оқытушы, магистр ХКГУ (Алматы қ.)
Қалижанов Б. Қ.- құқықтану (юр-24к) мамандығының 1 курс студенті. ХКГУ (Алматы қ.)

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ҒЫЛЫМ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ағартушысы, ғалым, этнограф және саяхатшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасы кеңінен сипатталады. Автор Шоқанның рухани әлеміне, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесіне терең үңіле отырып, оның тарихи тұлға ретіндегі маңызын ашады. Мақалада Шоқан мен Достоевский арасындағы достық, «Манас» эпосына қатысты зерттеулері, сондай-ақ Қашқарияға жасаған саяхаты мен ғылыми еңбектері нақты мысалдармен көрсетілген. Сонымен қатар, оның қазақ қоғамының құқықтық, тарихи, мәдени жүйелерін зерттеудегі рөлі айқындалып, Шоқан Уәлихановтың ұлттық руханиаттағы орны бағаланды.*

Түйінді сөздер: *Шоқан Уәлиханов, ғылым, ағартушылық, этнография, Достоевский, «Манас» жыры, Қашқария, қазақ мәдениеті, рухани мұра, тарихи тұлға.*

Қазақ халқы тарих сахнасында елінің болашағы үшін аянбай еңбек еткен, артына өшпес мұра қалдырған бірқатар дара тұлғаларды дүниеге әкелді. Солардың бірі әрі бірегейі – ғалым, саяхатшы, этнограф әрі ағартушы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Оның қысқа ғұмыры – ғылымға, мәдениет пен руханиятқа арналған мағыналы жолдың жарқын үлгісі. Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қазіргі Қостанай облысы аумағында дүниеге келген. Шоқан – Абылай ханның тікелей ұрпағы. Әкесі Шыңғыс Уәлиханов – білімге құштар, көзі ашық, ел басқарған аға сұлтан болған. Шоқан жастайынан ерекше зеректігімен көзге түсіп, он екі жасында Омбыдағы Сібір кадет корпусына қабылданады. Мұнда ол орыс және еуропалық ғылым-біліммен танысып, тарих, география, философия және әдебиет салаларын терең меңгереді.

Достоевскиймен достығы – рухани үндестік үлгісі

Кадет корпусында оқып жүрген кезінен бастап Шоқан орыс зиялыларымен араласа бастайды. 1854 жылы Омбыда патша үкіметінің билігіне қарсы көзқарасы үшін айдауда жүрген орыс жазушысы Фёдор Михайлович Достоевскиймен танысады. Бұл таныстық кейін екі елдің руханиятын жалғаған ерекше достыққа ұласады. Екеуінің арасындағы қарым-қатынас хаттар арқылы да жалғасып отырған. Достоевский Шоқанның терең білімін, ақыл-парасатын ерекше бағалап, оны болашағынан зор үміт күтетін тұлға деп санаған. Достоевский Шоқанға өзінің рухани бауыры ретінде қарап, оған әрдайым қолдау білдіріп отырған. Ол Шоқанның ғылыми

еңбектерін жоғары бағалап, оны орыс және әлем мәдениетінің өркендеуіне үлес қосатын көпір деп санады. 1856 жылы Достоевскийдің Семейге қоныс аударуына байланысты олардың байланысы үзілмей, хаттар арқылы жалғасты. Сол хаттарда Достоевский Шоқанға: «Сенің бойыңда ерекше рух бар, сенің халқың үшін не істегің келетінін жүрегіммен сеземін. Сенің жолың – жарқын жол, Шоқан», – деп жазғаны белгілі. Ғылымға келер болсақ, олардың достығы Шоқанның ғылыми бағыт-бағдарына оң ықпал етті. Достоевский Шоқанды зерттеу жұмыстарында, әсіресе халықтың салт-дәстүрі, діні мен тарихын терең түсініп жазуға жігерлендірді. Шоқанның "Қырғыздар туралы жазбалары", "Алтышаһардағы саяхаты", "Қашғария сапары" сияқты еңбектері қазақ, қырғыз және ұйғыр халықтарының мәдениеті мен тарихын әлемге танытты. Бұл еңбектердің жарық көруіне Достоевский сынды орыс зиялыларының моральдық қолдауы үлкен әсер етті.

«Манас» жыры – түркі халықтарының рухани қазынасы

1856 жылы Шоқан Уәлиханов Қырғызстанға ғылыми экспедиция жасап, Жетісу мен Ыстықкөл өңірлерін зерттейді. Осы сапары барысында ол қырғыз халқының ауыз әдебиетін, әсіресе «Манас» эпосын терең зерттеуге кіріседі. Бұл жыр – түркі халықтарының ең көлемді, әрі мазмұнды батырлық эпостарының бірі саналады. Шоқан «Манас» жырын алғаш қағаз бетіне түсіріп, оның көркемдік және тарихи маңызын ғылыми тұрғыдан талдаған алғашқы зерттеуші болды. Ол эпос құрылымындағы мифологиялық элементтерді, батырлық сарындарды, тарихи деректермен ұштасқан оқиғаларды салыстыра отырып зерттейді. Шоқан өз еңбектерінде «Манас» жырының тек қырғыз халқының ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің рухани мұрасы екенін дәлелдеген.

Ол эпосты тек әдеби шығарма ретінде ғана емес, этнографиялық және тарихи дереккөз ретінде де қарастырды. Шоқан жырда кездесетін салт-дәстүр, наным-сенім, тұрмыс белгілеріне ерекше назар аударып, оны орыс ғылымына таныстырады. Бұл еңбегі арқылы қырғыз және қазақ әдебиетінің байланысын, мәдени туыстығын айқындай түсті.

Ғылыми мұрасы мен рухани ізденісі

Шоқан Уәлихановтың ғылыми қызметі – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тарихы, салт-дәстүрі мен наным-сенімдерін зерттеуге бағытталды. Ол халқымыздың құқықтық санасын, билік құрылымын, фольклорын жүйелі түрде сипаттап, оны орыс және еуропалық ғылыми ортаға таныстыруға тырысты. Бұл оның ғылымдағы дара жолын анықтай түсті.

1858–1859 жылдары ол Қашқарияға жасырын түрде сапар шегіп, Шығыс Түркістан халықтарының өмір салты, мәдениеті, тілі мен діні жайлы құнды деректер жинайды. Бұл сапарының нәтижесінде ол Ресей Императорлық География қоғамының толық мүшелігіне қабылданады.

Шоқан Уәлихановтың «Қазақ шежіресі», «Сот реформасы жайлы», «Орта жүз қазақтарының аңыздары», «Қырғыздар туралы» атты еңбектері – халқымыздың тарихи-мәдени болмысын ғылыми тұрғыда дәлелдеген құнды зерттеулер саналады. Ол деректерді жай жинақтап қоймай, олардың мәнін ашып, әлеуметтік-саяси себептерін түсіндіруге тырысты.

Қорытынды

Шоқан – Батыс пен Шығыстың арасына рухани көпір орната білген ойшыл. Ол ұлттық болмысты жаңаша түсінуге, қазақ қоғамының даму жолына әділетті реформалар қажет екенін дәлелдеуге тырысты. Оның шығармаларынан діни дүниетаным мен зайырлы көзқарастың үйлесімі де айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда Шоқан Уәлихановтың есімі – қазақ ғылымының бастауы, ұлттық сананың оянуына түрткі болған ұлы ағартушының символы. Оның еңбектері тарихшыларға, этнографтар мен әдебиетшілерге баға жетпес дерек көзі болып қала береді. Жас ұрпақ Шоқанды тек өткеннің тұлғасы ретінде ғана емес, өз халқының мәдени-ғылыми дамуына жол ашқан рухани қайраткер ретінде қабылдауы қажет. Оның өмір жолы – білімге, адалдық пен

әділетке, халыққа қызмет етуге негізделген. Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының рухани тарихындағы ұлы есім. Оның артында қалған бай мұрасы – бүгінгі мен келешек үшін сарқылмас шұғыла.

Әдебиеттер тізімі

1. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1985.
2. Нысанбаев Ә. Шоқан Уәлиханов – ағартушы, ғалым, саяхатшы. – Алматы: Қазақстан, 1995.
3. Есқараев Ж. Шоқантану негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: 2005.
5. Мырзахметұлы М. Шоқан және Абай. – Алматы: Санат, 1994.
6. https://kk.wikipedia.org/wiki/Шоқан_Уәлиханов
7. https://e-history.kz/kz/projects/show/30 – «Қазақстан тарихы» порталы
8. Абай атындағы ҚазҰПУ. Ғылыми-танымдық мақалалар жинағы. – Алматы, 2020.

УДК 93/94

Дюсембекова Умит Даировна, профессор МТГУ (г.Алматы)
Хасуева Милана Рамзановна, студентка группы ТД-24 р/о МТГУ (г.Алматы)

ДЕПОРТАЦИЯ КАВКАЗСКИХ НАРОДОВ В ГОДЫ СТАЛИНСКИХ РЕПРЕССИЙ

Аннотация: ***Статья*** *исследует последствия депортации кавказских народов, в частности чеченцев, в Казахстан в 1930-е годы, акцентируя внимание на личных воспоминаниях и историческом контексте. Автор делится рассказами своих предков о насильственном переселении, страхе и утрате идентичности, а также подчеркивает важность гостеприимства казахского народа, который, несмотря на собственные трудности, проявил человечность и солидарность к переселенцам. Текст служит напоминанием о необходимости помнить уроки истории, чтобы строить более справедливое общество и уважать память предков.*

Ключевые слова: *депортация, кавказские народы, Казахстан,, сталинский режим, репрессии, идентичность, гостеприимство, человеческая солидарность, история, память.*

Я часто задумываюсь о том, как история формирует идентичность народов и отдельных людей. Особенно остро это ощущение приходит, когда я исследую судьбы тех, кто пережил ужасные события, такие как депортация народов в 1930-е годы.

Мои предки были частью чеченского народа, который в 1930-е годы столкнулся с жестокими репрессиями со стороны сталинского режима. Они рассказывали, как однажды, в один из обычных дней, их жизнь перевернулась с ног на голову. Власти объявили о депортации, и их дома, которые они строили и обустраивали годами, стали для них чужими.

Я представляю себе тот день, когда семья моего деда была вынуждена покинуть свой дом в Чечне. Это было время, когда страх и недоверие витали в воздухе. Сталинский режим, стремясь к полному контролю над всеми аспектами жизни, начал масштабные репрессии против кавказских народов. Мой дед всегда говорил, что они не понимали, почему их вдруг стали считать врагами. Они были простыми людьми, работали на земле, заботились о своих семьях и мечтали о мире.

Когда я слушаю рассказы о том, как людей выгоняли из своих домов, как они собирали лишь самое необходимое и отправлялись в неизвестность, мне становится невыносимо больно.

Это было время, когда целые народы теряли свою родину и идентичность. Многие никогда не вернулись обратно.

Эти воспоминания передавались из поколения в поколение, как предупреждение о том, что может произойти, если власть оказывается в руках безжалостных людей.

Гостеприимство Казахстана во время депортации кавказских народов является важным аспектом, который заслуживает особого внимания и важным примером человеческой солидарности в условиях страха и неопределенности. Этот опыт показывает, как даже в самые темные времена можно найти светлые моменты человечности и взаимопомощи. Важно помнить о таких примерах, чтобы они служили напоминанием о ценности человеческой жизни и необходимости поддержки друг друга в трудные времена. Несмотря на собственные беды, казахский народ проявил удивительное гостеприимство. Я слышал истории о том, как семьи делили свою скромную пищу с переселенцами, как открывали двери своих домов для тех, кто нуждался в тепле и защите. Это было не просто проявление доброты; это был акт мужества и человечности в условиях, когда каждый сам за себя.

Я думаю о том, как важно было это взаимопонимание. Казахстанцы помогали новым соседям адаптироваться к жизни в чужих условиях — обучали их местным обычаям, делились знаниями. Это сотрудничество стало основой для создания связей между разными культурами. Я верю, что именно в такие моменты мы видим истинное лицо человечества — когда люди помогают друг другу, несмотря на различия.

Но я также понимаю, что не все было так просто. Казахстан сам переживал тяжелые времена: голод и нехватка ресурсов были повседневной реальностью. Я восхищаюсь теми, кто смог оставить свои предвзятости позади и протянуть руку помощи.

Глядя на эту историю через призму человеческого опыта, я осознаю, насколько важно помнить о тех временах. Гостеприимство казахского народа — это не просто исторический факт; это урок о том, как важно быть добрым и отзывчивым даже в самые трудные времена. Мы должны помнить об этом, чтобы учиться на ошибках прошлого и строить более человечное общество.

Депортация кавказских народов —это урок о том, как легко можно разрушить жизни людей ради политических амбиций.

Мир изменился с тех пор, но память о тех событиях должна оставаться живой. Я верю, что только через осознание прошлого мы можем построить более справедливое и человечное общество. Важно помнить о страданиях наших предков и уважать их память. Каждый из нас

несет в себе частичку этой истории, и я надеюсь, что смогу передать ее дальше — чтобы такие ужасы никогда не повторились. Сегодня, когда я вижу, как разные культуры сосуществуют и обогащают друг друга в Казахстане, я чувствую гордость за то, что эта земля стала символом гостеприимства и солидарности.

Список литературы

1. Бабич И.Л. Народы Северного Кавказа и культурная глобализация.-М.: УОП ИЗА РАН, 2010
2. Доктрина национального единства
3. Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана 2022-2026 годы

УДК 81.276.5

Чингисова К.А. – магистр, аға оқытушы ХКГУ (Алматы қ.)
Григорьев А.- бакалавр, Мс-24р ХКГУ (Алматы қ.)

«ТІЛ ІШІНДЕГІ ТІЛ» НЕМЕСЕ ЖАСТАР ЖАРГОНЫ

Аннотация. *Бұл мақалада жаһандану дәуіріндегі қазақ жастарының сөз қолданысындағы тіл және әдеби заңдылығымызға үйлеспейтін сөздерді жиі қолданылып жүрген жаргон, сленг сөздерінің зияны туралы қарастырылған.*

Түйінді сөздер: *Тіл, жастар, тренд, жаргон, сленг.*

Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықты сақтау қазақ тілімен тығыз байланысты. Себебі тіл – ұлттың тірегі, құндылықтарының қоймасы. Ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңіруде қазақ тілі басты қызмет атқарады. Ана тілінің қадір-қасиетін ұғынып, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында кеңінен қолдану қазақ тілінің өміршеңдігін арттырады. Тіл бар жерде, сол тілдің иесі – ұлт та өмір сүреді. Сондықтан жастардың сөз саптауына мән беру – қазақ қоғамы үшін де, тіл білімі үшін де өзекті мәселе.Тілімізде әдеби тілдің заңдылықтарымен үйлеспейтін, өзіндік реңкі бар, белгілі бір тілдік ортада қолданылатын сөздер бар. Мұндай сөздер тобын жаргон, сленг деп атайды. Қазіргі жастардың сөз қолданысындағы тіл «экологиясына» жастар көп қолданатын осы жаргон, сленг сөздер жатады.

Трендке айналған сленг. Жастар тілінің шұбарлануы

Жастар арасында сәнге айналған сленг атауы ағылшынның "slang, jargon" сөздерінен шыққан. Былайша айтқанда, әлеуметтік диалект. Мағынасы қарап тұрақты сөз тіркесіне теңеуге болады, бірақ, бұл сөздер не сөздердің жиынтығы ешқандай фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайды. Тек лексикалық мағынасы ғана болады. Әдетте сленгтер өзге тілден енген сөздер не ешбір грамматикалық заңдылықсыз қысқартылған сөздер болып келеді. Ағылшын не орыс тілдерінде сленгтер бұрыннан қолданылатын болса, қазақ тілінде мұндай сөздердің дамуына әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің көптеп қолданылуы серпін берді. Мұны жастар "сәнді сөлеймін" деп мақтаныш көрсе, аға буын "қазақ тілінің шұбарлануы" деп айыптайды.

Лингвистердің зерттеуі бойынша, сленг сөздер 13-23 жас аралығында кеңінен қолданылады.

Сленгті не үшін қолданады?

Жастар арасында сөйлеу кезінде жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шектен тыс көп пайдаланып, оның үстіне тағы қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендері бар. Жастар дағдысына қарай бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда қолдана береді. Мысалы: күлкі — угар; арзан — фуфло; мас — бухой; мақсат — таргет; скилл — дағды; сәнді — гламурный.

Лингвист Мөлдір Жасаралдың айтуынша, жасөспірімдер әдетте сленгті:

ерекше әсер қалдыру;

өзіне сенімділік сезімін беру;

жаңа, өзгеше болу;

басқа біреудің түсінбеуі;

әзіл;

белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету;

тілдік қорды байыту үшін қолданады екен.

Зерттеу нәтижесі: сленг сөздерді жігіттердің 50 пайызы, қыздардың 33 пайызы күнделікті өмірде қолданады.

Жастар арасындағы тренд сленгтер

Трендтегі сөздер жастардың көретін, оқитын мәлімет, ақпараттарына байланысты қалыптасады. Әзіл-сықақтан, пікір қалыптастыратын тұлғалардан үлгі ала отырып заманауи сөздер пайда болады:

"Жиза" – орысша "жизнь", яғни "өмір" деген сөздің қысқарған түрі;

"Изи" – ағылшынша "easy" деген сөзді оқылуы бойынша қолдану, аудармасы "оңай" дегенді білдіреді;

"Краш" – ағылшынның crush деген сөзінен шыққан. Біреуді сыртынан ұнату, жауапсыз жақсы көру;

"ЛП" – орысша "лучшая подруга" дегеннің қысқарған нұсқасы. МЧ – қыздың кездесіп жүрген жігіті (молодой человек), ЛЧ – сүйікті адам (любимый человек). Қазір мессенджерлерде жиі сөйлесетін болғандықтан, ұзақ жазуға ерініп, сөзді қысқартып жазу сән;

"Хейт" – біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, оның қаншалық жаман, нашар екенін ауызша немесе жазбаша хабарлау;

"Гоу" – ағылшынның "go" деген сөзі, "кеттік" деген мағынада қолданылады. Бұл сленгіні қолданатындар "гоу" дегеннің өзін ұзақ көріп, оны "го" деп жазады;

"Сорян" – "sorry" сөзінің қысқартылған нұсқасы;

"Ауф" – кайф, керемет;

"Рили" – ағылшынның really деген сөзінен шыққан. "Шынымен, расында" деген сөздердің орнына қолданылады;

"Олд" – ағылшынның old (кәрі) деген сөзінен шыққан;

"Инсайд" – ағылшынның inside (ішкі) деген сөзінен шыққан;

"Флекс" (икемді). Ағылшын тілінен "flex" – бүгу, майыстыру;

"Шарить" – бір нәрсені түсінуді білдіреді.

"Ботан" – зерделі адам;

"Тормоз ұстау" – бөгеліп қалу;

"Типаж болу", "блатной" – өзңмшіл, өркөкірек;

"Косякқа кіру" – ыңғайсыздыққа тап болу;

"Құлаққа лапша ілу" – өтірік соғу;

"Маяк тастау" – қысқаша қоңырау шалу;
"Шпор жасау" – жауап парағын дайындау;
"Капустаға қарау" – материалдық жағдайын қарау;
"Ауру" – адамға маза бермейтін адам;
"Қуғынбай" – артық сөйлеп кеткен, мылжың.
Қазақ тілінің халі қалай?
Мамандардың пікірінше, мұндай сөздерді қолдану, шала қазақ тілінде сөйлеу өмір салтына айналып барады.
"Жаһандану заманында ешбір сүзгіден өтпеген ақпараттар тасқыны ағылып, жастардың көзін тұмандандырып, санасын уландырып барады. Осыларға төтеп беретін қазақы тіл, ұлттық салт-дәстүр. Бүгінгі жастардың арасында тіл байлығының нашарлығынан дейміз бе, әйтеуір бір сүреңсіз, нәрсіз сөздер өршіп тұр. Алайда барлығына жастарды кіналай беруге де болмайды. Интернеттегі кейбір сананы улайтын сайттар, теледидардағы түкке тұрғысыз түрлі бағдарламалар, әлеуметтік желілердегі жеңіл әңгімелер, отбасындағы тәлім-тәрбие де баланың санасына әсер етеді", – делінген "Тіл-Қазына" орталығының сайтында.

Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Әділбек Қабаның айтуынша, қазақты қазақ ететін – оның тілі. Тіл тазалығын, сөйлеу мен жазу мәдениетін, заңдылықтарын сақтау міндет.

"Олай болмағанда жаһандану заманында тіліміз өзіміз де түсінбейтін қойыртпаққа айналып шыға келуі әбден мүмкін. Байқасаңыз, біздің сөйлеу мәнеріміз, сөйлем құрауымыз, ойымызды жеткізуіміз қазақша емес. Мүлде өзгеріп кетті. Бұл әлеуметтік желілер өмірге ене бастағалы қарқын ала түскенімен, шын мәнінде оның тамыры тереңде жатыр", – дейді Әділбек Қаба.

Қорыта айтқанда, әрбір ел келешегін жастармен байланыстырады. Жастардың тәрбиесіне, біліміне мән беріп, болашағына бағдар береді. Олардың азаматтық көзқарасы өскен ортасынан қаланады. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының: «Халықтың түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан жастардың қалай сөйлеп, қалай тәрбиеленуін бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», – деген өміршең сөзін терең ұғынып, жастардың сөз қолданысына мән беру қоғамның басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Тіл ішіндегі тіл» немесе жастар жаргоны htths://bugin.kz Ақмешіт жастары
2. «Тіл ішіндегі тіл» немесе жастар тілі htths://bugin.kz
3. Тіл ішіндегі тіл –Бейбіт Айжан – қызықты деректер/пайдалы мәліметтер
4. Қазақ әдеби тілі және әлеуметтік желілер. Stud.kz

УДК 621.892

Утесбаева Ж.М., к.ф.н., асс. профессор МГТУ (г. Алматы)
Валиева М., студентка 1 курса МГТУ (г. Алматы)

ФАКТИЧЕСКАЯ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ В РУССКОЙ РЕЧИ КАЗАХОВ

Аннотация: *В статье рассматривается фактическая интерференция в области просодики, выявленная методом аудирования на материале текста.*

Для анализа просодики русского и казахского предложения принято понятие «интонационная конструкция» (ИК). Интонационная конструкция (ИК) реализуется на речевом отрывке, который может включать простое или сложное предложение, главную или придаточную часть сложного предложения, словосочетания, отдельную словоформу, служебное слово.

Сведения о фактической интерференции являются надежной основой научных рекомендаций для оптимального устранения иноязычного влияния при обучении произношению.

Ключевые слова: *интонационная конструкция (ИК), фактическая интерференция, просодика, информанты, уровень тона, экспериментальный текст, вариант, лингвистический анализ.*

Для выявления фактической интерференции в области просодики 198 информантам был предложен текст в двух вариантах, который они начитывали на магнитофонную ленту.

В каждый вариант текста включено 12 предложений. При этом был предусмотрен подбор простых предложений всех типов по цели высказывания: два повествовательных, два вопросительных / одно с вопросительным словом, другое без вопросительного слова/, два побудительных и, кроме того, шесть бессоюзных сложных предложений. Сравнительно большое число включенных в текст бессоюзных предложений объясняется тем, что просодика конструкций этого типа в казахском языке до сих пор не подвергалась исследованию [1].

Приводим два варианта экспериментального текста:

Вариант I

1. Здесь живут мои родители.
2. На следующий день уехал.
3. Вы в каком институте учитесь?
4. Ребята вернулись?
5. Закройте дверь!
6. Выключи свет в кухне!
7. Сможешь сегодня приехать, приезжай.
8. Солнце яркое, смотреть больно.
9. Павел позвонил, я поехал.
10. Сдам экзамены, поеду отдыхать.
11. Домой пришли, уже темно было.
12. Он понял: дети зовут на помощь.

Вариант 2

1. Брат уехал в институт.
2. После школы я сразу пойду домой.
3. Где вы работаете?
4. У него отпуск в августе?
5. Включи газ!
6. Вымой руки!
7. Я не хочу говорить с вами, вы грубы.
8. Я уверен, вы останетесь довольны.
9. Учитель заболел, занятия переносятся.
10. Задержусь, обязательно позвоню.
11. Мы договорились так: они будут встречать нас у метро.
12. Досидела бы до конца, он бы тебя и до дому довел.

Общее количество ошибок – 1090. В дальнейшем изложении указываются различные типы ошибок, допущенных информантами, их число по отношению к общему количеству ошибок. Типы ошибок приводятся по убывающему их числу.

2.2 Изменение уровня тона в ИК – 1 /простое повествовательное и вторая часть бессоюзного предложения/. Количество ошибок этого типа – 204 /18,71%/. Информанты не понижают тон в центре ИК – 1 в той степени, в какой его следует понизить в предложениях данной ИК, а постцентровую часть произносят ниже среднего тона. Результатом этого является интонационный рисунок, близкий к интонации незавершенности. Схематически это выглядит так:/ здесь и далее для сопоставления первым даем рисунок нормативного произношения, вторым – ошибочного/ [2].

Брат уехал в институт. _ _ _ _ _ _ -↓----

_ ↓ __ _↓

Учитель заболел, занятия переносятся.

---- _↑_ /_ _ _ _

_ _↓

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _↑/ _ _

↓

На простое повествовательное предложение приходится 99 ошибок /8,93%, а на бессоюзие – 105 ошибок /9,48%/.

2.3 Изменение уровня тона в побудительном предложении

/ вместо ИК – 2 произноситься ИК – 1/

Количество ошибок 179/16,42%/.

Информанты увеличивают интенсивность гласного центра в большей мере, чем требуется нормой произношения побудительного предложения русского языка – в соответствии с обычным для казахского языка увеличением интенсивности. Уровень тона в предцентре немного выше центрового или равен ему.

Закройте дверь!

Нормативное произношение __ __ ↑__

Ошибочное произношение __

__ ↑__

2.4 Употребление ИК-1 вместо ИК-3 в вопросительном предложении без специальных показателей.

/частиц или вопросительных слов/

Число ошибок 153 /14,04%/.

Информанты не производят резкого повышения тона на гласном центре, что характерно для вопросительного предложения русского языка, где вопросительность передается исключительно интонацией завершенности как повествовательное предложение.

Ребята вернулись?

Нормативное произношение _ _ _ _ _ ↑

Ошибочное произношение _ _ _ _

---↓

Итак, лингвистический анализ фактической интерференции в сфере просодики в целом подтвердил гипотезу, сформулированную при определении потенциальной просодической интерференции. О неожиданном превышении числа ошибок против ожидаемого при произношении вопросительных предложении с вопросительным словом мы уже упоминали.

Наибольшее число ошибок приходится на чрезмерное повышение тона в побудительных предложениях и в вопросительных предложениях с вопросительным словом.

Далее следует ошибки, состоящие в слабом повышении тона в вопросительных предложениях без специальных показателей и в первой части бессоюзных предложений.

Меньше ошибок приходится на слабое понижение тона в простых повествовательных предложениях и во второй части бессоюзных предложений и на синтагматическое членение.

Из общего числа ошибок на различные типы простых предложений
приходится 659, а на бессоюзие 431.

Отсюда явствует, что выработка интонационных навыков при обучении русскому языку в казахской аудитории требует наибольшего внимания к повышению тона в простом и бессоюзном сложном предложении и к паузации в бессоюзии [3].

Список литературы:

1. Мурзалина Б.К. О лексикографическом описании значений, выражающихся посредством интонации. Алматы, 2002. С. 12-14; Туркбенбаев Н.У. Интонация вопросительных предложений. – Алма-Ата: Мектеп, 1971. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980.; Копыленко М. М., Ахметжанова З. К. Фонетическая интерференция в русской речи казахов. – Алма-Ата: Наука, 1984, С.63; Базарбаева З.Н.. Интонационная система языка. – Алматы: Наука, 1996, С.225.;
2. Русская грамматика. Т. 1. – М. Наука, 1980. - С.96.
3. Брызгунова Е.А. О смыслоразличительных возможностях русской интонации //Вопросы языкознания. -1971, №4-С. 42-52

УДК 347.9

Тлешалиев Н.Д, - доктор PhD, ассис. ассоциированного профессора МТГУ (г. Алматы)
Нурахметов Е.Т.- магистрант МТГУ (г. Алматы)

ЗАЩИТА ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (отдельные проблемные вопросы)

Аннотация: *В статье рассматриваются отдельные проблемные вопросы по защите прав потребителей, как подсудность дел по защите прав отдельных субъектов предпринимательской деятельности.*

Ключевые слова: *потребитель, судебная защита, предпринимательство, гражданский кодекс РК, специализированные межрайонные экономические суды.*

В условиях перехода Казахстана на рыночные отношения, защита прав потребителей становится составной частью государственной политики, поскольку потребитель определяется экономической и социальной необходимостью защиты прав потребителей. Потребитель - не просто претендент на звание покупателя или заказчика услуг. Его гражданско-правовой статус свидетельствует о том, что в условиях рынка он - первая и главная фигура.

Потребитель имеет право на свободное приобретение товаров народного потребления путем заключения договора розничной купли-продажи, по которому продавец обязуется передать другой стороне потребителю в собственность товары народного потребления

надлежащего качества, представляет ему обусловленные договором услуги, обеспечивает высокое качество и культуру торгового обслуживания, а потребитель обязуется оплатить определенную денежную сумму.

Защита прав потребителей становится обязанностью современного правового государства Казахстан. Условия договора, ущемляющие права потребителя по сравнению с правами, установленными законом или типовым договором, признаются недействительными. Если в результате применения условий договора потребителю был причинен ущерб, то этот ущерб должен быть возмещен производителем (продавцом) в полном объеме.

Потребитель имеет право на возмещение ущерба, причиненного ему производителем (продавцом), в связи с использованием последним преимуществ своего положения в производственной или торговой деятельности.

Каждый из нас является потребителем тех или иных товаров и услуг. Покупка продуктов в супермаркете, приобретение дорого автомобиля, ремонт бытовой техники – все это примеры потребления.

Вопросы, беспокоящие потребителей, в целом, повторяются из года в год: это сферы ЖКХ, розничной торговли, медицинских услуг, транспорта и т.д. и т.п. В виду последних событий в мире и изменении осведомлённости потребителей, уровень удовлетворённости может видоизменятся.

Нередки случаи, когда гражданские права потребителей нарушаются. Но не все знают, как на это реагировать и куда можно обратиться за защитой своих законных интересов. Приобретая какой-либо товар или оплачивая услугу, мы формально совершаем сделку купли-продажи, правила оформления которой установлены гражданским законодательством. Предлагая покупателям вещи ненадлежащего качества, продавец должен нести за свои действия определенную ответственность.

Практическая реализация конечной цели позволяет, с одной стороны, ускорить установление и развитие правовых отношений в государстве в условиях рынка, в частности, в отношении продавец-покупатель.

С другой стороны, защищать потребительскую способность, повышать требования к качеству продукции.

Формирование государственной системы защиты прав потребителей окажет прямое влияние на повышение качества продукции и рост потребительского спроса, ускорение товарооборота.

На наш взгляд, всестороннее и объективное исследование собранных органами уголовного преследования и субъектами, осуществляющими защиту от него, фактических данных, а также их оценка (с точки зрения относимости, допустимости, достоверности, а в совокупности достаточности для разрешения уголовного дела) должны быть закреплены за судебными органами и рассмотрены непосредственно в суде.

При таком подходе в досудебном производстве будет достигнута процессуальное равноправие органов уголовного преследования и лиц, выполняющих функцию защиты, что, несомненно, позитивно скажется на реализации принципа состязательности и обеспечения равных возможностей отстаивания своих процессуальных интересов в суде.

Наряду с этим могут быть усилены правовые возможности адвоката в уголовном процессе. Целесообразно усилить гарантии обязательного участия адвоката в производстве следственных и процессуальных действий в отношении третьих лиц, которые ведутся по его ходатайству либо просьбе лица, чьи интересы он представляет. В дополнение пункта 13) части второй статьи 70 УПК РК адвокат должен быть заблаговременно уведомлен о времени и месте производства таких действий. Отступление от этого правила должно влечь признание недействительным результатов указанных действий. В данном случае применяется правило пункта е) части третьей статьи 14 Международного пакта о гражданских и политических правах, гласящее, что «каждый имеет право при рассмотрении любого предъявляемого ему уголовного обвинения … на вызов и допрос его свидетелей на тех же условиях, какие существуют для свидетелей, показывающих против него».

Между тем в пункте 22) статьи 7 УПК РК понятие и момент начала осуществления уголовного преследования (обвинения) ассоциируются с началом досудебного расследования и собиранием обвинительных доказательств на этой стадии. Тогда как в стадии досудебного расследования отсутствует фигура обвиняемого и не выдвигается обвинение.

При этом по правилам Комитета правовой статистики и специальных учетов Генеральной прокуратуры лицо считается привлекавшимся к уголовной ответственности, если в отношении него уголовное дело прекращено в досудебном производстве по нереабилитирующим основаниям.

В то же время с позиции презумпции невиновности официальным началом уголовного преследования (обвинения) в отношении конкретного лица должен считается момент предания обвиняемого суду прокурором и направление дела в суд с обвинительным актом.

В этой связи можно прибегнуть к аналогии с § 151 УПК ФРГ, которым разграничены расследование и следующее за ним возбуждение уголовного преследования перед судом (публичное обвинение, предъявляемое прокурором) [6].

Изложенное свидетельствует о необходимости основательного и комплексного изучения законодательства и правоприменительной практики в сфере уголовной юстиции стран континентальной системы права с целью создания модели отечественного досудебного расследования и судебного производства, отвечающей высокому стандарту правового государства, заданному Конституцией Республики. При этом склоняемся к мнению о том, что целесообразно обратить более пристальное внимание к законодательным процедурам и практике расследования уголовных правонарушений, существующим в ФРГ.

Список литературы

1 Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека: монография / Ж.Д. Бусурманов.- Алматы: КазГЮУ, 2006.- 481 с.

2 Джанадилова А.М., Жексенбай П.Т. Исследование нормативов нагрузки следственных подразделений: Научн.-практ.пособие. – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД Республики Казахстан, 2009. – 88 с.

3 Джумагулов Г.Б. Методы проведения мониторинга в системе правоохранительных органов: Метод. пособие.- Алматы: Жеті жарғы, 2010.- 208с.

4 Какимжанов М.Т. Органы внутренних дел Республики Казахстан в механизме обеспечения конституционных прав и свобод человека и гражданина. Монография. – Караганда: Болашак-Баспа, 2013. -130с.

5 Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: Монография. – Алматы, 2010. – 168 с.

6 Кан А.Г. Досудебное производство по уголовным делам. Учебное пособие. – Алматы: ООНИ и РИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2015. – 250 с.

УДК 347.2

Тлешалиев Н.Д. – PhD докторы, қауымдастырылған прооfессор ассистенті ХКГУ (Алматы қ.)
Арисланбаев Е.А. - магистрант ХКГУ (Алматы қ.)

ТАУАР БЕЛГІСІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Аңдатпа: *Мақалада тауар белгісінің құқықтық табиғаты тауарлар мен қызметтерді даралау құралы ретінде қарастырылады. Тауар белгісінің негізгі белгілері, оның ішінде айрықша қабілеті, графикалық қайталануы және тіркеу мүмкіндігі талданады.*

Түйінді сөздер: *меншік құқығы, тауарлық белгі, тауар таңбасы, ұжымдық тауар, тауарлық белгіні қорғау*

Азаматтық заңнамалардың және қоғамдық өмірдің жаңа қатынастары соңғы кезде меншік құқығы жөніндегі сұрақтарды жиірек қарастырады. Меншік құқығы институты біздің

құқығымыздағы жаңа құбылыстардың бірі. Бұрыңғы кеңес дәуіріндегі заңдарымыз бойынша меншік құқығы шеттетіліп отырды және ол қоғам тіреулеріне қарама-қайшы деп есептелінді. Бірақ бағымызға қарай бұл кезең артта қалды.

Ұжымдық тауар таңба мен жеке тауар таңбасын рәсімдеу мен мазмұнына қойылатын талаптар бір, бірақ оларды қолдану тәртіптері әр түрлі. Ұжымдық тауар таңбаларды қолдану мен тіркеудің тәжірибесін ескере отырып, 1999 ж. ҚР «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңы бойынша орын алған ұжымдық тауар таңбалары мәртебесін жетік реттеуден бас тартқанын айта кеткен жөн.

Бұрынғы Заңда «Ұжымдық тауар таңбаларды тіркеуге өтінімдерге қойылатын талаптар» атты 7-ші бапта ұжымдық тауар таңбаларын тіркеуге өтінімге қажетті құжаттардан басқа, арнайы құжат – «ұжымдық тауар таңбасы жарғысы» болуы қажет. Аталған «жарғы» мазмұнына: ұжымдық тауар таңбалары өз атына тіркейтін өкілетті бірлестіктің атауы, бұл таңбаны тіркеудің мақсаты, тауар таңбалары тізімі және ұжымдық тауар таңбалары деп белгіленетін тауарлардың саны мен басқа да жалпы сипаттамалары, оны қолдану шарттары, оны қолданудың, талқылаудың тәртібі, ұжымдық тауар таңбас жарғысының жағдайларын бұзғаны үшін жауаптылық сияқты ұғымдар кіреді.

Айтылғандар бойынша патенттік ведомстваға тауар таңбасын белгілеу ретінде ғана емес, сонымен қатар, өзіне тән емес азаматтық-құқықтық қатынастарды, яғни, айрықша құқықтарға байланысты мәселелерді бекіту мен реттеу сияқты жұмыстар атқарғанда көрініп тұр. Осылардың бәрін ескере отырып, 1999 ж. ҚР «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңы 1-бабында ұжымдық тауар таңбасына анықтама беріп қана қоймай, 19 бапта «ұжымдық тауар таңбалары иеленушілері ұжымдық тауар таңбамен қатар, өздері шығатын тауарларда өздерінің тауар таңбаларын қолдана алады» деп жазылған [1].

Жіктеуге негіз болатын тауар таңбасының танымалдық дәрежесі. Бұл жағдай бойынша 1993 ж. ҚР «Тауар таңбалары туралы» Заңының 1 бабында **жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы** - тауар таңбасы ретінде пайдаланылып жүрген белгі немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге орай, мүдделі тұлғалардың айғақтарына негізделген құзыретті органның немесе соттың шешімімен жалпыға бірдей белгілі танылған тауар таңбасы деп айтылған. Заңда «жалпыға бірдей белгілі емес тауар таңбасы» деген термин кездеспейді, осыған незіздеме ретінде А.П. Сергеевтің белгілеуінше барлық тауар таңбаларды «жай», «қарапайым» деп қарастырылады [2, 198 б.].

Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын қорғау зияткерлік меншіктің теориясы мен практикасында кездесетін ең қиын мәселе болып табылатынын айта кеткен жөн. Мысал ретінде әлемге әйгілі «Корона» сигараларының танымал сұрыпы шылып шекпейтін адамдардың арасында мүдем белгісіз. Яғни, бұл мысал, «танымал», «жалпыға бірдей белгілі» және т.б. сияқты жеке белгілердің субъективтік элементке ие екенін көрсетеді.

Алайда, жалпыға бірдей белгілі тауарларды қорғау мәселесін біздің заңнаманамызға енгізілуі Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын Халықаралық конвенцияның талабы еді. Париж конвенциясының «Жалпыға бірдей танымал тауар таңбалары» 6 bis бабына сәйкес мемлекет-мүшеге тіркелген жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын басқа мемлекеттерде тіркеуден бас тартуға мәжбүрлейді. Өйткені халықаралық шарттар бойынша ол жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасына айналса, осы шартқа қол қойған мемлекеттердің бәріне бірдей таралады. Сондықтан екі қайталап, тіркелу қажеттілігі жоғалады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Заңындағы тауар таңбасына берген анықтамалардағы айырмашылықтарға көңіл бөлейік. Ол, тауар таңбаларына субъективтік құқығына қатысты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Азаматтық Кодекстің 1023 бабына сәйкес: «Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған және кәсіпорын тұтасымен иеліктен алынған жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаның фирмалық атауын құқық иелігінен алуға және ауыстыруға жол берілмейді».

Ал, тауар таңбалары туралы Заңның 1 бабы 12 тармағында, тауар таңбасы - Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (қызметін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан ажырату үшін қызмет ететін белгі деп аталған, Заңның 4 бабының 2 бөлімінде осы субъектілердің шеңбері нақтылап, құқықтық қорғау кез келген заңды тұлға немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаға берілуі мүмкін екені айтылған.

Азаматтық Кодекс бапасындағы мынадай айырмашылықтар ешқандай қарама-қайшылықтар туғызбайды, тек Кодекс нормаларын заң жалпылама сипаттамамен нақтылайды.

Осылайша, тауар таңбасын иелену құқығына кез келген жеке тұлға ие бола алмайды, тек кәсіпкерлік субъектілер ғана оны жүзеге асыра алады.

Тауар таңбаларының функциялары.

Тауар таңбаларының ресми анықтамасынан ҚР Тауар таңбалары туралы Заңының 1 бабына сәйкес тауар таңбаларының 3 негізгі функциясы айқын байқалады.

Бірінші функциясы идентификациялық (анықтау) тауарды сол сияқты басқа да біртекті тауарлардан, оны шығарушы өндірушілерден ерекшеленуін қамтамасыз етеді. Сатып алушы дүкенге келіп, өзіне ұнайтын тауар таңбасы бар тауарды таңдап алады, осылайша, ол бәсекелесті өндірушілердің ішінен нақты біреуін таңдайды.

Тауар таңбасының екінші функциясы мағлұматтық – тұтынушыға өнімнің сипаты туралы мәліметті жеткізу. Көбінесе, тұтынушы белгілі бір тауар таңбасымен маркаланған өнімдерге үйреніп, осы тауар таңбаларымен рәсімделген басқа да тауарларды да сатып алуға дайын тұрады. Сондықтан, бұл тауардың бір тауар таңбасымен шыққанына қарамастан оның ерекшеліктерін түсіндіру, жеткізу қажет.

Тауар таңбасының үшінші функциясы – жарнамалық. Дәл тауар таңбасына тауарды нарыққа шығару ауырлығы түседі. Тауар таңбасы өз алдына тауар этикеткасы немесе этикеткада, ыдыста жасаған кезде оны максималды түрде жарнамалық қабілетке жеткізуге тырысу қажет.

Қазіргі кезде тауар таңбасы жарнамалық кабілеттілігі ретінде ойлардың жаңалығы, ерекшелігі, есте сақтауға оңай – ассоциациялануы, сияқты белгілермен бағаланады.

Аталған құрамдар тауар таңбаларының ресми емес - әлсіз және күшті деп бөледі. Әлсіз тауар таңбасы – анық емес, байқалмайтын болып келеді, оған қанша жарнамалық әдіс қолдансаңыз да, ол өз шығынын ақтамайды. Әрі өз иеленушісінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Ал, күшті тауар таңбасы – анық, көзге бірден түсетін, көздің жанарын алатын болып жасалып, уақыт өте келе тапсырысты да көбейтеді.

Кейбір әдебиеттерде аталған функциялардан басқа, ерекшелеу, кепіл беру және қорғау функциялары көрсетілді.

Аталған белгілер бойынша тауар таңбасының ерекшелену функциясы тауарды бір текті тауарлар арасынан ажыратуға, тауар таңбасының оны басқалардан тез таңдауға мүмкіндік беруінде көрініп тұр. Сондықтан менің ойымша, ерекшелену функциясының айрықшылығы сатып алуышы тарапынан тауар таңбасын тану мен алу нәтижесі болып табылады. Тауар таңбасына деген құқық иеленуші тарапынан бұл функцияны идентификациялық деп атаған жөн.

Тауар таңбаларының қорғау функциясы да кейбір күмәндарды туғызуда. Ең алдымен, «қорғаушы» терминін теория мен азаматтық құқықтық ғылымдарда қалыптасқан тұрақты, негізгі мағыналы анықтама ретінде қарастыруға болмайды, соның ішінде, құқықтық

қатынастарды, міндеттерді реттеуші немесе қорғаушы мағынасында қолданылатын термин толығымен өз атауына сай келмейді. Соңғысы міндеттемелердің орындалуы кезінде туындайды, көп жағдайда айыппұл, өсім, шығынды мен т.б. өтеу бойынша қосымша міндеттемелер жүктелген кезде.

Т. Қаудыровтың ойынша бұл функцияны «тауар таңбаларын қорғаушы функциясы» деп атаған дұрыс [3, 114 б.]. Тауардың маркалануы жасанды тауарлардан сақтайтын тауар таңбаларының белгілі бір қорғаушы элементі болып табылады. Бірақ, бұл әлсіз қорғаныс десе болады, өйткені қазіргі таңда тауар таңбаларын заңсыз қолдану мен жасанды түрлерін жасау жиі орын алуда. Тауар таңбасында оның патенттік ведомствада тіркелгендігі туралы мәлімет орналастырса да, бұл функция өз мақсатына жете алмайды. Ол құқық бұзушыны бұл тауар таңбасына айрықша қорғалатын құқықтың бар екендігі туралы ескертіп, оның тауарлары мен таңбалары жасанды болғандықтан құқыққа қайшы әрекет екенін ойландыруы мүмкін, алайда сол әрекеттен бас тартуға негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық жүйесінде (барлық заң нормаларының жиынтығында) азаматтық құқық – құқық салалары деп аталатын негізгі және жетекші буындардың бірі болып табылады. Басқа да салалар секілді, азаматтық құқық Қазақстан Конституциясына сүйенеді, өйткені оның 1-бабы адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылықтары болып табылады деп жарияланған.

Республикадағы құқықтың барлық салалары жүйесінде азаматтық құқықтың маңызы: біріншіден, оның реттеу нысанасы болып табылатын қатынастардың шешуші рөліне; екіншіден, оның қолданылу аясының кеңдігіне; үшіншіден, оның жеке адамның мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғаумен ажырамастай байланыстылығына қарай анықталады.

Қазақстан Республикасының жалпы құқық жүйесіне, азаматтық құқықтан басқа, құқықтың өзге де салалары – мемлекеттік, қылмыстық, әкімшілік және басқа да салалар кіреді. Азаматтық құқық бұлардан өзінің айрықша белгілерімен ерекшеленеді, яғни реттеу нысанасы мен әдістерін сипаттайтын және негізге алынатын қағидаларымен көзге түседі.

Азаматтық – құқықтық нормалар реттеп отыратын қоғамдық қатынастар ауқымын азаматтық құқықтың нысанасы деп түсіндеі. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1-бабы былайша айқындалады: «Азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі». Осы баптың 2 тармағы тұжырымдамасы: «Мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды».

АК-ның 1-бабы сондай-ақ мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес өзіндік қатынастарды да атайды. Бұл ең алдымен, интеллектуалдық меншік объектілерін – ғылым, өнер, техникалық шығармашылық туындыларын, азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралдарын және т.с.с. жасаудан туындайтын қатынстар. Бұл объектілер мен құқықтардың өздігінен тікелей мүліктік мазмұны мен ақшалай бағасы болмайды. Бірақ олар, бұл мүліктік емес өзіндік қатынастар мүліктік қатынастармен тығыз байланысты болғандықтан, азаматтық-құқықтық реттеу саласына жатады, оларды азаматтық құқықтарды қорғау құралдары қамқорлығына алады.

Қазіргі кезде, еліміздің іші мен мемлекеттер арасында тауар-ақша қатынастары қарқынды дамуда. Әр түрлі өнімдермен түрлі объектілері пайда болып, оларды нарықта жүзеге асырады. Осылай бұл нарықта өткізуге әсер ету үшін олардың арасында бәсекелестікті тудырады. Сондықтан, бір тауар өндірушінің екінші тауар өндірушіден, бір өнімнің

екіншісінен ерекшелену қажеттілігі туындайды. Бұл тек тұтынушы үшін ғана емес, сонымен қатар шаруашылық субъектілердің жосықсыз бәсекелестікпен шектеу мақсатында да маңызды болып келеді. Азаматтық айналым қатысушыларының дараландыру құралдары болып табылатын өндірушілердің тауарлары, жұмыстары және қызмет көрсетулерді жатады және олардың барлығы интеллектуалдық меншік құқықтары объектілері топтарына кіреді.

ҚР Азаматтық Кодексінің 961 бабы 3 тармағына сәйкес азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:

1) фирмалық атаулар;

2) тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);

3) тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары (шығатын жерін көрсету);

4) заң актілерінде көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары жатады.

Аталған норманы сараптай келе, дараландыру құралдарының негізгі 2 тобын айқындауға болады:

1) азаматтық айналымға қатысушылардың дараландыру құралдары;

2) өнімдердің (жұмыс, қызмет көрсету) азаматтық айналымға қатысушылардың өндіретін дараландыру құралдары.

Бірінші топқа заңды тұлғалардың фирмалық атаулары жатады, олар коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға атауының сияқты анықталады, ал мемлекеттік тіркеуден кейін заңды тұлға ретінде белгіленеді. Фирмалық атау заңды тұлғаның өзін дараландырады, және бұл қорытынды заңмен бекітілген. Одан, басқа да, фирмалық атаумен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар да қолдана алатын айта кеткен жөн.

Фирмалық атаулар құқық қорғау режимінің негізгі сипаттамасы ретінде ҚР әрекет етуші Заңы бойынша келесілер көрсетілген:

1) фирмалық атауларға деген құқықты тек заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер болып табылатын коммерциялық ұйым иелене алады (ұлттық та, шетелдіктерге де);

2) фирмалық атауларды қорғау деген құқық заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлердің тиісті мемлекеттік органдарда тіркелген сәттен бастап пайда болады;

3) фирмалық атаулардың элементтері болып табылады: негізгі бөлім (заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсету, аталған заңды тұлғаның мүліктің иесін көрсету, мемлекеттік меншіктің қандай түріне тиістілігі (республикалық немесе коммуналдық), осы тұлға жеке кәсіпкер болып табылады және т.б. анықтайтын құжаттарды көрсету) және қосымша (көмекші) бөлім (заңды тұлға арнайы атауы, жеке кәсіпкердің атауы, «орталық», «арнайы», «фирма» және т.с.с. көрсету);

4) фирмалық атау негізгі функциясы – белгілі бір заңды тұлға немесе жеке кәсіпкерлерді тану және басқа да сол сияқты біртекті субъектілермен бәсекелесу ерекшелігі болып табылады;

5) кез келген фирмалық атау келесі қағидаларға бағынуы тиіс: ақиқат қағидасы, айрықша қағида және тұрақтылық қағидасы;

6) фирмалық атаулар бірдейілігі ғана емес, сонымен қатар ұқсастылығына да жол берілмейді. Бұл тек заңды тұлғалар мүддесін қорғау мақсатында емес, сонымен қатар, тұтынушылардың өндіретін тауар мен қызмет көрсетулерге қатысты алданбауын алдын-алу болып табылады;

7) фирмалық атауларға деген құқық абсолюттік құқыққа жатады;

8) фирмалық атауларға деген құқық мерзімсіз сипатқа ие, бұл – заңды тұлғаның өзінің фирмалық атауын тіркегеннен кейін, өзінің өмір сүру уақыты бойынша оны нарықта қолдануға мүмкіндікті білдіреді. Алайда, фирмалық атау өзгертілуі мүмкін: а) фирмалық атау иесі оны кез

келген себепке байланысты өзгерте алады, өйткені қазіргі таңда ҚР заңдарында бұған ешқандай шектеу қойылмаған; ә) заңды тұлға қайта құрылуына байланысты фирмалық атау өзгеруі мүмкін; б) заңды тұлға мүлікті келгеннен ажыратылса және жеке кәсіпкерлердің орнына келген жаңа ие фирмалық атауды өзгертуге құқығы бар; в) фирмалық атау сот шешімі бойыша да өзгертілуі мүмкін, егер ол үшінші жақтардың Заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін немесе тиісті заң талаптарын бұзса.

9) фирмалық атауларға деген құқықты көптеген теоретиктер жеке мүліктік емес құқықтарға жатқызады, өйткені, аталған құқық заңды тұлғаның іскерлік беделі мен абырой атағын қорғау құқығыменде тығыз байланысты. Алайда, фирмалық атау деген құқық белгілі бір дәрежеде бағалануы мүмкін;

10) фирмалық атауға деген құқық ҚР аймағында әрекет етуші заңды тұлғалар не жеке кәсіпкерлер тіркелетін болса, жүзеге асырылады. Ал, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелген заңды тұлғалар 1883 жылы 20 наурызда қабылданған Өндірістік меншікті қорғау бойынша Париж Конвенциясының 8 бабына сәйкес олар ҚР аймағында ешқандай тіркеу мен өтінімдерсіз-ақ қорғала береді.

11) фирмалық атаулар деген құқық бөлінбейтін болып табылады. Бірақ, заңды тұлғалар бөлінуі мен қайта құрылуы кезінде, ондай жағдайлар орын алып жатады.

Дараландыру құралдарының екінші тобына (тауар, жұмыс, қызмет көрсету дараландыру құралдары) жататындар: тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылатын жердің атауы. Дәл осы құралдар азаматтық айналымның қатысушыларымен шығарылатын өнімдер, көрсетілетін қызметі, орындалатын жұмыстарды даралайды.

Яғни, тауар таңбалары және қызмет көрсету таңбалары сияқты дараландыру құралдары заң әдебиеттерінде де, заңнамада да әрқашан бірге қолданылатынын айту керек. Осылай, ҚР тауар таңбалары туралы Заңның нормалары тек тауар таңбалары институтын құқықтық зерттеуге ғана емес, қызмет көрсету таңбалары да қолданылады. Іс жүзінде көбінесе бір белгімен бі тұлға тауар таңбасы мен қызмет көрсету таңбаларын бірдей тіркейтін жағдайлар кездеседі. Сондықтан, келешекте тауар таңбалары туралы айта отырып, қызмет көрсету түсінетін боламыз.

ҚР Азаматтық Кодекстың 1024 бабы 2 тармағы 1 бөлімінде ҚР тауар таңбалары туралы Заңында тауар таңбасы анықтамасы берілген. Осылай осы Заңмен 1 бабы 12 тармағында: тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы – Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (қызметін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан ажырату үшін қызмет ететін белгі деп берілген.

Тауар таңбаларына тән белгілердің ішінде келесілерді айқындауға болады:

1) тауар таңбасы - әр түрлі нысанда болатын белгілеу: сурет, сөздік, әріптік (әріптердің қосындысы), сандық (сандардың қосындысы), көлемді (мысалы, тауар және оның сырты/ыдысының өзін сырттай рәсімдеу), комбинациялық және басқалары;

2) тауар таңбасы - әр түрлі қасиетке ие және ҚР әрекет етуші заң бекітілген басқа да талаптарына сай келетін белгілеу;

3) тауар таңбасының негізгі функциясы – тауарды (қызмет көрсету, жұмыстар) бір өндірушіден сол сияқты тауарларды өндіруден басқа өндірушіден айыру, ажырату, ерекшелеу; тауар таңбасының екінші функциясы мағлұматтық – тұтынушыға өнімнің сипаты туралы мәліметті жеткізу. Көбінесе, тұтынушы белгілі бір тауар таңбасымен маркаланған өнімдерге үйреніп, осы тауар таңбаларымен рәсімделген басқа да тауарларды да сатып алуға дайын тұрады. Сондықтан, бұл тауардың бір тауар таңбасымен шыққанына қарамастан оның ерекшеліктерін түсіндіру, жеткізу қажет. тауар таңбасының үшінші функциясы – жарнамалық. Дәл тауар таңбасына тауарды нарыққа шығару ауырлығы түседі. Тауар таңбасы өз алдына

тауар этикеткасы немесе этикеткада, ыдыста жасаған кезде оны максималды түрде жарнамалық қабілетке жеткізуге тырысу қажет.

Қазіргі кезде тауар таңбасы жарнамалық кабілеттілігі ретінде ойлардың жаңалығы, ерекшелігі, есте сақтауға оңай – ассоциациялануы, сияқты белгілермен бағаланады.

Аталған құрамдар тауар таңбаларының ресми емес - әлсіз және күшті деп бөледі. Әлсіз тауар таңбасы – анық емес, байқалмайтын болып келеді, оған қанша жарнамалық әдіс қолдансаңыз да, ол өз шығынын ақтамайды. Әрі өз иеленушісінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Ал, күшті тауар таңбасы – анық, көзге бірден түсетін, көздің жанарын алатын болып жасалып, уақыт өте келе тапсырысты да көбейтеді.

Кейбір әдебиеттерде аталған функциялардан басқа, ерекшелеу, кепіл беру және қорғау функциялары көрсетілді.

4) тауар таңбаларын қорғау құқығы тек оны тиісті өкілетті мемлекеттік органдарында тіркелген сәттен бастап не болмаса халықаралық шарттар негізінде пайда болады және өтінімді тіркеген сәттен бастап 10 жыл (халықаралық тіркеу негізінде 20 жыл) ішінде әрекет етеді.

5) тауар таңбасына деген құқық куәлікпен куәландырылады;

6) тауар таңбасы айрықшалық қағидасына бағынады;

7) тауар таңбасына деген құқық абсолюттік жатады;

8) тауар таңбасына деген құқықты иеленушіден басқа тұлғаға шарт бойынша, сонымен қатар құқықты мирасқорлық тәртіппен берілуі мүмкін. Кез келген жағдайда тауар таңбасына деген құқық тиісті мемлекеттік органда тіркелуі тиіс, сонымен бірге, тауар таңбасын қолдану құқығы иеленушілерден басқа тұлғаға лицензиялық келісім-шарт бойынша беріле алады, бірақ ол міндетті мемлекеттік тіркелуі тиіс;

9) тауар таңбасын қолданумен қатар тек құқық қана емес, міндет те пайда болады. Өйткені, аталған тауар таңбалары тіркелуі 5 жыл ішінде себепсіз үздіксіз қолданбаса, кез келген мүдделі тұлғалардың талаптары бойынша тоқтылуы мүмкін;

2012 – 2016 жж. Аралығында патенттік ведомстваның Апелляциялық кеңесімен 5 жыл ішінде тауар таңбасын қоланғабан себебімен тіркеуді тоқтату туралы барлығы 12 іс-өтініш қаралған. Олардың көпшілігі тараптардың іс-әрекеті, істің жағдайлары мен шешімнің шығарылу логикасын байқауға практикалық және теориялық жағынан құнды тәжірибе болып саналады. Даулардың ішіндегі ерекше орынға ие мына мысалға тоқталайық [4].

Қазпатенттің Апелляциялық кеңесіне Аль Виджанья Дженерал Трейдинг Истеблишмент (Al Vidgania General Trading Establishment), Аджап, ОАЭ (әрі қарай - өтініш беруші) Reemtsma Cigarettenfabriken GmgH (әрі қарай – тауар таңбасының иесі) атына №572557 халықаралық тіркелген BAHMAN тауар таңбасына деген тіркеуді тоқтату туралы өтініш түсті. Оның себебі - бұл тауар таңбасы Қазақстан аумағында 5 жыл ішінде үздіксіз қолданылмағаны дәлел ретінде келтірілді.

Өтініш беруші өзінің талаптарын келесі қорытындылармен негіздеді:

1) өтініш беруші Қазақстан Республикасының кезекті баспаларының 1994-1998 жж. аралығындағы жарнамалық газеттерге (журнал) сараптама жасап, Қазақстан нарығында Reemtsma Cigarettenfabriken CmbH фирмасының атына тіркелген BAHMAN тауар таңбаларымен маркаланған тауарлар туралы ешқандай мәлімет кездестірмеген.

2) заңдардың атын қарау бойынша Қазақстанда 34 класы бойынша өкілетті органның тиісті рұқсатынсыз акциздік тауарларды жүзеге асыруға тыйым салынған.

Жоғарыда келтірілген жағдайлар мен Заңның нормаларын жинақтай келе, алқа тауар таңбасын қолдану туралы жағдайды өтініш беруші емес, керісінше, тауар таңбасы иесіне жүктеді. Апелляциялық кеңес дәлелдеу сұрағына қатысты қазіргі Қазақстен заңнамасында ештеңе шешілмегеніне көз жеткізді.

Ал, арыз беруші тауар таңбасына деген тіркеуді жою туралы өтініш жасағанда, жоғарыда көрсетілген тұлға сияқты, тауар таңбасының қолданбағаны туралы дәлелдемелер көрсетуі қажет. Ол тек баспа қайнар көздері ғана емес, өкілетті органға сұрау жасау арқылы тіркелген тауар таңбасының салық испекциясына да таныс емес екенін анықтаған. Жауап ретінде таңба иесі оны қолдану туралы дәлелдемелер келтірулері керек. Кез келген мүдделі тұлға тіркелген күннен бастап үш жыл немесе қарсылық білдірудің алдындағы бес жыл бойы мүлдем пайдаланылмауына байланысты тауар таңбасын тіркеудің қолданылуына қарсы уәкілетті органға қарсылық білдіре алады. Қарсылық куәлікте көрсетілген барлық тауарларға немесе олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін және оны апелляциялық кеңес, түскен күннен бастап алты ай ішінде қарауға тиіс.

Тауар таңбасын пайдаланудың дәлелі болып оның тіркелуіне себеп болған тауарларда және (немесе) олардың бумасында тауар таңбасы иесінің немесе осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес тауар таңбасына құқық беру туралы шарттың негізінде осындай құқық берілген тұлғаның қолдануы есептеледі. Тауар таңбасын жарнамада, баспа басылымдарында, ресми бланкілерде, маңдайшаларда немесе Қазақстан Республикасында өткізілетін көрмелерде тауарлардың көрсетілуі кезінде қолдану оның пайдаланылғаны болып танылуы мүмкін.

Тауар таңбасының иесі беретін оны пайдалану дәлелдемесі қарсылықта көрсетілген уақыт кезеңіне қатысты болуға тиіс.

Тауар таңбасының пайдаланылмауына байланысты оның қолданылуын тоқтату туралы мәселені шешу кезінде тауар таңбасы өзіне қатысты емес жағдайларға байланысты пайдаланылмағаны жөнінде иесі ұсынған дәлелдемелер назарға алынады.

Мұндай жағдайларға байланысты Апелляциялық кеңес № 572557 халықаралық өтініш бойынша тіркелген BAHMAN тауар таңбасы күшін жойды.

10) тауар таңбаларына деген құқықты тек қана ұлттық емес, сонымен қатар шетелдік заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерде иелене алады.

Көптеген мүліктік емес жеке қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу нысанасына жатқызуды кейбір қосымша ойлармен түсіндіруге болады.

Біріншіден, оларға азаматтық құқықты қолданбасақ, мұндай қатыснастардың айтарлықтай бөлігі мүдде құқықтық реттеусіз қалған болар еді.

Екіншіден, мүліктік қатынастармен байланысы бар немесе байланысы жоқ өзіндік қатынастардың арасындағы шекара тым шартты алынған (мысалы, адамның өз есіміне құқығы да, өз бейнесіне құқығы да кейде басқаларға белгілі бір ақы үшін, әдетте жарнамалық мақсаттарда беріледі).

Үшіншіден, ең ақырында, тіпті мүліктік қатынастармен байланысы жоқ өзіндік құқықтар олар бұзылатын жағдайда, әдетте, жәбірленушіге келтірілген азап пен қасірет үшін, құқық бұзушылықты тоқтатуына олардың зардаптарын жою үшін ақшалай өтемақы төлеуді талап ету мүмкіндігін беру жолымен азаматтық-құқықтық құралдар арқылы қорғалады. Мұнысыз, мүліктік қатынастармен байланысы жоқ өзіндік құқықтар, бұрын жиі байқалғанындай, мүлде құқықтық қорғаудан тыс қалған болар еді [5].

Тауар таңбаларының интеллектуалдық меншіктің басқа да объектілері жүйесінде болуының өзі ең алдымен оған жалпы ерекше құқық нормаларының барлығы әрекет етеді дегенді білдіреді, соның ішінде ҚР Азаматтық Кодексінің (ҚР АК) 963-966, 968-970 баптарына сәйкес, азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына арналған құқық іргелері осы құралдарға қатысты мүліктік құқықтарға ие болады. Тауар таңбасына деген ерекше құқықтың мазмұны мен сипатын толық түсіну үшін ҚР АК-ң 963 бабының 2 бөлімінің нормасына сәйкес азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына (бұдан әрі - дараландыру құралдары) арналған құқық іргелері осы құралдарға қатысты мүліктік

құқықтарға ие болады. Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесінің авторы болып танылу құқығы (авторлық құқық) жеке мүліктік емес құқық болып табылады және оған шығармашылық еңбегімен интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесін жасаған адам ғана ие бола алады.

Бұл, өкілетті органның – патенттік ведомстваның – тауар таңбасын тіркеу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап, авторлық және басқа да тауар таңбасына деген авторлық құқық туралы ешқандай мәселе қарастырылмайды дегенді білдіреді.

Атақты француз заңгері, тауар таңбасы табиғатын зерттеуші Поль Мателли тауар таңбаларына деген құқықтарға қатысты былай деген: «Тауар таңбасына деген құқық оны иелену құқығы болып табылады, бұл авторлық құқық емес... Кімде-кім тауар таңбасына таңдау жасайды, оны ойлап табу туралы мәселе оған қатысты болмайды» **[**6, 201 б.].

Тауар таңбасы деген айрықша құқықтарға кіретін субъективті құқықтарды жүзеге асырылуына тоқталайық. Бұрын біз барлық интеллектуалдық меншік объектілерін құқықтарға жатқыздық және оларды мүлік категориясына қосқанды дұрыс деп таныдық. Бұл теориялық конструкция заңдарда тәжірибелік деңгейде жұмыс істеп жатыр деп бар сеніммен айтуға болады. Соның ішінде ол ҚР тауар таңбасы туралы Заңының 19-22 баптарында дамытылған, онда тауар таңбасы қолданылатын жағдайлары, сонымен қатар тауар таңбасына деген құқықтарымен билік ету әдісері қарастырылған.

ҚР Азаматтық Кодексі «Интеллектуалдық меншік құқығы» V бөлімінің жалпы ережелері нормаларында, ҚР тауар таңбасы туралы Заңының 1 бабы 5 тармағында айрықша құқық – тауар таңбасын тіркеуге немесе тауар шығарылған жердің атауын өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға оның иесінің мүліктік құқығы делінген және осы заңның 4 бабы 4 тармағында: «тауар таңбасының иесі куәлікте көрсетілген тауарлар меңкызметтерге қатысты өзіне тиесілі тауар таңбасын пайдалану мен оған иелік етудің айрықша құқығына ие болады. Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбасын оның иесінің келісімінсіз ешкім де пайдалана алмайды» деп сипатталады.

Соңғы сөйлемнің құндылығы тауар таңбасына деген айрықша құқықтың мазмұнын нақтылауда көруге болады, дәлірек айтсақ, «пайдалану мен оған иелік ету». 4 баптың келтірілген бөлігінде «пайдалану» деген термин пайдалану мен билік ету деген мағынада айтылған.

Тауар таңбасын қолдану деген ұғымды өзінің қарапайымдылығына қарамастан, іс жүзінде қиындықтар туғызады және әр түрлі елдердің Заңдарында түрліше шешіледі. Қағидалық тұрғыдан тек таңбаны нақты қолдануды танитын елдерді атап айтсақ болады – олар, тек өнімдер мен олардың ыдыстарында тікелей көрсетіледі. Басқа мемлекеттер таңбаны нақты қолданумен қатар, номеналдық қолдануды таниды – ол таңбаны жарнамалық, журнал, каталог, проспект, шлулерде орналастыру арқылы олар туралы хабардар, жария етеді.

Ұлыбританияда таңба қолдану туралы сөз жүргізу оны қолдануды білдіреді. Мұндай тәжірибені көптеген мемлекеттер мойындайды.

1999 жылғы ҚР Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Заңы қолдану тәжірибесін тауар таңбасын осындай дәрежеде нақтылауға әкеліп соқтырды. Осылайша, Заңның 24 бабы 2 тармағы бойынша «кез келген тауар таңбасын айналымға қосу... дайындау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, оны сату немесе осы тауар таңбасы бар тауарды өткізу, жарнамада баспа өнімдерінде, іскерлік құжаттамаларда, ілулер және басқа да әрекеттерде пайдалану» қолдану болып есептеледі.

Жоғарыда айтылған мәтін сәтсіз болды. Біріншіден,ол иеленушінің өкілеттіктерін жүйесіз тізіп берді; екіншіден, «сатуға ұсыну, оны сату...» қате тұжырым, өйткені бұл жерде тауар таңбасы физикалық зат ретінде көрінеді. Бұл баспаның кемшілігі – тауар таңбасына қатысты кез келген сатып алу-сату объектісі немесе басқа да азаматтық – құқықтық мәміле тек

айрықша құқыққа байланысты болатынын ескермегендігі. Яғни, материалды емес игілік, ол тауар таңбасы деген құқық туралы тіркеу мен куәліктен шығады.

Осы кемшіліктерді ескере отырып, 1999 ж. ҚР Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Заңының 19 бабы 4 тармағында: «Тауар таңбасын пайдаланудың дәлелі болып оның тіркелуіне себеп болған тауарларда және (немесе) олардың бумасында тауар таңбасы иесінің немесе тауар таңбасына құқық беру туарлы шарттың негізінде осындай құқық берiген тұғаның қолдануы есептеледі. Тауар таңбасын жарнамада, баспа басылымдарында, ресми бланкілерде, маңдайшаларда немесе Қазақстан республикасында өткізілетін көрмелерде тауарлардың көрсетілуі кезінде қолдану оның пайдаланылғаны болып танылуы мүмкін» делінген.

Баспаның тек жақсаруы емес, сонымен қатар құқық нормасының диспозициясы өзгерген, дәлірек айтқанда, мағыналық жағынан жаңа көзқарастар енгізілген.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Заңы. 1999 жыл 26 шілде. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000456_ (22.04.2017 жылғы жағдай бойынша).

2 Сергеев А.П. Товарный знак как объект промышленной собственности: Учебное пособие. – М., 2012. – 198 с.

3 Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности: Монография. – Алматы, Жеті жарғы, 2001. – 276 с.

4 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің сайты // http://www.intellkaz.kz/ (по состоянию на

5 Қазақстан Республикасы Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы Заңы. 1999 жыл 26 шілде // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000456_ (22.04.2017 жылғы жағдай бойынша).

6 Тауар таңбаларын тіркеуге өтінімдер құрастыру және беру Ережесі 1996 жыл 8 қазан ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007.24.04. № 55-НҚ Бұйрығымен күші жойылды. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000237_#z0 (22.04.2017 жылғы жағдай бойынша).

7 Мамиофа И.Э. Понятие и система личных неимущественных прав. – Екатеринбург, 2001. – 248 с.

УДК 342.7

Кершаизов С.Ш. – ХКГУ магистранты (Алматы қ.)

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ: АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа: *Мақалада құқықтық мемлекеттің мәні және оның негізгі функциясы — адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау қарастырылады. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері, соның ішінде заңның үстемдігі, биліктің бөлінуі, жеке құқықтардың кепілдігі және мемлекеттің азамат алдындағы заңды*

жауапкершілігі талданады. Адамның құқық субъектісі және қоғамдық-саяси өмірге қатысушы ретіндегі рөліне ерекше назар аударылады.

Түйінді сөздер: *құқықтық мемлекет, адам құқықтары мен бостандықтары, заңның үстемдігі, азаматтық қоғам, заңды жауапкершілік, биліктің бөлінуі, құқықтық мәдениет, құқықтарды қорғау, демократия, жеке тұлға*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары-елдің ең қымбат қазынасы деп жарияланады. Бұл конституциялық норма Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуының ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламасының негізін құрайды [1].

Құқықтық мемлекет идеясының қалыптасуы тұлға мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынастарды, қоғамдық және жеке адамның мүдделерін реттеу мәселелерімен тығыз байланысты философиялық мәселелерден туындады. Алғашқыда саяси-құқықтық ойда қоғамдық мүдделердің басымдылығы басым болды. Қоғамдық игілік пен жалпы мүдденің басымдылығы идеясын әділетті деп қарастыруға болады, өйткені адам – қоғамның мүшесі, ал ұжымдық мүдде қамтамасыз етілмесе, жеке адамның мүдделері туралы сөз қозғаудың мәні жоқ. Жалпы игілікті қамтамасыз етуге қабілетті тек мемлекет қана. Сондықтан мемлекет жеке тұлғамен салыстырғанда басымдыққа ие болып келеді. Бұл көзқарас теологиялық түсініктерге, әсіресе монархтың билігі құдайдың еркесі деп түсінуге негізделген еді.

Мемлекет қоғамның ең жоғарғы ұйымдасқан институты ретінде оның өмірінде маңызды рөл атқарып келеді. Бұл мемлекеттік биліктің ерекшеліктерінен туындайды: тек мемлекет қоғамның ресми өкілі болып табылады, жалпыға міндетті әдеп ережелерін жариялап, жария мәжбүрлеуді қолдануға құқылы. Мемлекеттің егемендігіне қатысты маңызды белгі ретінде мәжбүрлеу құралдары қолданылады. Біз оны субъектінің еркінен тыс әсер ету деп түсінеміз. Мемлекет өзінің әлеуметтік қызметтерін табысты орындауы үшін оның шешімдерінің кепілдігі қамтамасыз етілуі қажет. Мысалы, діни билік әлеуметтік билік ретінде мәжбүрлеуді қолданбайды (өз еркімен сенетіндер оған бағынады, сенбейтіндер бағынбайды), ал мемлекеттік билік мәжбүрлеуге сүйенеді.

Мемлекет саяси биліктің басты жиынтығы және саяси күштің орталығы ретінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті. Осы мақсатта бассыздықтар мен озбырлыққа жол бермей, мемлекеттік билік басқа құрылымдардың үстемдігінен артық болуға тиіс. Бұл үстемдік егемендік арқылы жүзеге асырылады. Егемендік мемлекеттік биліктің үстемдігін және жария мәжбүрлеу мүмкіндігін талап етеді. Мемлекеттің барлық әлеуметтік күштерді басқарудағы рөлі осы жерде көрініс табады, себебі олар тек мемлекеттің бақылауында және оның шешімімен ғана әрекет етеді.

Мемлекеттік билік қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Тұлғаның әлеуметтік мүмкіндіктері мен қоғаммен қарым-қатынасы осы жүйенің негізгі компоненті болып табылады [2]. Мемлекеттік биліксіз өмір бейберекетсіздікке әкеледі, сондықтан қоғамның тұрақтылығы мен дамуында оның рөлі айқын. Мемлекеттік биліктің жоқтығы немесе әлсіздігі қоғамның құлдырауына әкеп соғады. Сонымен қатар, билік қатынастарынсыз адамзат өркениетінің өмір сүруі мүмкін емес. Мемлекеттің қоғам өміріндегі рөлі зор болғанымен, оның қызметін шектеу туралы, тіпті мемлекеттің жойылуы туралы пікірлер де айтылған (анархистердің немесе коммунистік қоғам идеялары). Бұл көзқарастар да негізсіз емес, себебі бұдан бұрын мемлекеттік билік көбінесе зорлық-зомбылық құралы ретінде қолданылған.

Құқықтық мемлекет идеясы мемлекеттік биліктің күшін шектеп, оның адам құқықтары мен бостандықтарына қол сұқпауын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл идея мемлекеттің

құқықпен шектелген билік ретінде әрекет етуін талап етеді. Мемлекеттің қоғамдағы рөлі оны заңға негізделген, жеке тұлғаның құқықтарын қорғаушы және еркін қамтамасыз етуші институт ретінде түсіну керек. Матюхин А.А. мемлекет туралы оның тек қоғамдық қатынастарды реттейтін институт қана емес, құқық аясында әрекет ететін әлеуметтік және мәдени құндылық ретінде түсінген.

Мемлекет адамдардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруді қамтамасыз ету үшін өз билігін тек құқықтық шеңберде жүзеге асыруы тиіс. Осы қағида қоғам мен тұлғаның өзара жауапкершілігін және мемлекеттің заң алдындағы міндеттемелерін жүзеге асырады. Мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара жауапкершілік қоғамның тұрақтылығы мен тұлғаның бостандығын сақтау үшін маңызды.

Мемлекет саяси биліктің басты жиынтығы және саяси күштің орталығы ретінде кепілді тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті және осы мақсатта бассыздықтар мен озбырлыққа жол бермеу үшін басқа мемлекеттік емес құрылымдарға байланысты мемлекеттік билік үстемдік етуі тиіс. Бұл үстемдік егемендік ұғымы арқылы іске асырылады. Егемендік мемлекеттік биліктің үстемдігін және жария мәжбүрлеу мүмкіндігін қажет етеді. Мемлекеттегі барлық әлеуметтік күштер «билікті тек мемлекеттің тапсыруымен және мемлекеттің бақылауымен іске асырады» [3].

Қандай да болмасын әлеуметтік күштің (саяси партия немесе т.б.) ықпалының күштілігіне, қоғамдық көңіл-күйдің жағдайына қарамастан, мемлекеттік билік мемлекеттің бүкіл аумағына тарайды және мемлекеттік аппарат, мемлекеттік органдар арқылы ғана іске асырылады.

Жоғарыда баяндалғандарға сүйене отырып, мемлекеттік билік қоғамның тұтастығын, оның тұрақты қызметін қамтамасыз етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады деп тұжырымдауға болады.

Тұлғаның әлеуметтік мүмкіншіліктерінің жүйесінде оның қоғаммен өзара қарым-қатынастарын білдіретіндері алғы шепке шығады [2, с. 53]. Өйткені мемлекеттік биліксіз өмірді бейберекетсіздік жайлайды. Қоғамның мемлекеттік биліксіз өмір сүре алмайтындығы күмәнсіз. Ал оның жоқтығы немесе әлсіздігі қоғамның құлдырауына алып келеді. Өйткені мемлекеттік билік экономикамен бірге оның әлеуметтік өмірінің арқауы болып табылады. Оның үстіне билік қатынастарынсыз адамзат өркениетінің өмір сүруі мүмкін емес. Мемлекеттің қоғам өміріндегі осынша маңызды роль атқаруына қарамастан, осы кезге дейін мемлекеттің қоғам өміріндегі ролін шектеудің қажеттігі туралы, ал шектен шыққан нұсқаларда тіпті мемлекеттің жойылуы туралы (анархистердің пікірі, коммунистік қоғам туралы) пікірлер орын алып келді. Мұндай пікірлер толығымен негізсіз емес. Өйткені буржуазиялық революцияларға дейін мемлекеттік биліктің адамзат тарихында зорлық-зомбылық құралы ретінде пайдаланылып келгені белгілі. Мемлекеттік билік жария мәжбүрлеуді қолдану мүмкіндігіне иелік ете отырып, бір жағынан жалпы игілікті қамтамасыз етудің тиімді құралы, ал екінші жағынан, адамның құқықтары мен бостандықтары үшін ең үлкен қауіп ретінде көрініс табады. Буржуазиялық революцияларға дейінгі барлық мемлекет тәжірибесі мемлекеттік биліктің қоғамдық мүдделер туын жамылып, кей жағдайларда билік басындағылар мен байлардың мүдделеріне пайдаланғандығын, мемлекеттік биліктің зорлық-зомбылық құралы болғандығын дәлелдейді. Қандай жағдайда болмасын, жеке тұлғаның мүдделері есепке алынбай келді.

Мемлекетке байланысты жеке тұлға әруақытта да теңдік жағдайда болған емес. Мемлекет адамдарға өзінің еркін таңып, ол үшін мәжбүрлеу күшін пайдалана алады. Бейнелеп айтар болсақ, мемлекет адамдардың басынан «семсерін» сермеп келеді. Іс жүзінде бұл «семсер» адамға тән кемшіліктерден, нәпсі мен мүдделерден арылмаған жеке мемлекеттік лауазым иелерінің қолында. Олар өз биліктерін асыра пайдаланулары мүмкін. Сол себепті адамдарға

орынсыз пайдаланылған «семсерден» қорғану үшін «қалқан» қажет. Мұндай «қалқанды» адам құқықтары құрайды. Оның мақсаты – адамдар мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын қауіпсіз ету, ал ол «қалқанның болуын, әрекет етуі мен нығайтылуын қамтамасыз ететін «күзетші иттер» құқық қорғау ұйымдары болып табылады [4, с. 24]. Адам құқықтарының қалыптасуы ұзақ уақытқа созылды. Жеке құқықтар негізінен мемлекеттік биліктің заңсыз килігуінен азат болуды қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік құқықтар тұлғаның мүдделерін мемлекеттің көмегімен қамтамасыз ету және іске асыру талаптарын қамтиды.

Адам құқықтары мен бостандықтары жүйесінде бірлесу құқығына ерекше орын берілген. Бұл ҮЕҰ ұлттың гуманитарлық капиталын дамытудағы, елдің ұйымдық және интеллктуалдық әлуетін біріктірудегі, жалпы жауапты азаматтықтың сапасын арттырудағы атқарып келе жатқан роліне байланысты. ҮЕҰ-дың өздерінің әлеуметтік маңызды қызметтерін табысты орындауы үшін қоғамның тұрақтылығына, тұлға мен қоғамның әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілігінің артуына мүдделі мемлекет шешуші роль атқаруға тиіс.

Сонымен, мемлекет зорлық-зомбылық құралына айналмауы үшін оның билігіне құқықпен шектеу қою керек. Құқықтық мемлекет идеясы дамудың ұзақ жолынан өтті және ол құқық пен заңды қарама-қарсы қою, мемлекетті күш пен құқықтың бірлігі немесе құқықтық заңмен шектелген билік ретінде түсіндіру дәстүрінің пайда болуы мен дамуына байланыстырылады. Бұл дәстүр ежелгі грек саяси ойынан бастау алған болатын. Нақ осы дәуірде мемлекет туралы өз қызметін заңға негіздейтін және бостандықты қамтамасыз ететін ұйым ретінде алғашқы түсініктер қалыптасты. Мемлекет туралы мұндай түсініктер көп жайғдайда билік пен бостандықтың әділетті арақатынаста болуын іздеумен байланысты болды.

Қазіргі уақытта мемлекет туралы жария саяси биліктің ұйымы деу жеткіліксіз, мемлекет туралы ол құқықтық сипаттағы жария саяси билік ұйымы деп тану қажет. Осы тұрғыдан Матюхин А.А. мемлекетті жай ғана «қоғамдық, таптық, әлеуметтік-топтық және басқа да қатынастарды реттестіру үшін тарихи пайда болған институт, қоғамның бөлінуінің нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен бірге тарихи қалыптасқан және өзінің барлық әлеуметтік-мәдени формаларында тек қана құқық аясында әрекет етуші институт ретінде қарастырады [5, с. 58]. Яғни автордың мемлекет деп түсінетін құбылысын құқықтан тыс елестету ақылға сыймсыз.

Мұндай түсінікте мемлекет адамзат өркениетінің дамуында шешуші роль атқаратын үлкен әлеуметтік және мәдени құндылық болып табылады. Мемлекет қоғамға әлеуметтік тәртіп, тұрақтылық әкелді. Осыған байланысты неміс ойшылы, таптық теорияның негізін салушылардың бірі Ф. Энгельс мынандай орынды пікір айтқан болатын: «Мемлекет қоғам дамуының белгілі бір кезеңінің жемісі» [6, с. 187].

Қоғам қарама-қарсы таптарға бөлінгеннен кейін мемлекеттің принципінде жаңа қызметі – ауқатты таптың мүддесін және оны кедей таптың қаһарынан зорлық-зомбылық қолдану арқылы қорғау пайда болды.

Мемлекетке байланысты жеке адамның (тұлғаның) бостандықтарына кепілдік беру. Бұл принцип іс жүзінде адамның негізгі құқықтарын нақтылаудан көрініс табады.

Заңдардың әрекет ету күші жұрттың барлығы үшін бірдей болуы керек және барлық азаматтар заң алдында бір-бірлерімен тең болулары керек деген көзқарастан көрініс табатын құқықтық теңдік.

Құқықтық қауіпсіздік, мемлекеттік әрекеттің салыстыруға болатындығы [7, с. 16].

Өзара жауапкершілік қағидасы мемлекетті келісімдік деп түсінуге негізделген. Мемлекет адамдардың өздерінің игілігін қамтамасыз ету мен қорғау үшін құрылған одағы, бірлестігі ретінде мемлекеттік құрылыстың адамдарды категориялық императивтің көмегімен олардың бостандығының жалпы мөлшерімен біріктіретін құқықтық қағидалармен үйлесімін білдіреді. Мемлекетті осылайша түсінуден келіп, мемлекет пен тұлға бір бірлерінің алдында жауапкершілікте болып саналады. Азамат конституцияны сақтауға, заңды құрметтеуге, қоғам

мен мемлекет алдындағы өз міндеттерін абыроймен іске асыруға міндетті. Мемлекет болса, билік негізінде азаматтардың бостандығына, қауіпсіздігіне кепілдік беруі, қоғамның тұтастығы мен оның лайықты тіршілік етуі, жалпы адамзаттық құндылықтарды іске асыру арқылы экономикалық және рухани факторлардың көмегімен қол жеткізуге жағдай тудыруға міндетті. Өзіне деген сенімді ұстап тұру үшін мемлекет өзінің тигізген зияндарының орнын толтыруға міндетті.

Құқықтық қауіпсіздік, мемлекеттік әрекеттің салыстырмалылығы қағидасы:

- азаматтардың мемлекетке деген сенімін қорғаудан, яғни мемлекеттің өзіне деген сенімді сақтау үшін өзінің тигізген зиянының орнын толтыруға міндеттелген;
- заңға кері күш беруге тыйым салуды;
- заңдардың дәлме-дәл және анық болуларын талап етуді;
- шектен тыстыққа тыйым салуды, яғни мемлекеттік тұлғаның бостандығына қол сұғуы тек осы қолсұғушылық қойылып отырған мақсатқа мөлшерлестіктен аспайтын жағдайда ғана (мөлшерлестікті, шектен шықпауды талап ету) құқығы бар екендігін;
- мемлекеттік қызметтің анықтылығы мен болжамдылығын мойындаумен құқықтық қамтамасыз етілуінен көрініс табады.

Бұл қағиданың неміс мемлекеттанушылары мен құқықтанушыларының еңбектерінде жан-жақты және байсалды түрде зерттелгендігін және Германияның заңдарында бірізділікпен іске асырылғандығын атап өткенді жөн көрдік. Бұл қағида Германия Конституциясында бекітілген. Мысал, негізгі заңның 34-бабында мемлекеттің өзінің органдарының әрекеті үшін жауапкершілігі тұжырымдалған. 14-бапта мемлекеттің тұлғаның ісіне араласуы оған ерекше зиян тигізген жағдайда өтемақы төлеу бекітілген [8].

Жоғарыда айтылғандай, құқықтық қауіпсіздік қағидасы белгілі дәрежеде мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі қағидасының құрамына енеді. Сол себепті мемлекеттің тұлғаның бостандығына қол сұғуына құқығы бар жағдайларды жалпы қарастырып өтуді қажет деп санаймыз. Мысалы, батыс елдердің жаңа конституцияларының ешқайсысында жекеменшіктің қасиеттілігі мен оған қолсұғуға болмайтындығы туралы айтылмайды, керісінше, меншік міндет жүктейді, ол көпшілік игілігіне қызмет етуі керек деп жарияланған, тіпті жеке меншікті мемлекет қарамағына алуға рұқсат етіледі. Бірақ мұндайда үш шарт сақталуға тиіс: қоғамның (жеке әлеуметтік топтың емес) мүддесі үшін. Парламент қабылдаған заңның (декреттердің емес) негізінде, барабар құнын, кейде алдын ала төлеген, ал оның мөлшері даулы болған жағдайда сот белгілеген (лауазым иегерінің шешімімен емес) мөлшерде төлеген жағдайда. Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен сот тәжірибесіне енгізілген тиісті өзгертулер тек айыптаушылардың ғана емес, сонымен бірге нақтылы іс бойынша сотқа қатысушы басқа да тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарына кең көлемді шеңберлер қояды.

Қазақстан тәжірибесіне келер болсақ, біз бұл жерде мемлекет құқықтарын шектен тыс әсірелеуді және саяси биліктің өзінің қызметі үшін жауапсыздығын байқаймыз. Оның үстіне Қазақстан заңдарында, атап айтқанда ҚР Конституциясында құқықтық қауіпсіздігі қағидасының анық тұжырымдал-мағандығын атап көрсетуіміз керек. Өкініштісі, Конституцияның бірде бір бабында мемлекеттің өз органдарының әрекеті үшін жауапкершілігі анық көрініс таппаған.

Құқықтық қауіпсіздік, мемлекеттік әрекеттену салыстырмалылығы принципі ең алдымен заң шығару мен заңды қолданудың, заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәлдігі мен анықтығы сияқты тұстарын қатаң реттестіріп отырады.

Сонымен, мемлекет өркениет пен мәдениеттің жемісі, оның әлуеті тек құқықпен тығыз байланыста болғанда ғана ашылады.

Құқықтық мемлекет идеясы – ортақ мүдде мен адам бостандығының арақатынасының проблемаларын ой елегінен өткізудің нәтижесі. Ортақ мүдде мен жеке адамның мүдделерінің әділетті түрде бірігуіне мемлекетте формалдық теңдік принципін іске асыру көмектеседі. Бұл заңның, құқықтың, соттың жұрттың барлығына, әркімге, оның ішінде мемлекетке де, оның органдары мен лауазымды тұлғаларға да алаламай, бірдей қарауы тиіс дегенді білдіреді. Заң мен сот алдында құқық субьектілерінің барлығы, оның ішінде мемлекет пен оның органдары да тең. Мұндай жағдайда мемлекет жария саяси биліктің ұйымдасуы мен қызметінің құқықтық формасы ретінде көрініс табады да, мемлекеттік билік құқық шеңберіне енгізіледі.

Нәтижесінде тұлғаның бостандығы билік үшін шек болып табылады да, құқық тұлғаның бостандығы мен қоғамның мүдделерінің әділетті арақатынасын орнату құралына айналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (2017.10.03. берліген өзерістер мен толықтырулармен) // ПАРАГРАФ инофрмационная система ЮРИСТ.
2. Утебаева Н. Долг государства перед гражданами // Мысль. – 2005. – № 11. – С. 53-55.
3. Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре // Трактаты. - М.: Канон-Пресс-Ц, 1998. – 215 с.
4. Жовтис Е. Права человека и правозащитные организации: Методическое пособие. - Алматы: Казахстанское Международное Бюро по правам человека и соблюдения законности, фонд «XXI-век», 2002. - 36 с.
5. Матюхин А. Государство в сфере права: институциональный подход. – Алматы: ВШП «Әділет», 2000. – 596 с.
6. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. – М.: Политиздат, 1978. – 240 с.
7. Баймаханов М.Т. Правовое государство // Основы государства и права Республики Казахстан: Учебное пособие – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – С. 7-20.
8. Конституция 16 стран мира: Сб. стран-членов СНГ, Балтии и ряда др. государств мира / Сост. Ж. Баишев, К. Шакиров. - Алматы: Жеті жарғы, 1995. - 576 с.

ӘОЖ 342.40

Мукамеден Д.- аға оқутышы, магистр ХКГУ (Алматы қ.)
Ғалымбеков Ж. Қ. «Құрылыс» мамандығының, 1 курс студенті ХКГУ (Алматы қ.)

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Аңдатпа: *Аталған мақалада адам өміріндегі ғылымның орны мен рөлін түсіну осы уақытқа дейін аяқталмаған күрделі процессі, қиыншылықтар мен қайшылықтардың, талас-тартыстың, күмәнді сұрақтардың, көптеген жаңа мәселелердің пайда болуымен ерекшеленетіні қарастырылады.*

Түйінді сөздер: *ғылым, тарих, қоғам, процесс.*

Адамзат өзінің даму тарихы барысында қоршаған әлемді танып-білудің және игерудің бірнеше тәсілдерін меңгерді. Сондай тәсілдердің біріне сөзсіз ғылымды жатқызуға болады. Ғылым - қоғамның рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Адамзат дамуының

белгілі бір кезеңінде ғылым дами келе, қоғамдық сананың дербес формасына айналады. Себебі, қоғамдағы сан-салалы мәселелер көп жағдайда ғылымның араласуымен шешіледі.

Адам өміріндегі ғылымның орны мен рөлін түсіну осы уақытқа дейін аяқталмаған күрделі процесс. Бұл процесс қиыншылықтар мен қайшылықтардың, талас-тартыстың, күмәнді сұрақтардың, көптеген жаңа мәселелердің пайда болуымен ерекшеленеді. XX ғасырдың 20-шы жылдарында ғана ғылымның мәні мен ерекшеліктерін, оның даму және қолдану механизмдерін қарастыратын, сонымен қатар, ғылымның білім жүйесі, әрі ерекше әлеуметтік институт ретінде даму заңдылықтарын зерттеуге бағытталған «ғылымтану» атты жаңа пән пайда болды. Ең алдымен, ғылымтанушылардың назар аударған мәселесі - латынша «Scieniia» сөзінің этимологиясы болды, оның мағынасы «білім» дегенді білдіреді. Ал кез-келген білімнің ғылым емес екендігі белгілі. Білім - адамзаттың әр қилы тіршілік ету сферасынан: қарапайым өмірден, саясаттан, экономикадан, өнерден тағы басқа жағдайлардан алынады.

Ғылым - тәжірибе жүзінде анықталған нақты дәлелдемелер мен логикалық заңдарға сүйенетін қорытындылардың негізінде білім әлемін жасайды. Бұл әлемнің субъективті элементі болып саналатын адамзатқа, оның игілікті бағдарына шамалы ғана рөл бөлінеді (бұл үшін өнер, мораль, дін бар). Сондықтан бір-бірін толықтыра отырып, мәдениеттің бұл құрамдас бөліктері табиғат пен адамзат арасында байланыстырушы тізбек болып саналады [1].

Тарихта мәдениеттің бір сферасының екіншісіне зиянын тигізе отырып ерекше бөлініп шығуының мысалдары көп. Ең алдымен бұл орта ғасыр мен Жаңа уақыттағы ғылымның, философияның және діннің арақатынасына байланысты. Ортағасырлық ғылым діннің билігінде болғандықтан, антикалық ғылымның жетістіктері ұмытылуға айналып, ғылым бірнеше қадам артқа шегінгені белгілі. Тек қана XIX ғасырда жаратылыстанудың жетістіктеріне байланысты ғылым адамзат пен қоғам дүниетанымында, мәдениетінде басымдылыққа ие болды.

Содан бастап ғылым мен философия арасында осы уақытқа дейін басылмаған дау-дамай басталды, олардың әр қайсысы шындықты айқын көрсету құқығына ие болғысы келді. Ғылым ешбір шектеусіз барлық сұрақтарға жауап беріп, адамзатты жарқын болашаққа бастауды мақсат етті. Әдетте мұндай болашақ ғылым мен техниканың жетістіктерінен болатын материалдық игілік пен тоқшылықты білдіретін. XX ғасырдың басындағы адамзаттың көп бөлігіне қатысты тіршіліктің төменгі деңгейінде болашаққа деген мұндай көзқарас бұқара халық тұрмақ саясаткерлерге де, тіпті ойшылдарға да (философтар, жазушылар, суретшілер) түсініксіз боп қала берді. XX ғасырдың басында философтар мен мәдениеттанушылардың аз бөлігі бұл жолдың апатқа бастайтынын ашық айтты. Бұл XX ғасырдың ортасында атом қаруын жасау экологиялық апаттың төнуі арқылы расталды.

Соған қарамастан, сциентизм идеологиясының қалдықтары - ғылымның жалғыз ғана құтқарушы екендігіне сену - осы уақытқа дейін сақталып келеді. Ағартушылық қойнауынан дамып, позитивизм философиясында дамыған бұндай көзқарас XX ғасырдың екінші жартысында қоғамдық және гуманитарлық пәндерден жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін асыра мақтап көрсетуге көшті. Осы сенім планетаның қазіргі жағдайына, термоядролық апат қаупіне, ең бастысы - мәдениеттің этикалық және эстетикалық көрсеткіштерінің төмендеуіне, технократтық психологияның күшеюіне әкеп соқтырды. Сөз жоқ, ғылым - адамзат мәдениетінің орасан зор жетістігі болып саналады. Ол адамзат өмірін ұрпақтан-ұрпаққа жеңілдетіп, тәуелсіз етеді және материалдық, рухани байлықтың негізіне айналады.

Ғылым адамзат мәдениетінің бір сферасы ғана, оның өз ерекшеліктері мен мақсаттары бар, бұларды басқа түрге қолдан өзгертуге болмайды. Ал ғылым жеке өзі адамзат өркениетінің ең жоғарғы құндылығы бола алмайды, ол - тек адамзат өмір сүруіндегі әр түрлі мәселелерді

шешетін бір құрал ғана. Қалыпты, үйлесімді қоғамда ғылымға да, өнерге де, философияға да, дінге де, адамзат мәдениетінің басқа да құрамдас бөліктеріне бір уақытта орын табылады.

Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты біз ғылымға нақты анықтама бере аламыз. Ғылым - жаратылыс туралы объективті білім жиынтығы болып саналатын адамзат мәдениетінің бір бөлігі. Бұл түсініктің мазмұнына сонымен қатар білімді алу процесі мен оларды адамзаттың тәжірибелік өмірінде қолдануының түрлері мен механизмдері кіреді.

Объективті жаратылыстың философиялық түсінігі табиғат, қоғам және адамзатты қамтиды. Соған байланысты обьективті жаратылыстың осы үш элементіне білімнің үш сферасы нақты қарастырылады. Жаратылыс сферасына және зерттелетін ақиқат дүниенің түріне байланысты ғылыми білімнің үш бағытын анықтауға болады: жаратылыстану- табиғат туралы білім жүйесі, қоғамтану - қоғамдық өмірдің түрлері мен формалары туралы білім жиынтығы, сонымен қатар адамзатты ойлау қабілеті бар жанды зат ретінде қарастыратын ойлау білімдерінің жүйесі. Табиғат туралы барлық білім жиынтығы жаратылыстану арқылы қалыптасады. Оның құрылымы табиғат логикасының нақты көрінісі іспетті. Жаратылыс ғылымдарының білім жүйесі орасан зор және әр алуан. Мұнда заттар мен олардың құрылысы, заттардың қозғалысы мен әрекеттесуі, химиялық элементтер мен қосылыстар, тірі материя мен тіршілік, Жер және Космос туралы білім жүйесі енеді. Жаратылыстанудың осы объектілерінен іргелі ғылыми жаратылыстану бағыттары бастау алады. Денелер, олардың қозғалысы, олардың әр түрлі деңгейлердегі пайда болу формалары мен айналымдары физикалық ғылыми білімнің зерттеу объектілері болып табылады. Іргелі сипаты бойынша олар жаратылыстанудың негізіне жатады және басқа да білім салаларын қамтиды.

Химиялық элементтер, олардың қасиеттері, айналымдары мен қосылыстары химиялық білім жүйесінде көрініс табады. Физикалық білім жүйесімен көбірек байланысты болғандықтан, аралық пәндердің тобы - физикалық химия, химиялық, физика т.б. пайда болды. Биологиялық білімдер тіршілік туралы білім тобын қамтиды, олардың зерттеу объектілері клетка мен клеткадан пайда болған барлық ағзалар. Биологиялық білімнің негізіне зат, химиялық элементтер туралы білім жатады. Жоғарыда айтылғандай мұнда да аралық пәндер, атап айтқанда, биофизика, биохимия т.б. дамиды.

Жер Күн жүйесіне енетін бір планета есебінде геологиялық білімдердің зерттеу пәні болып табылады. Олар біздің планетамыздың құрылысы мен дамуын зерттейді. Басқа ғылымдар тобымен бірлесу арқылы геохимия, геофизика, палеонтология сияқты жаңа салалар пайда болды. Өте ертеден бері дамыған, сонымен қатар ғылымдағы жаңа бағыттардың да қатарына жататын білім жүйелелерінің бір тобы-космологиялық білімдер, олардың зерттеу пәні - Бүкіл әлем. Космология - космостық объектілердегі жағдайлар мен өзгерістерді зерттейді.

Ғылыми білімнің тағы бір іргелі бағыты - қоғамтану. Оның пәні болып қоғамдық құбылыстар мен жүйелер, құрылымдар, жағдайлар процестер табылады, қоғамдық ғылымдар қоғамдық байланыстар мен қатынастардың жеке түрлері мен барлық жиынтығы туралы білім береді. Өзінің сипаты бойынша қоғам туралы ғылыми білімдер сан түрлі, олар жалпы үш бағыт бойынша топтастырылған: зерттеу пәні қоғам болып табылатын әлеуметтік бағыт; халықтың еңбегін, меншіктік қатынасты, қоғамдық өндірісті, айырбасты, таралуды және осыларға негізделген қоғамдық қатынастарды зерттейтін экономикалық бағыт; сонымен бірге мемлекеттік-құқықтық құрылымдарды және қоғамдық жүйелердегі қатынастарды пәні ретінде қарастыратын мемлекеттік-құқықтық білімдер бағыты. Ғылыми білімнің үшінші іргелі бағытын адам және оның ойлау жағдайы туралы ғылыми жүйе құрайды. Адамзат жан-жақты аспектілерде қарастырылып, көптеген ғылым салалары арқылы зерттеледі. Ондай ғылым салаларына - гуманитарлық ғылымдар (психология, логика тағы басқа) және математика жатады. Аталған негізгі ғылыми бағыттармен қатар, ғылымның өзін зерттейтін ғылыми

салаларды жеке топқа жатқызуға болады. Ғылымның бұл салалары XX ғасырдың 20-шы жылдарында пайда болды және бұл өз бетінше ғылымның адамзат өміріндегі рөлі мен маңызын анықтай алатын дәрежеге көтерілгенін білдіреді. Ғылымтану қазіргі кезде өз бетінше, тез дамып келе жатқан ғылыми пән болып саналады.

Ғылым, білімнің құрылысын анықтай келе біз ғылымға толық анықтама бере алатындай мүмкіндікке жеттік. Сонымен, ғылым дегеніміз - арнаулы қоғамдық қызмет нәтижесінде алынып, дамыған және қолдану барысында қоғамның тікелей тәжірибелік күшіне айналған объективті шындықтың динамикалық жүйесі[2].

Ғылыми-білімнің құрылымымен ғылым атқаратын функциялар тығыз байланысты. Олар бірнешеу:

1) түсіндіру - табиғат объектілері мен табиғат құбылыстарының мәнін ашып, түсіндіру;
2) жүйелеу - жиналған фактілік материалдарды сұрыптап, бір жүйеге енгізу;
3) суреттеу - қоршаған жағдайдың байланыстары мен қасиеттерін сипаттап көрсету;
4) болжам жасау - дәл қазіргі кезде жүріп жатқан процестердің даму дәрежесін есепке ала отырып, болашаққа болжам жасау;
5) қорытынды жасау - табиғаттағы болып кеткен, қазіргі кезде жүріп жатқан және болашақта күтілетін процестерді есепке ала отырып, ғылыми негізде қорытынды жасау;
6) жаңалық ашу - табиғаттың жаңа заңдарын ашу, жаңа ғылыми гипотезалар шығару;
7) өндірістік-тәжірибелік бағыт беру - алған білімді өндірісте, әлеуметтік басқаруда және тағы басқа салаларда қолдану мүмкіндігі;
8) дүниетанымдық - алған білімді әлемнің обьективті картинасымен байланыстыру.

Адамзат өз тарихында сипаты бойынша сан алуан білімдерді жинақтады, ғылыми білім - сол білімдердің тек бір түрлі ғана болып саналады. Сондықтан ғылымға қойылатын критерийлерді білу өте қажет.

Ғылымилықтың ең басты критерийі - жүйелілік. Ғылыми білім әр қашан белгілі бір жүйе ретінде қарастырылады: бұл жүйенің өзіндік басталу принципі, іргелі түсініктері болады. Сонымен бірге бұл жүйеге аталған ғылым үшін зор маңызы бар тәжірибелік фактілер, эксперименттер, тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстар енеді. Ғылымға қойылатын тағы бір критерий - онымен айналысатын (қоғамда) бір дарынды адамдардың болуы және қажетті материалдар мен технологияның болуы. Ғылымилықтың үшінші критерийі - ғылыми танымның мақсаты. Яғни, мақсатсыз ғылым дамуы мүмкін емес, ғылымның нәтижесі адамзат игілігіне айналуы шарт. Тағы бір төртінші критерий - рационалдылық (тиімділік). Зерттеудің әр түрлі (әдістемелерін) тәсілдерін өзгерте отырып, ең тиімді жолын таңдап алу. Ғылымға қойылатын бесінші критерий - зерттеудің тәжірибелік әдістемесін қолдану және ғылымды математикаландыру. Бұл белгілер жаңа уақытта пайда болды және тәжірибемен байланыстыра отырып, ғылымға жаңа сипаттар әкелді.

Бүгінгі таңда қазіргі қоғамдағы ғылым адам өмірінің көптеген салаларында маңызды рөл атқарады деп айта аламыз. Ғылымның даму деңгейі қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады, сонымен қатар бұл мемлекеттің қазіргі дамуының көрсеткіші болып табылады. Адам айналасындағы барлық нәрсе-ғылымның жетістіктері. Қазіргі ғылымның таңғажайып мүмкіндіктері бар. 1904 жылы Никола Тесла бір кездері адам өз ойын ең алыс қашықтыққа жібере алады деп мәлімдеді. Бір ғасырдан кейін бұл мүмкін болды. Қоғамды ақпараттандыру соншалықты жоғары деңгейге жетті, қазір адам кез-келген ақпаратты интернеттен таба алады. Әр үйде және кеңседе қазір компьютер де, интернет те бар. Олар соншалықты қарапайым болғандықтан, адам оларды қолданумен байланысты қауіптерді ұмытып кетеді. Компьютер-сәулелену мен өрістердің бірнеше түрінің көзі. Стационарлық компьютерлер мен ноутбуктар мониторларының катодты сәулелік түтігі иондаушы сәуле шығарады. Кез-келген басқа электр аспаптары сияқты, компьютер де электромагниттік сәуле

шығарады. Компьютерге кіретін барлық құрылғылар мен қосалқы электр жабдықтары күрделі электромагниттік өрісті құрайды. Электромагниттік сәулеленудің әсері туралы қазіргі заманғы зерттеулердің көпшілігі оның денсаулыққа тигізетін зияны туралы айтады. Алайда ғылым қазіргі кезеңдегі ғылыми қауымдастық құрылымында жаңа салалар құра отырып, осындай мәселелерді шешуге тырысуда. Эргономика ғылымы-адамды компьютермен және басқа машиналармен өзара әрекеттесу арқылы зерттейтін ғылым. Эргономика адамның жұмысын жан-жақты зерттеумен айналысады, сондықтан көптеген ғылыми пәндерді біріктіреді: физиология, еңбек гигиенасы, психология және т.б. ғалымдар компьютерде жұмыс істеуге байланысты адам ағзасына жүктемені азайту жолдарын табуға тырысады, мінсіз және қауіпсіз техниканы құруға қатысады. Медицина, биология, генетика, эмбриологияның дамуы арқасында адамзат көптеген ауруларға қарсы "антидот" таба алды. Біздің ата-бабаларымыз XXI ғасырда адам ағзасында жұмыс істемейтін пациенттермен алмастыру үшін жаңа адам ағзаларын өсіру мүмкін болады деп елестете алмады.

Химия мен физика бір орында тұрмайды. Бұл ғылымдар екі бағытта дамуда - іргелі ғылымдар (физикалық және химиялық білімнің теориялық негіздерін құру және зерттеу) және қолданбалы ғылымдар ретінде (адам өмірінің әртүрлі салаларында қолданудың практикалық мәселелерін шешу).

XXI ғасырда адамзат жер шарының барлық кеңістігін иеленді. Біз әртүрлі елдерде, әр түрлі ендіктерде, әртүрлі жерлерде өмір сүреміз, демек, әр елдің табиғи жағдайлары мен климатының өзіндік ерекшеліктері бар. Көптеген елдерге табиғи апаттар үнемі қауіп төндіреді. Өкінішке орай, табиғи ресурстардың тапшылығы өзін барған сайын сезінуде. Сондықтан география, геология, энергетика және топырақтану сияқты ғылымдардың маңызы ерекше. Әр түрлі білім салаларындағы бұл ғылымдар қоғамды табиғи апаттардан сақтандыруға, адамзатқа күнделікті қажет энергия мен минералдардың баламалы көздерін табуға тырысады.

Қазіргі уақытта елдердің әл-ауқаты олардың ғылым саласының жағдайына тікелей байланысты. Менің ойымша, ғылыми зерттеулерге елеулі назар аударатын, ғылымды қажет ететін жаңа технологияларды табысты игеретін, бұл үшін жеткілікті қуатты қаржылық, ақпараттық, өндірістік, зияткерлік құралдарды ұсынатын елдер ғана қазіргі саяси-экономикалық жарыста көш бастап, әлемдік аренада жетекші орын алады. Қазіргі қоғамды ғылымсыз басқару мүмкін емес. Дамудың қазіргі кезеңінде ғылым қоғамның әлеуметтік құрылымын өзгертеді. Бүкіл әлемде ақыл-ой жұмысымен айналысатындар санының өсу және біліксіз физикалық еңбекпен айналысатындар санының азаюы байқалады.

Ғылым адамға тікелей білім арқылы әсер етеді. Ғылыми еңбектер мен жетістіктерді зерттеу балалардың дамуына, олардың білімді тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі білім беру үдерісінің негізінде әлемнің ғылыми көрінісі жатыр. Білім беру процесіне және білім беру құрылымын өзгертуге бағытталған әсер ететін ғылым оның барлық компоненттеріне қолданылады: мақсаттар, міндеттер, принциптер, формалар мен әдістер, құралдар, нәтижелер.

Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын білім беру жүйесінің арқасында да пайда болады. Білім мен ғылым саласындағы заманауи саясат жоғары білімді мамандар мен бакалаврлардың үлкен әлеуетін дайындауға және пайдалануға бағытталған. Ғылым әдетте әлем туралы, оның ішінде адамның өзі туралы объективті білімді өндіруге арналған жоғары мамандандырылған қызмет ретінде қарастырылады. Бірақ жемісі адамға қауіпті болуы мүмкін ғылыми зерттеулерді жүргізу әдепке сай ма?

Әрине, ғылым қоғам мәдениетінің маңызды нысандарының бірі, ал оның дамуы адамзат өмірінің барлық салаларын жаңартудың маңызды факторы болып табылады. Қазіргі ғылым адамның дүниетанымын қалыптастырады, техникалық прогреспен тығыз байланысты,

қоғамның даму болжамдарын құруға және бағдарламалар жасауға, адамзат алдында тұрған мәселелерді шешуге көмектеседі[3].

Әдебиеттер тізімі:

1.Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. — — № 2. — 34-б.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

3. Бұзаубақова К. “Жаңа ПЕД-технологияны меңгеру – міндет”. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005 ж.

УДК 159.9

Исакулов Г.А. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы ХКГУ (Алматы қ.)

Турганбай М. – магистрант ХКГУ (Алматы қ.)

КӘСІБИ КҮЙІП ҚАЛУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Аңдатпа: *Мақала жұмыс орнындағы ұзақ мерзімді стресстік әсерден туындайтын кәсіби күйіп қалу белгілерін талдауға арналған. Эмоционалды сарқылу, деперсонализация және кәсіби тиімділіктің төмендеуі сияқты негізгі белгілер қарастырылады. Күйіп қалудың психологиялық және мінез-құлық көріністері, сондай-ақ олардың адамның физикалық және психикалық денсаулығына әсері сипатталған.*

Түйінді сөздер: *күйіп қалу синдромы, эмоциялық күйіп қалу, психосоматикалық асқыну, физикалық шаршау, психовегетативті бұзылу*

Қазіргі уақытта күйіп қалу синдромы қоғамда да, кәсіби салада да жиі кездеседі. Әрине, әлеуметтік профиль мамандықтарының көптеген артықшылықтары бар. Әлеуметтік мамандықтар әр түрлі қызметпен айналысуға мүмкіндік береді, жеке өзін-өзі жүзеге асыруды және ой-өрісін үнемі кеңейтуді қамтамасыз етеді, осы саланың қызметкерлеріне дәрігерлер, педагогтар, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, тәрбиешілер және т. б. Алайда, әлеуметтік қатынастармен, яғни "адам-адам" қатынастар жүйесімен және мәселелердің тұрақты ағынын шешумен байланысты бола отырып, әлеуметтік мамандық психикалық, жүйке және физикалық күштердің сарқылуына әкелуі мүмкін, басқаша айтқанда, бұл себептердің біріне айналады, көбінесе әлеуметтік сала қызметкерлерінің күйіп қалу синдромының дамуының негізгі себебі.

Әдетте, күйіп қалу синдромы бар маман оның жеткілікті ауыр жағдайды дамытатынын түсінбейді. Ол тек шиеленісті, ішкі тітіркенуді, мазасыздықты және көмектесуге шақырылғандарға: клиенттерге, студенттерге, пациенттерге, келушілерге деген дұшпандықты сезінеді.

Күйіп қалу синдромының белгілері көбінесе неврастения белгілеріне ұқсайды. Адам созылмалы шаршауды сезінеді, өнімділігін жоғалтады, бас ауруын сезінеді, ұйқысыздық пайда болады, тәбеті төмендейді, темекіге, алкогольге, кофеге деген құштарлығы артады. Сонымен қатар, дәрменсіздік, үмітсіздік, апатия сезімі бар.

Сондай – ақ, сезімдердің бұлыңғырлығы бар-әсер етуі керек жағдайларға эмоционалды түрде жауап бергісі келмейді. Адамдарға деген жанашырлық сезімі жоғалады, антигуманистік

көзқарастар пайда болады. Басқа адамдарға көмектесуге болмайды деген ой пайда болады, өйткені өз күштері мен эмоцияларының қоры таусылған. Бірте-бірте сіздің жұмысыңызға және жұмыс кезінде кездесетін адамдарға деген теріс көзқарас дамиды. Олармен қарым-қатынас неғұрлым жеке, ресми және жансыз болады [1].

Бұл ауыр жағдайды бастан өткерген адам, әдетте, өз бойында болып жатқан оқиғаның себебін іздеуге қабылданады, өзінің жансыздығына және кәсіпқойлығына сенімді. Нәтижесінде өзіне деген наразылық артады, өзін-өзі бағалау төмендейді, көңіл-күй нашарлайды. Жағдай күрделене түседі, өйткені мұндай жағдайды талқылау әдеттегідей емес және олармен бетпе-бет келгендер басқалар мұндай жағдайды бастан өткермеген сияқты.

Күйіп қалу синдромын Кристина Маслачтың анықтамасында сипатталған үш симптом арқылы тануға болады:

1. Эмоционалды сарқылу. Қызметкер жұмыс туралы ойлағанда көңіл-күйді төмендетеді, созылмалы шаршау пайда болады, диффузды дене аурулары, ұйқының бұзылуы, ауруларға сезімталдығы артады.

2. Иесіздендіру-адамгершіліктен шығару. Клиенттерге және әріптестерге деген көзқарас теріс, тіпті циникке айналады, кінә сезімі пайда болады, адам автоматты түрде "жұмыс істеуді" таңдайды және жүктемелерден аулақ болады.

3. Өзіңіздің тиімсіздігіңізді сезіну. Адам танудың жетіспеушілігінен, сәттіліктен, сондай-ақ жағдайды бақылауды жоғалтудан зардап шегеді, үнемі өзінің дәрменсіздігін және оған қойылатын талаптардың шамадан тыс болуын сезінеді [2].

Біраз уақыттан кейін Дж. Сонек жоғарыда аталған үш симптомға тағы бір – өмірлік тұрақсыздықты қосты.

Дж. Сонек виртуалды тұрақсыздық белгілеріне депрессиялық көңіл-күй, депрессия, мазасыздық, үмітсіздік сезімі, қозғыштық, тығыздық сезімі және ашуланшақтық жатады.

Оның пікірінше, күйіп қалу синдромы денсаулыққа нақты қауіп төндіреді. Есірткіге тәуелділік пен депрессиямен қатар, бұл суицидтің ықтималдығын арттыратын фактор [3].

Е. Малер күйіп қалу синдромының он екі негізгі және қосымша белгілерін анықтады:

1. шаршау;
2. психосоматикалық асқынулар;
3. ұйқы мәселелері;
4. клиенттерге қатысты жағымсыз қарым-қатынас;
5. жұмысқа қатысты жағымсыз көзқарастар;
6. өзінің лауазымдық міндеттерін елемеу;
7. психостимуляторларды қабылдау (кофе, темекі, алкоголь, дәрілік препараттар);
8. тәбеттің төмендеуі немесе шамадан тыс тамақтану;
9. өзін-өзі бағалаудың төмендігі;
10. агрессивтілік;
11. белсенсіздік;
12. кінәлілік сезімі.

Күйіп қалу синдромының белгілерін физикалық, мінез-құлық және психологиялық деп бөлуге болады.

Физикалық белгілерге мыналар жатады: астенизация, жиі бас ауруы, ұйқысыздық, артық салмақ немесе жетіспеушілік, шаршау, шаршау сезімі, қоршаған орта көрсеткіштерінің өзгеруіне бейімділік, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы.

Психологиялық және мінез-құлық белгілеріне мыналар жатады: қаттылық; шешім қабылдай алмау; реніш сезімі; көңілсіздік сезімі; көңілсіздік, дәрменсіздік және үмітсіздік сезімі; мазасыздық сезімі; зерігу сезімі; жұмыс барған сайын күшейіп, орындау қабілеті төмендейді; жұмысшы жұмысқа ерте келеді және ұзақ уақыт қалады; ынта деңгейінің

төмендеуі; сенімсіздік; кінә сезімі; талап етілмеген сезім; өмірлік перспективаларға жалпы теріс көзқарас; алкоголь мен есірткіні теріс пайдалану оңай пайда болатын ашу сезімі; ашуланшақтық; күдік; клиенттерден, пациенттерден алыстау және әріптестерінен алыстауға ұмтылу; жауапкершіліктің жоғары сезімі [4].

Симптомдардың бес негізгі тобын бөліп көрсету күйіп қалу мәселесіне кеңірек көзқарас береді:

1) физикалық белгілер: шаршау, физикалық шаршау, шаршау; ұйқының жеткіліксіздігі, ұйқысыздық; дене салмағының жетіспеушілігі немесе артық болуы; тыныс алудың қиындауы, ентігу; жалпы әл-ауқаттың шағымдары; жүрек айну, бас айналу, шамадан тыс терлеу, дірілдеу; жоғары қан қысымы; жүрек аймағындағы ауырсыну;

2) эмоционалды белгілер: эмоционалдылық; цинизм; пессимизм, немқұрайлылық және шаршау; жұмыста және жеке өмірде ессіздік; агрессивтілік, ашуланшақтық; мазасыздық, шоғырланудың төмендеуі; кінә, депрессия; иесіздендіру, яғни айналасындағылар бет-әлпетсіз субъектілер ретінде қабылданады; жалғыздық сезімі;

3) мінез-құлық белгілері: жұмыс күні кезінде шаршау және демалуға деген ұмтылыс пайда болады; немқұрайлылық немесе тамаққа деген құштарлық; физикалық белсенділіктің болмауы; дәрі-дәрмектерді, темекіні, алкогольді жиі қолдану;

4) зияткерлік белгілері: кәсіби қызметтегі жаңа идеяларға қызығушылықтың төмендеуі; мәселелерді шешуде баламалы тәсілдерді іздеуге қызығушылықтың болмауы; инновацияларға немқұрайлылық; білім беру іс-шараларына, тренингтерге қатысудан бас тарту; жұмыс формальды түрде орындалады;

5) әлеуметтік симптомдар: әлеуметтік белсенділіктің болмауы; бос уақыт, хобби саласында қызығушылықтың жоғалуы; әлеуметтік байланыстар жұмыспен шектеледі; туыстарымен де, жақындарымен де, әріптестерімен де аз қарым-қатынас; оқшаулану; айналадағы адамдардың қолдауының жоқтығын сезіну [5].

Күйіп қалу синдромы немқұрайлылық, эмоционалды сарқылу, шаршау түрінде де көрінеді.

Күйіп қалу синдромы көбінесе апатиямен байланысты. Алайда, күйіп қалу синдромы жағдайындағы апатия нәтиже емес, бастаманы жоғалтудың себебі болып табылады.

Сондай-ақ, күйіп қалу синдромы көбінесе зеріктірумен байланысты. Күйіп қалу синдромында экзистенциалды вакуумның екі негізгі симптомы - бос және мағынасыз сезімдер болғандықтан, оны экзистенциалды вакуумның ерекше түрі деп атауға болады, онда сарқылу үлгісі басым болады.

ЭКҚ әсеріндегі адам клиенттердің жағдайына кіре алмайды, қатыса алмайды және жанашыр бола алмайды, қол тигізуге, ынталандыруға, интеллектуалды, ерікті және моральдық қайтарымды күшейтуге тиіс жағдайларға жауап бере алмайды.

Бұл күйіп қалу синдромынан басқа ештеңе емес, мұндай сезімдер болмаған және жеке адам олардың дамуын бастан өткерген соңғы өмірлік тәжірибе дәлелдейді. Бірте-бірте синдромның белгілері күшейіп, күрделі түрге ауысады, адам жағымды эмоцияларды аз сезінеді, көбінесе теріс әсерге ұшырайды.

Дөрекілік, ессіздік, айқындық, көңіл-күй, ашуланшақтық, реніш эмоционалды тапшылық симптомын толықтырады.

Эмоционалды отрядтың симптомы да бар. Адам эмоцияларды кәсіби қызмет саласынан толығымен алып тастайды. Маманға ештеңе мән бермейді, ештеңе эмоционалды жауап бермейді. Сонымен қатар, бұл эмоционалды саланың бастапқы ақауы емес, регидтіліктің белгісі емес, адамдарға қызмет көрсету жылдарында алынған эмоционалды қорғаныс. Адам біртіндеп жансыз автомат сияқты робот сияқты жұмыс істеу қабілетін дамытады. Сонымен қатар, басқа салаларда ол толық эмоциялармен өмір сүреді. Сезімсіз және эмоциясыз әрекет ету

күйіп қалудың ең айқын симптомы болып табылады. Бұл тұлғаның кәсіби деформациясын көрсетеді және қарым-қатынас субъектісіне зиян келтіреді.

Деперсонализация немесе жеке бөлімшелік қарым-қатынас процесінде адамның ақыл-ойы мен іс-әрекетінің кең ауқымында көрінеді. Кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде адамға қызығушылықтың ішінара немесе толық жоғалуы байқалады. Ол жансыз зат ретінде, манипуляция объектісі ретінде қабылданады.

Санкт-Петербургтің ауыр формаларын дамыта отырып, адам өзінің антигуманистік философиясын "жек көремін", "жек көремін", "машинаны және бәрін алар едім"деп қатты қорғайды. Мұндай жағдайларда ЭКҚ жеке тұлғаның психопатологиялық көріністерімен, неврозға ұқсас немесе психопатиялық жағдайлармен байланысты.

Психовегетативті және психосоматикалық бұзылулардың симптомы адамның физикалық және психикалық жағдайының деңгейінде көрінеді. Кәсіби қызметке қатысты барлық нәрсе маманның психикалық немесе соматикалық көрсеткіштерінде ауытқулардың пайда болуын тудырады. Кейде мұндай субъектілер туралы ой немесе олармен байланыс ұйқысыздықты, қорқыныш сезімін, жаман көңіл-күйді, тамырлы реакцияларды, созылмалы аурулардың өршуін, жүрек аймағындағы жағымсыз сезімдерді тудырады.

Реакциялардың эмоциялар деңгейінен психосоматика деңгейіне ауысуы эмоционалды қорғаныстың бір түрі ретінде күйіп қалу синдромы енді стрессті өз бетінше жеңе алмайтындығын және эмоциялар энергиясы жеке тұлғаның басқа ішкі жүйелері арасында қайта бөлінетіндігін көрсетеді. Осылайша дене өзін эмоционалды энергияның жойқын күшінен құтқарады.

Жану құрылымы динамикалық түзілуді білдіреді. Бұл дегеніміз, күйіп қалудың сандық және сапалық құрамы кәсіби қызметтің мазмұнымен анықталады.

Күйіп қалу синдромы шамадан тыс жүктеме немесе шамадан тыс талаптар аясында эмоционалды сарқылуға байланысты пайда болады. Бұл жағдайда сарқылу-бұл қызметтің тиімділігінің төмендеуіне байланысты өзін-өзі жоғалтудың және тіпті өзіне деген сенімділіктің толық жоғалуының себебі.

Бұл ретте ЭКҚ лауазымдық міндеттерге және жұмыста болып жатқан оқиғаларға немқұрайлылықпен, теріс көзқарастар түріндегі адамгершіліктен айырылумен, жұмысқа қанағаттанбаумен, өзінің кәсіби дәрменсіздігін сезінумен, сайып келгенде, өмір сапасының күрт нашарлауымен көрінеді.

Болашақта адамда психосоматикалық аурулар мен невротикалық бұзылулардың даму мүмкіндігі бар [6].

Әдебиеттер тізімі

1 Schaufeli, W.B., Leiter, M.P., Maslach, C. Burnout: 35 years research and practice / W.B. Schaufeli, M.P. Leiter, C. Maslach // Career Development International. – 2009. – Vol. 14, №3. – p. 204-220.

2 Котова, Е.В. Профилактика синдрома эмоционального выгорания. Учебное пособие / под. ред. А.П. Малаховой – Редакционно-издательский отдел КГПУ – Красноярск, 2013 г. – с. 4-71.

3 Салогуб, А.М. Структура и содержание синдрома эмоционального выгорания в исследованиях зарубежных и отечественных ученых /А.М. Салогуб // Молодой ученый №5 – 2014 г. – с. 459-461.

4 Сапего, Е.И. Влияние типа организационной культуры образовательного учреждения на уровень профессиональной деформации педагогов /Е.И. Сапего // Образование и наука №10 – 2015 г. – с. 129.

5 Скугаревская, М.М. Диагностика, профилактика и терапия синдрома эмоционального выгорания /М.М. Скугаревская// Белоруссия, 2003 г. – с. 17-28.
6 Стебловская, А.В. Теоретическое представление понятия «Синдром эмоционального выгорания» в психолого-педагогической литературе /А.В. Стебловская // ИСОМ №S1 – 2017 г. – с. 226.

ӘОЖ 512.13

Елекешова К. А. - Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті, 2-курс магистрант (Тараз)
Медет З. Е. Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті, 2-курс магистрант (Тараз)

ИРРАЦИОНАЛ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа: *Рационал теңсіздіктердің эквивалентті жүйесіне немесе жиынына келтіру әдісі. Иррационал теңсіздіктерді шешудің негізгі әдісі бастапқы теңсіздікті оған эквивалентті рационал теңсіздіктердің жүйесіне немесе жиынына келтіру болып табылады .* ***Түйінді сөздер:*** *иррационалдық, философия, мәдениет, миф, болмыс, постмодернизм, сана.*

Ең қарапайым иррационал теңсіздіктер мына түрде болады:

1) $\sqrt{A(x)}<B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)}\le B(x)$;

2) $\sqrt{A(x)}>B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)}\ge B(x)$;

3) $\sqrt{A(x)}>\sqrt{B(x)}$ немесе $\sqrt{A(x)}\ge\sqrt{B(x)}$

$\sqrt{A(x)}<B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)}\le B(x)$ теңсіздігі

$$\begin{cases} A(x)<B^2(x) \\ A(x)\ge 0 \end{cases} \quad \text{немесе} \quad \begin{cases} A(x)\le B^2(x) \\ A(x)\ge 0 \end{cases} \qquad (1)$$

теңсіздіктер жүйесіне эквивалентті.

(1) жүйедегі бірінші теңсіздік бастапқы теңсіздікті дәрежелеу нәтижесі болып табылады, екінші теңсіздік бастапқы теңсіздіктегі түбірдің бар болуының шарты, ал үшінші теңсіздік бұл теңсіздікті квадраттау шарты болып табылады.

$\sqrt{A(x)}>B(x)$ немесе $\sqrt{A(x)}\geq B(x)$ иррационал теңсіздігі мына екі теңсіздіктер жүйесінің жиынына эквивалентті:



немесе (2)

(2) схаманың бірінші жүйесін қарастырайық. Бұл жүйенің бірінші теңсіздігі бастапқы теңсіздікті квадраттау нәтижесі, екіншісі осы квадраттау мүмкін болатын шарт.

(2) схеманың екінші жүйесі оң жақ бөлігі теріс және квадраттау мүмкін емес болатын жағдайға сәйкес келеді. Алайда оның қажеті жоқ: бастапқы теңсіздіктің сол жақ бөлігі – арифметикалық түбір – ол анықталған x-тің барлық мәндерінде теріс емес. Сондықтан бастапқы теңсіздік оның сол жақ бөлігі бар болған барлық x-тер үшін орындалады. Екінші жүйенің бірінші теңсіздігі сол жақ бөлігінің бар болуының шарты.

$\sqrt{A(x)}>\sqrt{B(x)}$ немесе $\sqrt{A(x)}\geq\sqrt{B(x)}$ иррационал теңсіздігі

немесе (3)

теңсіздіктер жүйесіне эквивалентті.

Бастапқы теңсіздіктің екі бөлігі де олардың анықталған барлық x-тері үшін теріс емес болғандықтан, оны квадраттауға болады. (3) жүйенің бірінші теңсіздігі бастапқы теңсіздікті дәрежелеу нәтижесі. Екінші теңсіздік бастапқы теңсіздіктің түбірінің бар болу шарты. $A(x)\geq 0$ теңсіздігі автоматты түрде орындалатыны түсінікті.

(1) – (3) схемалар иррационал теңсіздіктерді шешудегі негізгі құралымыз. Кез келген есепті шығару осы схемаларға келтіріледі. Бірнеше мысал қарастырайық .[16]

мысал $\sqrt{10x+5}<-3$ теңсіздігі берілген.

Шешуі. Бұл теңсіздіктің оң жақ бөлігі теріс, ал оның сол жағы барлық x үшін теріс емес. Сондықтан теңсіздіктің шешімі жоқ.

Жауабы: шешімі жоқ

мысал $\sqrt{3x-9}>-5$

Шешуі. Алдыңғы мысалдағыдай, бұл теңсіздіктің де оң жағы теріс, ал сол жағы барлық x үшін теріс емес. Бұл берілген теңсіздіктің сол жағы $x \geq 3$ шартын қанағаттандыратын барлық x мәндері үшін оң жақ бөлігінен үлкен болады деген сөз.

Жауабы: $x \in [3;+\infty)$.

66-мысал $\sqrt{2x-3}<1$ теңсіздігі берілген.

Шешуі. Бұл тіпті теңсіздіктерді шешудің (1) схемасына сәйкес берілген теңсіздікке эквивалентті тационал теңсіздіктер жүйесіне келтіреміз:

$$\begin{cases} 2x-3<1^2 \\ \end{cases}$$

$B(x)=1 \geq 0$ шарты барлық x -тер үшін орындалады және оны жазылған жүйеге қосудың қажеті жоқ.

Жауабы: $[\frac{3}{2};2)$.

мысал $\sqrt{x^2+x-2}>x$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі. Бұл теңсіздікті (2) схема көмегімен шешуге болады. Ол екі жүйенің эквивалентті:

$$\left[\begin{array}{l} \begin{cases} x<0, \\ \end{cases} \\ \begin{cases} x<0, \\ \end{cases} \end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l} x \leq -2, \\ x>2. \end{array}\right.$$

Жауабы: $x \in (-\infty;-2] \cup (2;+\infty)$

70-мысал $\sqrt{2x+1}>\sqrt{2-3x}$

Шешуі. (3) схемаға сәйкес бұл теңсіздік

$$\begin{cases} 2x+1>2-3x, \\ \end{cases} \Leftrightarrow \frac{1}{5}<x \leq \frac{2}{3}.$$

жүйесіне эквивалентті.

Жауабы: $\frac{1}{5}<x\le\frac{2}{3}$.

$$\sqrt{A(x)}+\sqrt{B(x)}<C(x)$$

түріндегі иррационал теңсіздіктерді шешуді қарастырайық.

$\sqrt{A(x)}\ge 0,\ \sqrt{B(x)}\ge 0$ болғандықтан, $A(x)\ge 0,\ B(x)\ge 0,$ $\sqrt{B(x)}<C(x)$ шарттары (сәйкесінше $\sqrt{A(x)}<C(x)$) орындалады. Осы шарттар орындалатын жиында бұл теңсіздік

$$A(x)<(C(x)-\sqrt{B(x)})^2$$

теңсіздігіне (сәйкесінше $B(x)<(C(x)-\sqrt{A(x)})^2$) эквивалентті, ал соңғы теңсіздік жоғарыда талқыланған теңсіздіктер типтеріне келтіріледі .

мысал $\sqrt{x}+\sqrt{x+7}<6$ теңсіздігін шешіңіздер.

Шешуі. Бұл теңсіздік келесі теңсіздіктер жүйесіне эквивалентті:

$$\left[\begin{array}{l}x\ge 0,\\ x+7\ge 0,\\ \sqrt{x}<6,\end{array}\right. \Leftrightarrow \left[\begin{array}{l}x\ge 0,\\ x\ge -7,\\ x<36,\end{array}\right. \Leftrightarrow 0\le x<36, \Leftrightarrow 0\le x<36,$$

Бастапқы теңсіздіктің шешімі барлық теңсіздіктер жүйесі шешімдерінің жалпы бөлігі болып табылады, яғни $[0;\frac{841}{144})$ түрінде болады.

Жауабы: $x\in[0;\frac{841}{144})$

Енді стандартты жағдайларға келтіре отырып, жоғарыда қарастырылған қарапайым теңсіздіктерге көше отырып күрделі есептерді шешуге көшеміз. Бұл иррационал теңдеулерде қолданылған әдістерге ұқсайды.

Егер теңсіздік құрамында екі квадрат түбір бар болса, әдетте теңсіздікті екі рет квадраттайды және осы әрекетке қажетті шарттарды қамтамасыз етеді. [7]

мысал $\sqrt{2x+3}-\sqrt{x-2}>2$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі: Теңсіздіктің екі бөлігі де теріс емес болуы үшін екінші радикалды оның оң жағына өткіземіз және квадраттаймыз: $\sqrt{2x+3}>\sqrt{x-2}+2\Leftrightarrow 2x+3>x-2+4\sqrt{x-2}+4\Leftrightarrow x+1>4\sqrt{x-2}$. Осыл ай біз қарапайым стандарт теңсіздікке келдік, ол (1) схемаға сәйкес келесі жүйеге эквивалентті:

$$\begin{cases} x-2\geq 0, \\ x+1>0, \\ x+1>4\sqrt{x-2}. \end{cases}$$

Жауабы: $x\in(2;3]\cup(11;+\infty)$

Ескерту. $x+1>4\sqrt{x-2}$ теңсіздігін алған кезде біз белгісіздің мүмкін мәндерін жазып алмадық, себебі онда $x\geq 2$ болғанда орындалатын $\sqrt{x-2}$ бар болатын, бірақ x-тің бұл мәндерінде $\sqrt{2x+3}$ түбірі де бар.

мысал $\dfrac{\sqrt{x^2-25}}{x+6}<1$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі: Белгісіздің мүмкін мәндерін іздеуден бастаймыз:

$$\begin{cases} x^2-25\geq 0, \\ x+6>0, \\ x+6\neq 1. \end{cases}$$

Радикалдан құтылу үшін берілген теңсіздікті квадраттасақ жеткілікті екенін ескереміз. Алайда ол үшін оның екі бөлігі де теріс емес болуы керек, бұл $x+6>0$ (себебі теңсіздік құрамындағы қалған барлық өрнектер теріс емес) шарты орындалғанда ғана орындалады. Алайда бұл жағдайда берілген теңсіздікті $x+6$ оң өрнегіне көбейтуге де болады.

Сонымен, егер $x>-6$ болса, берілген теңсіздік түрленеді де былай шешіледі:

$$\begin{cases} \left[\begin{array}{l} -6<x\leq -5, \\ x\geq 5, \end{array}\right. \\ x+6>0. \end{cases}$$

$x<-6$ болған жағдайда берілген теңсіздік орындалады, себебі оның теріс сол жақ бөлігі, оң таңбалы оң жақ бөлігінен кіші болады.

Жауабы: $x\in(-\infty;-6)\cup\left(-\frac{61}{12};-5\right)\cup[5;+\infty)$

Ескерту. Соңғы есепті шығару кезінде біз (1) және (2) схемалардан оңай қорытылып шығарылатын жаңа схемаларды құрдық:

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)}>1\Leftrightarrow ¿\left\{B(x)>0,¿¿¿\right. \tag{4}$$

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)}\geq 1\Leftrightarrow ¿\left\{B(x)>0,¿¿¿\right.$$

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)}<1\Leftrightarrow ¿\left[\begin{array}{l}¿\\¿\end{array}\right.\left\{B(x)>0,¿¿¿¿\right. \tag{5}$$

$$\frac{\sqrt{A(x)}}{B(x)}\leq 1\Leftrightarrow ¿\left[\begin{array}{l}¿\\¿\end{array}\right.\left\{B(x)>0,¿¿¿¿\right.$$

Егер осындай теңсіздіктің оң жағында бір саны емес, нөлден өзгеше кез келген сан тұрса, әрине теңсіздіктің екі бөлігін де осы санға бөліп, (4) немесе (5) схемалардағы теңсіздіктерге өтуге болады. [10]

2 Теңсіздіктің екі бөлігін де функцияға көбейту әдістемесі

$\alpha\sqrt{a}-\beta\sqrt{b}$ және $\alpha\sqrt{a}+\beta\sqrt{b}$ өрнектері бір-біріне түйіндес өрнектер деп аталады. Олардың көбейтіндісі $\alpha^2 a-\beta^2 b$ өрнегінің құрамында a мен b -ның түбірлері жоқ екенін байқаймыз. Сондықтан бірқатар есептерде өте күрделі өрнектерге алып келетін квадраттаудың орнына теңсіздіктің екі бөлігін де оның бір бөлігінің түйіндес өрнегіне көбейткен дұрыс. [18]

мысал $\sqrt{5x+1}-\sqrt{x+3}<2x-1$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі: Мүмкін мәндер облысын табамыз:

$\begin{cases} 5x+1 \geq 0, \\ \dots \end{cases}$

Берілген теңсіздіктің екі бөлігін де оның сол жақ бөлігінің түйіндесіне көбейтіп аламыз:

$$(5x+1)-(x+3)<(2x-1)\left(\sqrt{5x+1}+\sqrt{x+3}\right) \Leftrightarrow 2(2x-1)<(2x-1)\left(\sqrt{5x+1}+\sqrt{x+3}\right).$$

әрі қарай шешу алынған теңсіздіктің оң және сол жақ бөліктерінің $(2x-1)$ ортақ көбейткішінің таңбасына байланысты.

Егер ол нольден кіші, яғни $-\frac{1}{5} \leq x < \frac{1}{2}$ болса, онда осы теріс көбейткішке қысқартып,

$$\sqrt{5x+1}+\sqrt{x+3}<2$$

теңсіздігіне өтеміз, одан тікелей квадраттай отырып (бұл теңсіздіктің екі бөлігі де оң болғандықтан) $-\frac{1}{5} \leq x < \frac{4-\sqrt{19}}{2}$ табамыз. Екінші жағдайда, егер ортақ көбейткіш оң болса, (яғни $x > \frac{1}{2}$) оған қысқарта отырып

$$\sqrt{5x+1}+\sqrt{x+3}>2$$

теңсіздігін аламыз. Алынған теңсіздікті квадраттап, ол $x > \frac{1}{2}$ болғанда орындалатынын көреміз.

Енді мүмкін болатын үшінші жағдайда – егер ортақ көбейткіш нольге тең болса, теңсіздік орындалмайтынын: $0 > 0$ болатынын, мұның дұрыс емес екенін көрсетсек жеткілікті.

$$x \in \left[-\frac{1}{5}; \frac{4-\sqrt{19}}{2}\right) \cup \left(\frac{1}{2}; +\infty\right).$$

Жауабы:

3 Жаңа айнымалы енгізу әдісі

Иррационал теңсіздіктерді шешу үшін иррационал теңдеулердегідей жаңа айнымалы енгізу әдісін пайдалануға болады.

Кейде теңсіздік құрамындағы иррационал функцияны айнымалыға қатысты теңсіздік рационал теңсіздікке айналатындай етіп жаңа айнымалыға ауыстыруға болады.

мысал $-9\sqrt[4]{x}+\sqrt{x}+18\geq 0$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі. Бастапқы теңдеуді $-9\sqrt[4]{x}+(\sqrt[4]{x})^2+18\geq 0$ түрінде жазып аламыз. Енді $t=\sqrt[4]{x},\ x\geq 0$ ауыстыруын жасаймыз. Сонда

$$\begin{cases} -9t+t^2+18\geq 0, \\ \end{cases}$$

Осылайша, *x*-ті анықтау үшін теңсіздіктер жиынын аламыз:

$$\begin{cases} \sqrt[4]{x}\geq 6 \\ \end{cases}$$

Жауабы: $x\in[0;81]\cup[1296;+\infty)$

мысал $\frac{3-x}{\sqrt{15-x}}<1$ теңсіздігін шешіңіздер.

Шешуі. $\sqrt{15-x}=t,\ t>0$ жаңа айнымалыны енгіземіз.

Сонда $x=15-t^2$ болады және t айнымалысы үшін рационал теңсіздігін аламыз.

$$\begin{cases} \frac{3-(15-t^2)}{t}<1 \\ \end{cases}\Leftrightarrow \begin{cases} \frac{t^2-t-12}{t}<0 \\ \end{cases}\Leftrightarrow \begin{cases} \frac{(t-4)(t-3)}{t} \\ \end{cases}$$

Енді кері ауысып, *x*-ті табамыз:

$0<\sqrt{15-x}<4\Leftrightarrow 0<15-x<16\Leftrightarrow -1<x<15$

Жауабы: $x\in(-1;\ 15)$.[20]

4 Иррационал теңсіздіктерді олардың құрамына кіретін функциялардың қасиеттерін пайдалана отырып шешу

а) Функцияның монотондылығын пайдалану

$(a;b)$ аралығында $y=f(x)$ өспелі функциясы берілсін және $f(x)<c$ (немесе $f(x)>c$) теңсіздігін шешу қажет болсын. Егер x_0 - теңдеудің түбірі $y=f(x)$ теңдеуінің түбірі және $a<x_0<b$ аралығында жатса, онда берілген теңсіздіктің шешімі бүкіл $(a;x_0)$ аралығы (сәйкесінше (x_0,b) аралығы) болады. Түбірдің жалғыздығы f функциясының монотондылығынан шығады. Егер қатаң емес теңсіздікті шешу қажет болса, онда дәл осы тұжырым бойынша жауапқа $f(x_0)$ саны да енеді, ал егер функция тұйық немесе жартылай ашық аралықта берілсе, жауапқа тиісті аралықтар кіреді.

мысал $\sqrt{3x+1}+\sqrt{x-1}<6$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі. Бұл теңсіздіктің сол жақ бөлігі - өспелі функция (оны $f(x)$ арқылы белгілейміз). $x=5$ болғанда оның оң жағы сол жағына тең болып шығады. Бастапқы теңсіздіктің мүмкін мәндер облысын $(x\geq 1)$ ескере отырып, оны $-1\leq x<5$ аралығында қарастырамыз.

$f(x)<f(x)=6,$ яғни берілген теңсіздік орындалады. $x\geq 5$ болғанда дәл сол себепке байланысты (f функциясының өспелі болуынан) $f(5)\leq f(x),$ яғни берілген теңсіздік орындалмайды. Зерттеу *x*-тің барлық мүмкін мәндері үшін жүргізілгендіктен, шешу аяқталды.

Жауабы: $x\in[1;5)$

б) Мүмкін мәндер облысын пайдалану

мысал $\log_5 x<\sqrt{1-x^4}$ теңсіздігін шешімін тап.

Шешуі. Бұл теңсіздіктің мүмкін мәндер жиыны $0<x\leq 1$ шартын қанағаттандыратын барлық *x*-тер. $x=1$ берілген теңсіздіктің шешімі бола алмайтыны белгілі. $0<x<1$ аралығындағы x үшін $\log_5 x<0,$ ал $\sqrt{1-x^4}>0.$ Демек $0<x<1$ аралығында жатқан барлық *x* берілген теңсіздіктің шешімдері болады.

Жауабы: $x\in(0;1)$

мысал $\sqrt{x+3}+\sqrt[4]{9-x}<\sqrt{3}.$

Шешуі. Бұл теңсіздіктің мүмкін мәндер облысы $-3\leq x\leq 9$ аралығында жатқан *x*-тердің барлығы. Бұл жиынды екі аралыққа бөлейік: $-3\leq x\leq 0$ және $0\leq x\leq 9$.

$-3 \le x \le 0$ аралығындағы x үшін $\sqrt{x+3} \ge 0$, $\sqrt[4]{9-x} \ge \sqrt[4]{9} = \sqrt{3}$

Демек, осы аралықта $\sqrt{x+3} + \sqrt[4]{9-x} \ge \sqrt{3}$, сондықтан бұл аралықта бастапқы теңсіздіктің шешімі болмайды. Енді x $0 \le x \le 9$ аралығына тиісті болсын, онда $\sqrt{x+3} > \sqrt{3}$ және $\sqrt[4]{9-x} \ge 0$. Демек, бұл x-тер үшін $\sqrt{x+3} + \sqrt[4]{9-x} > \sqrt{3}$ және бұл аралықта да бастапқы теңсіздіктің шешімі жоқ.

Жауабы: түбірі жоқ [6]

в) Функциялардың графиктерін пайдалану

мысал $\sqrt{1-x^2} < \sqrt[8]{5-x}$ теңсіздігін шешіңіздер.

Шешуі. Бұл теңсіздіктің мүмкін мәндер облысы $[-1;1]$ аралығындағы x-тің барлығы. $f(x) = \sqrt{1-x^2}$ және $g(x) = \sqrt[8]{5-x}$ функцияларының графиктерінің эскиздері 3 –



3-сурет

суретте көрсетілген.

Суреттен мүмкін мәндер облысындағы барлық x үшін берілген теңсіздік орындалатынын байқаймыз. Осыны дәлелдейік $[-1;1]$ аралығындағы әрбір x үшін $0 \le f(x) \le 1$, ал осындай әрбір x үшін $\sqrt[8]{5-x} \ge \sqrt[8]{4} > 1$. Демек, әрбір $x \in [-1;1]$ $f(x) \le 1 < g(x)$. Демек, бастапқы теңсіздіктің шешімі $[-1;1]$ аралығындағы барлық x болады.

Жауабы $x \in [-1;1]$.[17]

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай жұмыс қаралынды:

1) иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің әдістемесін айқындау мақсатында қолданыстағы алгебра және математикалық талдау бастамалары оқулықтарын талдап, сараланды. Жасалынған анализ бойынша мынадай нәтиже алынды.

• Орта мектептерде иррационал теңдеулерді шешу әдіс-тәсілдеріне айтарлықтай көңіл бөлінбеген, көбінесе мектеп оқушыларына иррационал теңдеулер мен теңсіздіктердің оңай түрдегі есептер көрсетіліп оқытылады;

• Мектеп бағдарламасында оқытылатын оқулықтарда иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерге байланысты материалдар аз және де көп оқулықтарда иррационал теңдеулер мен теңсіздіктердің мынадай шешу әдіс – тәсілдері қарастырылған: теңдеудің екі жағын бірдей дәрежеге шығару, жаңа айнымалына енгізу және де теңдеулерді эквивалентті түрлендірулер арқылы шешу болып табылады;

• Көп оқулықтарда бір түрдегі есептер қарастырылған;

2) Бұл тақырыпқа байланысты көптеген оқулықтар қаралынды.

3) Иррационал теңдеулер мен теңсіздіктердің негізгі әдіс – тәсілдеріне байланысты мысалдар қарастырылынды.

4) Теңдеулер мен теңсіздіктердің эквивалентілігімен түрлендірулердің эквивалентілігімен және иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерімен байланысты теориялық материал жинақталынды;

5) әртүрлі иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің негізгі әдістері мен тәсілдері қарастырылды

6) Теориялық материалдарға байланысты арнайы иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерге есептердің шешу мысалдары таңдап алынды;

7) Жолдары

Бұл жұмыста мектеп бағдарламасына қарастырылмаған, яғни иррационал теңдеулерді рационалдау тәсілі арқылы шешу жолдары қарастырылған. Бұл тәсіл иррационал теңдеулерді шешудің рационал ауыстыруларды қолдануға негізделген тәсіл болып табылады. Құрамында радикалдары бар кейбір өрнектерді радикалдаушы ауыстырулар көмегімен рационалдауды және осы ауыстыруларды иррационал теңдеулерді шешу кезінде қолдануды қарастырылды. Сонымен қатар бұл тақырыпта иррационал теңдеулер мен теңсідіктерді шешудің әр түрлі әдіс тәсілдерін, соның ішінде мектеп оқулықтарында қарастырылмаған әдістер қарастырылып, зеретелінді.

Әдебиеттер тізімі

1 Қайдасов, Ж. Мектеп математика курсы бойынша есеп шығару практикумы. (1-бөлім. Алгебра) : оқу құралы / Ж. Қайдасов. - Алматы : Отан, 2021. - 192 б.

2 Қағазбаева, Ә. К. Оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту : оқу-әдістемелік құрал / Ә. К.Қағазбаева. - Алматы : Отан, 2021. - 92 б.

3 Қасқатаева, Б. Р. Шығыс математикасының тарихы : оқу құралы / Б. Р. Қасқатаева. - Алматы : Отан, 2021. - 105 б

4 Степаненко, Е. В. Математика. Вводный курс: учебное пособие / Е. В.Степаненко, И. Т. Степаненко, Т. В. Губанова. - 6-е изд., стереотип. - М. : Флинта, 2020. - 104 с.

5 ЕГЭ-2013: Математика : самое полное издание типовых вариантов заданий / сост. И. В. Ященко ; ред. А. Л. Семенова.- М. : АСТ, 2013.- 123 с

6 Қайдасов, Ж. Мектеп математика курсы бойынша есеп шығару практикумы. (1-бөлім. Алгебра): оқу құралы / Ж. Қайдасов. - Алматы : Отан баспасы, 2018. - 192 б

7 Алдамуратова, Т. А. Математика. В двух частях. Ч.1. : учеб. для 6 кл. общеобразоват. шк. / Т. А. Алдамұратова, К. С. Байшоланова, Е. С. Байшоланов. - Алматы : Атамұра, 2018. - 208 с

8 В мире занимательной математики : учебное пособие / сост. Л. С. Дементьева. - Волгоград : Учитель, 2011. - 79 с.

ӘОЖ 517.95

Нүрсейт С. Ү.- атындағы Халықаралық Тараз университеті, 2 курс магистранты
Медет З. Е.- атындағы Халықаралық Тараз университеті, 2 курс магистранты
Шерхан М.- атындағы Халықаралық Тараз университеті, 2 курс магистранты

ГАРМОНИКАЛЫҚ ТЕРБЕЛІСТІҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРІ

